



«Самұрық-Қазына» АҚ 2013 жылдың бірінші
жарты жылдығы ішіндегі қаржылық есептілігінің
егжей-тегжейлі талдамасы

Астана, 2013 жыл

МАЗМҰНЫ

	Беті
I. Қор тобына шолу.....	3
II. Операциялық қызметтің нәтижелері және күрделі шығындар.....	5
1. Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер.....	5
2. ЕДБ-сіз шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер.....	10
3. Сегменттер бөлінісіндегі қаржылық көрсеткіштер және күрделі шығындар.....	15
3.1 «Мұнай-газ» сегменті	17
3.2 «Тау-кен өнеркәсіп» сегменті.....	24
3.3 «Тасымалдау» сегменті.....	30
3.4 «Энергетика» сегменті.....	38
3.5 «Телекоммуникация» сегменті	46
3.6 «Қаржы және даму институттары» сегменті.....	52
3.7 «Корпоративтік орталық және жобалар» сегменті.....	56
III.Өтімділік	59
1. Ақша қаражатының қозғалысын талдау	59
2. Қаржылық тұрақтылықты талдау	61

«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) қаржылық есептілігінің егжей-тегжейлі талдамасы Қордың 2013 жылдың бірінші жарты жылдығы ішіндегі аудиттелген шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне қосымша дайындалды.

Талдама шоғырландырылған қаржылық есептілікті қосымша ақпаратпен ашу, қызметтің ашықтығын арттыру, Қор тобының есепті кезеңдегі қаржылық жағдайын және қызметінің нәтижелерін түсіну мақсатында әзірленді.

Талдауда пайдаланылатын терминдер «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы №550-IV Заңына (жаңа редакцияда) сәйкес:

Ұлттық әл-ауқат қоры - ұлттық басқарушы холдинг.

Компаниялар – ұлттық даму институттары, ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тиесілі басқа да заңды тұлғалар.

Қордың тобы – Қор, компаниялар, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы компанияларға тиесілі олардың еншілес ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы компаниялардың көрсетілген еншілес ұйымдарына тиесілі, осы Заңмен өздеріне қатысты арнаулы құқықтық жағдай белгіленетін заңды тұлғалар (бұдан әрі – Қордың тобы).

Бұл ретте Қордың тобына:

- кепілге салынған акцияларын (қатысу үлестерін) сату жөніндегі сауда-саттық Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) азаматтық заңнамасына сәйкес өткізілмеді деп жарияланған кезде акциялары (қатысу үлестері) Қордың тобына кіретін банктің меншігіне келіп түскен заңды тұлғалар;
- банк кредиторларының мүдделерін қорғау және ҚР банк жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында акциялары ҚР заңнамасына сәйкес ҚР Үкіметінің шешімі бойынша Қордың меншігіне келіп түскен банктер кірмейді.

I. Қор тобына шолу

Қор «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі және тұрақтылығы жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамын біріктіру жолымен құрылды.

Қор тобының қызметі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңымен, сондай-ақ Салық кодексімен, Бюджет кодексімен, салалық заңдармен, мемлекеттік мүлік туралы, акционерлік қоғамдар туралы ҚР заңдарымен және уәкілетті мемлекеттік органдардың жекелеген нормативтік актілерімен реттеледі. Бұдан басқа, жекелеген компаниялардың қызметтер, жұмыстар және тауарлар ұсынуы табиғи монополиялар және бәсекелестікті қорғау туралы заңдармен реттеледі.

Қордың 2012-2022 жылдарға арналған даму стратегиясы ҚР Үкіметінің 14 қыркүйектегі №1202 қаулысымен бекітілген. Еншілес ұйымдардың көпшілігі өздерінің даму стратегияларын Қордың стратегиясымен сәйкес келтірді.

Қордың миссиясы Қордың тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту және Қордың тобына кіретін активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру болып табылады.

Миссияны іске асыру үшін Қор үш стратегиялық бағыт бойынша әрекет етеді:

1. Компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыру;
2. Ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға қатысу;
3. Әлеуметтік жауапкершілік.

Қордың Жалғыз акционері ҚР Үкіметі болып табылады. Қордың Директорлар кеңесі жалғыз акционер сайлайтын төрағадан және мүшелерден тұрады. ҚР Премьер-Министрі лауазымы бойынша Қор директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

Қордың директорлар кеңесінің құрамы ҚР Үкіметі мүшелерінің арасынан, Қордың басқарма төрағасынан, тәуелсіз директорлардан және өзге де тұлғалардан қалыптастырылады. Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қордың жарғысымен айқындалады, бұл ретте тәуелсіз директорлардың саны директорлар кеңесі сандық құрамының бестен екі бөлігінен кем болмауға тиіс.

Қор тобының құрылымына мұнай-газ, электр энергетикасы, көлік, телекоммуникация және басқаларды қоса алғанда, экономиканың негізгі секторларының компаниялары кіреді.

Қор тобының құрылымына 652 компания, оның ішінде «Самұрық-Қазына» корпоративтік орталығы, барлық деңгейлердегі 401 еншілес ұйымдар (бұдан әрі – ЕҰ) және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кірмейтін заңды тұлғаларды және банкротті қоса алғанда, 250 қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын ұйымдар кіреді.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ «Қазцинк» ЖШС-дағы үлесті сатып алуымен еншілес ұйымдары санының ұлғаюына байланысты 2012 жылмен салыстырғанда 33 компанияға артты.

Қордың қаржылық есептілігін шоғырландыру кезінде ЕҰ мынадай сегменттер бойынша топталады:

- Мұнай-газ
- Тау-кен өнеркәсібі
- Тасымалдау
- Телекоммуникациялар
- Энергетика
- Қаржы институттары және даму институттары
- Корпоративтік орталық және жобалар.

2013 жылғы 30 маусымдағы шоғырландырылған қаржылық есептілікке 31 еншілес ұйым кірді. 2012 жылмен салыстырғанда шоғырландыруға енгізілген еншілес ұйымдардың саны («Қазақстан Даму банкі» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ және «КазЭкспортГарант» Экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ жүз пайыздық акциялар пакеттерінің «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға сенімгерлікпен басқаруға, «СҚ-Фармация» ЖШС – республикалық меншікке берілуіне, сондай-ақ «Досжан темір жолы» АҚ-ның «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ республикалық меншікке берілуіне байланысты шығарылуына байланысты азайды.

Қордың тобы мемлекеттік мүлік туралы заңға және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес өз қызметін Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында, Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – ҰИИДМБ), темір жол саласы, энергетика, мұнай-газ секторы және т.б. саласындағы даму бағдарламаларында белгіленген елдің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағыттайды.

Қор тобының 2013 жылдың бірінші жарты жылдығы ішіндегі қызметіне мынадай макроэкономикалық көрсеткіштер де әсер етті.

Атауы	2013 ж. 1 жарты жылдығы бағалау	2013 ж. 1 жарты жылдығы іс жүзінде	Өзгеріс, %-бен
ЖІӨ нақты өсімі, %	105,1	105,6	-0,8
Кезеңнің аяғындағы инфляция, %	2,7	2,7	0
Теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы	150,9	149,4	1,0
Мұнайдың әлемдік бағасы Brent, есепті кезеңде орта есеппен АҚШ доллары/баррель	107,5	113,3	-5,1

Қор тобының ҚР Үкіметімен өзара іс-қимылы Қор қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады, ол ҚР Үкіметі функцияларының Қорға қатысуы бойынша әр алуан сипатына байланысты: акционер, тарифтік реттеуші, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды үйлестіруші.

ҚЕХС-ке сәйкес Қордың қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сай 2013 жылдың 1-жарты жылдығы ішінде есепті кезеңде Акционерге өзге де бөлу 1,8 млрд. теңгені құрады, оның ішінде:

1) ҚР Үкіметінің өкімі бойынша әлеуметтік, мәдени-көпшілік және спорт іс-шараларын, атап айтқанда, «Ұлттық Олимпиада комитетін» Лондон қаласындағы XXX Олимпиада ойындарының жеңімпаздары үшін тұрғын үй сатып алуды қаржыландыру үшін; «Нұрлы Астана» КҚ-ға ЕХРО-2017 көрмесін халықаралық позициялау және ілгерілету жөніндегі іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету үшін; «Рауан Медиа Групп» АҚ және «Нұр-Медиа» ЖШС-ға «Халықтық IPO» бағдарламасына қатысу шарттары мен тәртібін түсіндіру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру үшін; «Рухани бірлік қоры» КҚ мен «Назарбаев Университет» ДБҰ қаржылық қамтамасыз ету үшін; «Спорттық жекпе-жек және спорттың күштік түрлері конфедерациясы» ЗТҰ-ға Алматы облысында ауыр атлеттер үшін мамандандырылған спорт-жаттығу базасын салу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру үшін 7,9 млрд. теңге сомасында демеушілік көмек көрсетілді.

2) Тарих мұражайын салуға жұмсалатын шығындарға қатысты резерв 3,8 млрд. теңге сомасында ұлғайды;

3) Мұнай-газ және энергетика салаларын дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2013 жылғы 27 маусымдағы шешіміне сәйкес 2012 жылы танылған Солтүстік-Каспий мұнай төгілімдеріне ден қою экологиялық базасын ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің қарауына беру жөніндегі міндеттеме – Акционерге 13,5 млрд. теңге мөлшерінде бөлу сторнирланды.

Қордың еншілес ұйымдар арқылы жүзеге асырылатын инвестициялық бағдарламасы жалпы құны 7,9 трлн. теңге 89 ірі инвестициялық жобаларды қамтиды, олардың кейбіреулері қазіргі кезде аяқталған, басқалары – іске асырылу сатысында тұр.

Төменде көрсетілген инвестициялық жобалардың салалық құрылымы көрсетілген.

млрд. теңге

Сегмент	Ағымдағы инвестициялық қоржын						Перспектива-лық жобалар	
	Қоржын жобаларының жалпы саны		2013 жылдың 1 жарты жылдығы ішінде іске асырылған жобалар		Іске асырылатын жобалар		Саны	Сомасы
	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы		
Мұнай-газ	32	3 829	9	1 091	23	2 738	6	352
Химия	7	1 044	-	-	7	1 044	5	1 498
Тасымалдау	17	1 473	13	370	4	1 103	4	68
Телекоммуникация	5	198	-	-	5	198	-	-
Энергетика	21	1 287	2	64	19	1 223	15	985
Тау-кен өнеркәсібі	1	6	-	-	1	6	7	186
Атом саласы	2	64	1	24	1	40	-	-
Машина жасау	4	17	2	9	2	8	4	17
ЖИЙНЫ	89	7 918	27	1 558	62	6 360	41	3 106

Қор Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларын, ҰИИДМБ, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын және елдің басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын іске асыру шеңберінде ұлттық экономиканы әртараптандыру және жаңғырту жөніндегі міндеттерді іске асыруға барынша жәрдем көрсетеді.

ҰИИДМБ шеңберінде Қор жалпы құны шамамен 4,6 трлн. теңге 30 инвестициялық жобаны іске асырады. Салалық бөліністе тиісті жобалар мұнай-газ, мұнай-химия, көлік, энергетика, химия, металлургия салаларын қамтиды. Көрсетілген жобаларды іске асыру құрылысын салу кезеңінде 52 мың жұмыс орнын және пайдалану кезеңінде 20 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік, салалық бағдарламаларды іске асыру шеңберінде, сондай-ақ Үкіметтің тапсырмасы бойынша іске асырылатын жобалар салынған капиталға беру жөніндегі Қор компанияларының ең аз талаптарын орындамайды. Сондықтан компаниялар әлеуметтік жобаларды іске асыру кезінде, әдетте, республикалық бюджеттен және ҚР Ұлттық қорынан қаржыландыру алады.

В Валюталық тәуекелдерді азайту мақсатында Қор компаниялары қарыз алудың бір бөлігін капиталдың ішкі нарығында жүзеге асырады. Қордың тобында ішкі топтық қаржыландыру пайдаланылады.

II. Операциялық қызметтің нәтижелері және күрделі шығындар

1. Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2013 жылдың 1 жарты жылдығы	2012 жылдың 1 жарты жылдығы	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
Шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	306,9	-28,9	335,9	1 161
Негізгі компания акционерінің үлесіне шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	286,1	-60,0	346,2	576
EBITDA margin ¹	%	22,6	18,7		21

¹ EBITDA margin = ((сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы – Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар – Жалпы және әкімшілік шығыстар – Тасымалдау және сату жөніндегі шығыстарда ескерілетін негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы))/ Сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы.

Атауы	Өлшем бірлігі	2013 жылдың 1 жарты жылдығы	2012 жылдың 1 жарты жылдығы	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
ROA ²	%	2,0	-0,2		1 069
ROE ³	%	4,4	-0,5		919

Жиынтық кірістің негізгі баптары

Атауы	2013 жылдың 1 жарты жылдығы			2012 жылдың 1 жарты жылдығы			Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
	Сатудан кіріске %-бен	Операциялық қызметтен шығыстарға %-бен	млрд. теңге	Сатудан кіріске %-бен	Операциялық қызметтен шығыстарға %-бен	млрд. теңге		
Сатудан кірістер және пайыздық кірістер	100	116	2 349,2	100	87	2 315,7	33,5	1
Операциялық қызметке арналған шығыстар	86	100	2 017,3	115	100	2 669,7	-652,4	-24
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	70	81	1 640,4	72	63	1 674,4	-34,0	-2
Жалпы кіріс	30	35	708,8	28	24	641,3	67,5	11
Жалпы әкімшілік шығыстар	8	10	198,5	7	6	171,4	27,1	16
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	7	8	152,8	8	7	188,3	-35,5	-19
Банк қызметінен өзге де операциялық шығыстар (шығындар)	1	1	25,6	27	24	635,6	-610,0	-96
Құнсызданған активтерді қалпына келтіру	1	2	31,1	3	2	64,2	-33,1	-52
Активтердің құнсыздануынан шығындар	7	9	174,6	3	2	65,3	109,3	167
Операциялық қызметтен кірістер (шығын)	9	11	213,3	-14	-12	-328,6	541,9	165
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлес	12	14	279,9	12	11	284,4	-4,5	-2
Табыс салығы бойынша шығыстар	5	5	107,9	5	4	117,8	-9,9	-8
Тоқтатылған операциялардың пайдасы/(шығыны)	0	0	5,1	-9	-8	-200,3	205,4	103
Таза пайда	13	15	306,9	-1	-1	-28,9	335,9	1 161

Есепті кезеңнің ішіндегі бухгалтерлік теңгерімнің негізгі көрсеткіштері

Атауы	млрд. теңге			
	30.06.2013	31.12.2012	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
АКТИВТЕР				
Ұзақ мерзімді активтер				
Негізгі құралдар	6 169	5 930	239	4
Материалдық емес активтер	269	287	-18	-6
Барлау және бағалау активтері	211	198	13	7
Инвестициялық меншік	15	10	5	50
Бірлесіп бақыланатын ұйымдарға инвестициялар	1 135	1 039	96	9

² ROA = Таза кіріс / Бір жыл ішіндегі орташа активтер

³ ROE = Таза кіріс / Бір жыл ішіндегі орташа меншікті капитал

Атауы	30.06.2013	31.12.2012	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %- бен
Қауымдасқан ұйымдарға (ҚҰ) инвестициялар	506	312	194	62
Берілген қарыздар – ұзақ мерзімді бөлік	1 283	1 386	-103	-7
Кредиттік мекемелердегі қаражат - ұзақ мерзімді бөлік	270	268	2	1
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	171	463	-292	-63
Туынды қаржы құралдары – ұзақ мерзімді активтер	2	1	1	100
Кейінге қалдарылған салық активтері (КСА)	75	78	-3	-4
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	8	8	0	0
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	506	412	94	23
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР	10 620	10 394	226	2
Қысқа мерзімді активтер				
Тауар-материалдық қорлар	418	409	9	2
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	320	373	-53	-14
Берілген қарыздар – ағымдағы бөлік	591	665	-74	-11
Кредиттік мекемелердегі қаражат - ағымдағы бөлік	1 138	1 071	67	6
Қысқа мерзімді қаржы активтері	145	219	-74	-34
Туынды қаржы құралдары – қысқа мерзімді активтер	46	49	-3	-6
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	98	78	20	26
Өтеуге ҚҚС	208	194	14	7
Өзге де қысқа мерзімді активтер	252	267	-15	-6
Ақша қаражаты	1 377	1 466	-89	-6
Ұзақ мерзімді активтер немесе сатуға арналған шығу топтары	21	52	-31	-60
ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР	4 616	4 842	-226	-5
Активтердің жиыны	15 236	15 235	1	0
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Капитал				
Жарғылық капитал	4 419	4 409	10	0
Сатып алынған меншікті үлес құралдары	-9	-9	0	0
Эмиссиялық кіріс	0	7	-7	-100
Қосымша төленген капитал	-751	-484	-267	-55
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві	29	25	4	16
Шетелдік валютаны қайта есептеу резерві	237	220	17	8
Өзге де резервтік капитал	1	19	-18	-95
Акциялармен есеп айырысу опциондары	2	2	0	0
Бөлінбеген пайда	2 685	2 402	283	12
Негізгі компанияның акционеріне жататын	6 613	6 591	22	0
Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі	794	801	-7	-1
КАПИТАЛ ЖӘНЕ РЕЗЕРВТЕР	7 407	7 392	15	0
Ұзақ мерзімді міндеттемелер				
Алынған қарыздар – ұзақ мерзімді бөлік	3 693	3 518	175	5
ҚР Үкіметінің және Ұлттық Банктің қаражаты - ұзақ мерзімді бөлік	194	211	-17	-8
Клиенттердің қаражатын тарту - ұзақ мерзімді бөлік	73	107	-34	-32
Қаржылық жалдау міндеттемелері	40	35	5	14
Қызметкерлерге сыйақы міндеттемелері	54	46	8	17
Туынды қаржы құралдары – ұзақ мерзімді міндеттемелер	0	7	-7	-100
Кейінге қалдарылған салық міндеттемелері (КСМ)	353	334	19	6
Міндеттемелер мен аударымдарға резервтердің ұзақ мерзімді бөлігі	137	136	1	1
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	237	231	6	3

Атауы	30.06.2013	31.12.2012	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %- бен
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	70	66	4	6
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	4 850	4 690	160	3
Қысқа мерзімді міндеттемелер				
Алынған қарыздар – ағымдағы бөлік	618	679	-61	-9
ҚР Үкіметінің және Ұлттық Банктің қаражаты - ағымдағы бөлік	583	560	23	4
Клиенттердің қаражатын тарту - ағымдағы бөлік	668	636	32	5
Қаржылық жалдау міндеттемелері	8	8	0	0
Қызметкерлерге сыйақы міндеттемелері	4	4	0	0
Туынды қаржы құралдары – қысқа мерзімді міндеттемелер	0	1	-1	-100
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	382	497	-115	-23
Табыс салығы бойынша міндеттеме	34	49	-15	-31
Өзге де салықтар және міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер	126	136	-10	-7
Міндеттемелер мен аударымдарға резервтердің қысқа мерзімді бөлігі	121	124	-3	-2
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	431	439	-8	-2
Сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтермен және шығу топтарымен тікелей байланысты міндеттемелер	4	20	-16	-80
ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	2 979	3 153	-174	-6
Міндеттемелердің жиыны	7 829	7 843	-14	0
Капитал мен міндеттемелердің жиыны	15 236	15 235	1	0

Қор тобы қызметінің тиімділігіне қатысты

Атауы	Өлшем бірлігі	1-ші жарты жылдық			
		2013 ж.	2012 ж.	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %- бен
Жалпы пайда коэффициенті	%	30,17	27,70	2,48	9
Операциялық пайда коэффициенті	%	9,08	-14,19	23,27	164
Таза пайда коэффициенті	%	13,07	-1,25	14,32	1 146
Қор қайтарымы		0,39	0,45	-0,06	-13
Активтердің айналымдылығы		0,15	0,17	-0,01	-7
Қаржы құралдарының және барлау мен бағалау активтерінің айналымдылығы		0,38	0,43	-0,06	-13
Негізгі құралдар тозуының коэффициенті	%	2,51	2,59	-0,08	-3
Қызметтің рентабельділігі	%	14,44	-1,35	15,79	1 171
Қорлар айналымы кезеңі	күндер	91,82	91,92	-0,09	0
Дебиторлық берешекті өтеу мерзімі	күндер	50,30	54,23	-3,93	-7
Кредиторлық берешекті өтеу мерзімі	күндер	135,78	159,02	-23,24	-15
Активтер айналымы кезеңі	күндер	55,51	57,88	-2,37	-4
Негізгі құралдар айналымы кезеңі	күндер	137,09	152,01	-14,92	-10
Таза айналым капиталы	млрд. теңге	1 637	789	848	108
Ағымдағы өтімділік коэффициенті		1,55	1,20	0,35	29

Жиынтық кіріс құрылымына сәйкес шығыстардың үлесі:

1) негізінен материалдар мен қорларға шығындардың (ҚМГ) және қарыздар мен облигациялар бойынша, оның ішінде Ұлттық қордан және республикалық бюджеттен алынған қарыздар бойынша пайыздық шығыстардың өзіндік құнын басқаруды жақсарту мақсатында Қор тобында жүргізілген шығындарды қысқарту жөніндегі жұмыстардың нәтижесінде ҚМГ және «БТА Банк» АҚ өзіндік құнын азайтуға байланысты сатудан түсетін жалпы кірістерде операциялық қызметке есепті кезеңде 2012 жылғы 1-ші жарты жылдықпен салыстырғанда 29 пайыздық пунктке төмендеді;

2) газды, мұнайды теңіз флотымен тасымалдау жөніндегі шығындарды басқаруды жақсартудың нәтижесінде сатудан түсетін жалпы кірістерде *тасымалдау және сату бойынша* 1 пайыздық пунктке төмендеді.

Қордың тобында қызмет тиімділігін арттыру бойынша тұрақты негізде жүргізілетін жұмыстар осы нәтижелерге әсер етті. Қор ЕДБ қоспағанда, ірі компаниялармен бірлесіп бизнес-үдерістерді және т.б. диагностикалау және талдау жолымен өзіндік құнды, сондай-ақ басқа да шығындарды оңтайландыруға бағытталған 120 млрд. теңге сомасында жинақталған тиімділікпен 2015 жылға дейінгі шығындарды азайтудың орта мерзімді бағдарламасын әзірледі. Қор алғашқы нақты нәтижелерді 2013 жылдың 1-ші жарты жылдығында 356 млн. теңге сомасында алды.

Қауымдасқан компанияларға инвестициялардың көлемі негізінен «Қазцинк» ЖШС жарғылық капиталына 248,8 млрд. теңге қатысу үлесінің 9,9407% иеленетін «Logic Business» ЖШС, «Logic Invest Capital» ЖШС және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 100% сатып алу жолымен «Қазцинк» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 29,8221% сатып алуынан 35% артты. Бұл ретте қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың *үлестік кірісі* есепті кезеңде 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда 1,6% төмендеді.

Қор тобының 2012 және 2013 жылдардың 1-ші жарты жылдығы ішіндегі *жалпы, сондай-ақ операциялық пайда тиімділігі коэффициенттерінің* серпіні жалпы әкімшілік шығыстардың өсіміне қарамастан, есепті кезеңде операциялық қызмет тиімділігінің артқанын растайды.

Сондай-ақ Қордың тобында компаниялардың активтер құрылымын, оның ішінде бейіндік емес активтерді оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізеді. Қазіргі кезде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ тиісті іс-шаралар жоспарлары қабылданып, іске асырылуда.

Ұзақ мерзімді активтердің құрылымында негізгі құралдар 58% астамды құрайды, оларда негізгі үлесті мұнай-газ секторының негізгі құралдары алады және олардың 1-ші жарты жылдықпен салыстырғандағы өзгеруі 0,9% құрады. *Активтер айналымдылығының, негізгі құралдар және барлау мен бағалау активтері кезеңінің* коэффициенттері есепті кезеңде 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда *жақсарды*. Бірақ есепті кезеңде ағымдағы жылғы 12 сәуірден бастап экспорттық кеден бажының бір тонна үшін 40 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін ұлғаюына байланысты «ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» АҚ негізгі құралдарының құнсыздануынан қор қайтарымдылығы 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда нашарлады.

Негізгі құралдардың және барлау және бағалау активтерінің айналымдылығы есепті кезеңде 1-ші жарты жылдықпен салыстырғанда, негізінен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан газ кен орнында жер қойнауын пайдалануға лицензия алу мақсатында «Тегіс Мұнай» ЖШС компаниясын сатып алуынан төмендеді. Компанияның сатып алу есебінде бизнесті сатып алу ретінде емес, активтер тобын сатып алу ретінде көрсетілді (жер қойнауын пайдалануға лицензия).

Есепті кезеңде *таза айналым капиталының* 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда жақсаруы *өтімділіктің артқанын* және Қор тобында *кредит қабілетінің ұлғайғанын* көрсетеді.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті көрсеткендей, Қор тобы есепті кезеңде ағымдағы шоттарды тұрақты төлеп тұруға қабілетті болды, коэффициент 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда жақсарды.

Қордың тобы ұйымдарының, атап айтқанда, қызметінің тиімділігін арттыру бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесінде, есепті кезеңде *қызметтің рентабельділігі* 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда *айтарлықтай жақсарды*.

Осылайша, есепті кезең ішінде 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда 335,9 млрд. теңге сомасындағы таза пайданың өзгерісіне **операциялық қызмет тиімділігінің артуы оң әсер етті** және ағымдағы жылғы 12 сәуірден бастап экспорттық кеден бажының бір тонна үшін 40 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін ұлғаюына және «Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына 248,8 млрд. теңге қатысу үлесінің 9,9407% иеленетін «Logic Business» ЖШС, «Logic Invest Capital» ЖШС және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 100% сатып алу жолымен «Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 29,8221% сатып алуына байланысты «Қазмырыш» ЖШС инвестицияларына байланысты **активтердің құнсыздануынан болатын шығындарды тануға теріс әсер етті**. Қордың тобы экспорттық кеден бажы саясатына әсер ете алмайды; «Қазцинк» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сатып алуға келсек, сатып алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылды. Қатысу үлестерін сатып алуды қаржыландыру Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің 2012 жылғы 13 қарашадағы шешіміне (№5 хаттама) сәйкес жүзеге асырылды, онда Қорға «Қазмырыш» ЖШС қатысу үлестерін сатып алуға Ұлттық қордан облигациялық қарыз бөлу туралы шешім қабылданды.

Қор тобының Қазақстандағы кеден саясатын өзгертуге әсер ете алмайтындығын атап айтамыз, соның нәтижесінде осы саясаттың нашарлататын нормалары Қор тобының, атап айтқанда, мұнай-газ секторының қаржылық нәтижелеріне теріс әсер етеді.

Төменде 2013 жылдың бірінші жарты жылдығында *таза пайда* өзгеруінің негізгі факторлары 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырылып келтіріледі.

Факторлар	Өзгерістер, млрд. теңге
Таза пайда (2013 жылғы 1-ші жарты жылдықта 306,9 млрд. теңге; 2012 жылғы 1-ші жарты жылдықта -28,9 млрд. теңге)	335,9
оның ішінде мыналарға байланысты:	
негізінен БТА Банктің номиналдық құны бойынша қалпына келтіруге арналған облигациялар бойынша шығыстарды танығаннан банк қызметінен өзге де операциялық шығыстардың азаюына	610,0
ЕДБ-сіз қызметтің операциялық тиімділігінің артуына	50,1
уақытша айырмалардың туындауы және оларды сторнирлау салдарынан негізінен 8,1 млрд. теңге сомасында «БТА Банк» АҚ бойынша кейінге қалдырылған салықтан табыс салығы бойынша шығыстардың азаюына	9,9
негізінен «Қазақтелеком» АҚ «GSM Қазақстан» ЖШС бойынша мәміледен (202 млрд. теңге) ЕДБ-сіз тоқтатылған қызметтен келетін пайданың қысқаруына	-205,4
«Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына 248,8 млрд. теңге қатысу үлесінің 9,9407% иеленетін «Logic Business» ЖШС, «Logic Invest Capital» ЖШС және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 100% сатып алу жолымен «Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 29,8221%, 2013 жылғы 12 сәуірден бастап экспорттық кеден бажының бір тонна үшін 40 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін ұлғаюына байланысты 56,3 млрд. теңгеге ҚМГ БӨ активтерін сатып алуына байланысты «Logic Business» ЖШС (27,6 млрд. теңге), «Logic Invest Capital» ЖШС (16,0 млрд. теңге) және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС (16,0 млрд. теңге) инвестицияларының құнсыздануынан шығынның өсуіне.	-115,9
негізінен «Шекербанкте» (11,3 млрд. теңге) және «Темірбанк» АҚ-да (6,1 млрд. теңге) инвестицияларының құнсыздануынан шығынның өсуіне.	-17,4
өзге де	4,6

2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда есепті кезеңде «EBITDA margin», «ROA» және «ROE» жақсартуға жоғарыда сипатталған шоғырландырылған таза пайданың өзгеруінің факторлары әсерін тигізді.

ROE есепті кезеңде 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда жақсарды.

2. ЕДБ-сыз шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер

Қор туралы заңға сәйкес екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) Қор тобына кірмейді, осыған байланысты төменде ЕДБ-ны есепке алмағандағы шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер туралы ақпарат келтіріледі.

ЕДБ-сыз қаржылық көрсеткіштерді шоғырландыру және есептеу кезінде мынадай жол берулер қабылданды:

- 1) «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ және «Темірбанк» АҚ еншілес ұйымдарының деректері шоғырландыруға енгізілмеген;
- 2) мыналар алынып тасталды:
 - осы ЕДБ-дан («БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ) стандартты емес кірістер;
 - «БТА Банк» АҚ және «Альянс Банк» АҚ инвестициялардың құнсыздануынан болатын шығын, шығын сомасы бөлінбеген пайда арқылы тікелей жүргізілген (акционерге өзге де бөлулермен ұқсастығы бойынша);

3) 2009-2010 жылдардағы үлестік әдіс бойынша «Қазақстанның халық банкі» АҚ және «Қазкоммерцбанк» АҚ деректерін шоғырландыру жүзеге асырылған жоқ;

4) «Қазақстанның халық банкі» АҚ және «Қазкоммерцбанк» АҚ акциялары бойынша опциондарды тану және қайта бағалау алынып тасталды;

5) Қазақстанның халық банкі» АҚ және «Қазкоммерцбанк» АҚ капитал арқылы нарық бойынша инвестицияларын қайта бағалау алынып тасталды (өзге жиынтық кіріс);

6) «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ және «Қазкоммерцбанк» АҚ-дағы инвестициялар өзге қысқа мерзімді активтерге жатқызылған;

7) осы ЕДБ-ден барлық кірістер мен шығыстар, сондай-ақ Топтың басқа да компанияларының активтері мен міндеттемелері сыртқы ретінде шоғырландыруда қалды (яғни, ЕДБ-мен шоғырландыру үшін элиминирленді);

8) «Шекербанктің» үлестік кірісі, сондай-ақ «Шекербанктегі» инвестициялардың құнсыздануынан болған шығын алынып тасталды.

Атауы	Өлшем бірлігі	1-ші жарты жылдық			
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
ЕДБ-сыз шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	304,4	585,1	-280,7	-48
ЕДБ-сыз негізгі компанияның акционерінің үлесіне шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	283,3	438,8	-155,6	-35
ЕДБ-сыз EBITDA margin	%	22,2	19,5		14
ЕДБ-сыз ROA	%	2,2	4,8		-55
ЕДБ-сыз ROE	%	4,3	9,9		-57

Атауы	2013 жылдың 1 жарты жылдығы			2012 жылдың 1 жарты жылдығы			Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
	Сатудан кіріске %-бен	Операциялық қызметтен шығыстарға %-бен	млрд. теңге	Сатудан кіріске %-бен	Операциялық қызметтен шығыстарға %-бен	млрд. теңге		
Сатудан кірістер және пайыздық кірістер	100	140	2 244,3	100	138	2 235,3	9,0	0
Операциялық қызметке арналған шығыстар	85	120	1 917,5	87	120	1 949,3	-31,8	-2
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	71	100	1 598,5	72	100	1 619,8	-21,4	-1
Жалпы кіріс	29	40	645,8	28	38	615,5	30,3	5
Жалпы әкімшілік шығыстар	7	10	166,2	6	9	139,1	27,0	19
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	7	10	152,9	8	12	188,4	-35,5	-19
Құнсызданған активтерді қалпына келтіру	0	0	4,2	2	2	34,7	-30,5	-88
Активтердің құнсыздануынан шығындар	5	8	123,3	2	3	54,2	69,0	127
Операциялық қызметтен кірістер (шығын)	9	13	209,4	12	17	267,5	-58,0	-22
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлес	12	17	278,7	13	17	280,2	-1,4	-1
Табыс салығы бойынша шығыстар	5	7	114,6	5	7	118,6	-4,0	-3
Токтатылған операциялардың пайдасы/(шығыны)	0	0	-4,2	9	12	202,0	-206,2	-102
Таза пайда	14	19	304,4	26	36	585,1	-280,7	-48

ЕДБ-сіз есепті кезеңнің ішіндегі бухгалтерлік теңгерімнің негізгі көрсеткіштері

млрд. теңге

Атауы	30.06.2013	31.12.2012	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
АКТИВТЕР				
Ұзақ мерзімді активтер				
Негізгі құралдар	6 146	5 905	241	4

Атауы	30.06.2013	31.12.2012	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
Материалдық емес активтер	257	275	-18	-7
Барлау және бағалау активтері	211	198	13	7
Инвестициялық меншік	11	10	1	10
Бірлесіп бақыланатын ұйымдарға инвестициялар	1 135	1 039	96	9
Қауымдасқан ұйымдарға (ҚҰ) инвестициялар	405	199	206	103
Берілген қарыздар – ұзақ мерзімді бөлік	670	834	-164	-20
Кредиттік мекемелердегі қаражат - ұзақ мерзімді бөлік	495	496	-1	0
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	120	416	-296	-71
Туынды қаржы құралдары – ұзақ мерзімді активтер	0	0	0	-100
Кейінге қалдарылған салық активтері (КСА)	40	50	-10	-20
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	8	8	0	-2
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	831	516	315	61
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР	10 329	9 947	382	4
Қысқа мерзімді активтер				
Тауар-материалдық қорлар	356	350	6	2
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	319	371	-53	-14
Берілген қарыздар – ағымдағы бөлік	49	121	-72	-59
Кредиттік мекемелердегі қаражат - ағымдағы бөлік	1 162	1 091	71	7
Қысқа мерзімді қаржы активтері	40	110	-70	-64
Туынды қаржы құралдары – қысқа мерзімді активтер	0	1	-1	-95
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	94	74	20	27
Өтеуге ҚҚС	208	194	14	7
Өзге де қысқа мерзімді активтер	252	269	-17	-6
Ақша қаражаты	1 317	1 375	-58	-4
Ұзақ мерзімді активтер немесе сатуға арналған шығу топтары	21	52	-30	-59
ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР	3 819	4 008	-189	-5
Активтердің жиыны	14 149	13 955	194	1
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Капитал				
Жарғылық капитал	4 183	4 173	9	0
Эмиссиялық кіріс	0	7	-7	-100
Қосымша төленген капитал	-904	-638	-266	-42
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві	59	58	1	2
Шетелдік валютаны қайта есептеу резерві	239	221	18	8
Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	0	0	0	-1
Хеджирлеу резерві	0	0	0	100
Өзге де резервтік капитал	1	19	-18	-94
Акциялармен есеп бойынша опциондар	2	2	0	0
Бөлінбеген пайда	2 952	2 384	569	24
Негізгі компанияның акционеріне жататын	6 532	6 227	306	5
Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі	758	767	-9	-1
КАПИТАЛ ЖӘНЕ РЕЗЕРВТЕР	7 290	6 993	297	4
Ұзақ мерзімді міндеттемелер				
Алынған қарыздар – ұзақ мерзімді бөлік	4 140	4 030	111	3
ҚР Үкіметінің және Ұлттық Банктің қаражаты - ұзақ мерзімді бөлік	194	211	-17	-8
Клиенттердің қаражатын тарту - ұзақ мерзімді бөлік	0	1	-1	-80
Қаржылық жалдау міндеттемелері	40	35	4	12
Қызметкерлерге сыйақы міндеттемелері	54	46	8	17

Атауы	30.06.2013	31.12.2012	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
Туынды қаржы құралдары – ұзақ мерзімді міндеттемелер	0	7	-7	-100
Кейінге қалдарылған салық міндеттемелері (КСМ)	348	329	19	6
Міндеттемелер мен аударымдарға резервтердің ұзақ мерзімді бөлігі	135	134	1	1
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	237	231	7	3
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	55	54	2	3
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	5 204	5 078	127	2
Қысқа мерзімді міндеттемелер				
Алынған қарыздар – ағымдағы бөлік	581	643	-62	-10
ҚР Үкіметінің және Ұлттық Банктің қаражаты - ағымдағы бөлік	0	6	-6	-95
Клиенттердің қаражатын тарту - ағымдағы бөлік	22	20	2	11
Қаржылық жалдау міндеттемелері	8	8	0	-2
Қызметкерлерге сыйақы міндеттемелері	4	4	0	-2
Туынды қаржы құралдары – қысқа мерзімді міндеттемелер	0	1	-1	-60
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	345	463	-118	-25
Табыс салығы бойынша міндеттеме	34	49	-15	-31
Өзге де салықтар және міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер	124	130	-6	-5
Міндеттемелер мен аударымдарға резервтердің қысқа мерзімді бөлігі	120	124	-3	-3
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	411	416	-4	-1
Сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтермен және шығу топтарымен тікелей байланысты міндеттемелер	4	20	-17	-83
ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	1 654	1 884	-230	-12
Міндеттемелердің жиыны	6 859	6 962	-103	-1
Капитал мен міндеттемелердің жиыны	14 149	13 955	194	1

Атауы	Өлшем бірлігі	1-ші жарты жылдық			
		2013 ж.	2012 ж.	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
Жалпы пайда коэффициенті	%	28,78	27,53	1,24	5
Операциялық пайда коэффициенті	%	9,33	11,97	-2,63	-22
Таза пайда коэффициенті	%	13,56	26,18	-12,61	-48
Қор қайтарымы		0,37	0,43	-0,06	-14
Активтердің айналымдылығы		0,16	0,18	-0,02	-13
Қаржы құралдарының және барлау мен бағалау активтерінің айналымдылығы		0,36	0,42	-0,06	-14
Негізгі құралдар тозуының коэффициенті	%	2,52	2,61	-0,09	-3
Қызметтің рентабельділігі	%	14,85	28,34	-13,49	-48
Қорлар айналымы кезеңі	күндер	80,26	86,23	-5,97	-7
Дебиторлық берешекті өтеу мерзімі	күндер	52,38	55,77	-3,39	-6
Кредиторлық берешекті өтеу мерзімі	күндер	131,15	156,98	-25,83	-16
Активтер айналымы кезеңі	күндер	57,10	63,26	-6,16	-10
Негізгі құралдар айналымы кезеңі	күндер	131,45	147,42	-15,97	-11
Таза айналым капиталы	млрд.	2 165	2 533	-368	-15
Ағымдағы өтімділік коэффициенті		2,31	2,73	-0,42	-15

ЕДБ-сіз жиынтық кіріс құрылымына сәйкес шығыстардың үлесі:

1) негізінен материалдар мен қорларға шығындардың (ҚМГ) өзіндік құнын басқаруды жақсарту мақсатында Қор тобында жүргізілген шығындарды қысқарту жөніндегі жұмыстардың нәтижесінде ҚМГ және «БТА Банк» АҚ өзіндік құнын азайтуға байланысты сатудан түсетін жалпы кірістерде

операциялық қызметке есепті кезеңде 2012 жылғы 1-ші жарты жылдықпен салыстырғанда 2 пунктке төмендеді;

2) газды, мұнайды теңіз флотымен тасымалдау жөніндегі шығындарды басқаруды жақсартудың нәтижесінде *тасымалдау және сату бойынша* 1 % төмендеді.

Қордың тобында қызмет тиімділігін арттыру бойынша тұрақты негізде жүргізілетін жұмыстар осы нәтижелерге әсер етті. Қор ЕДБ қоспағанда, ірі компаниялармен бірлесіп бизнес-үдерістерді және т.б. диагностикалау және талдау жолымен өзіндік құнды, сондай-ақ басқа да шығындарды оңтайландыруға бағытталған 120 млрд. теңге сомасында жинақталған тиімділікпен 2015 жылға дейінгі шығындарды азайтудың орта мерзімді бағдарламасын әзірледі. Қор алғашқы нақты нәтижелерді 2013 жылдың 1-ші жарты жылдығында 356 млн. теңге сомасында алды.

Қауымдасқан компанияларға инвестициялардың көлемі негізінен «Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына 248,8 млрд. теңге қатысу үлесінің 9,9407% иеленетін «Logic Business» ЖШС, «Logic Invest Capital» ЖШС және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 100% сатып алу жолымен «Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 29,8221% сатып алуынан 103% артты. Бұл ретте қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың *үлестік кірісі* есепті кезеңде 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда 1% төмендеді.

Қор тобының 2012 және 2013 жылдардың 1-ші жарты жылдығы ішіндегі *жалпы пайда тиімділігі коэффициенттерінің* серпіні есепті кезеңнің ішінде қызметтің өндірістік тиімділігінің артқандығын растайды.

Операциялық пайда коэффициенттерінің серпіні есепті кезеңде 1-ші жарты жылдықпен салыстырғанда, операциялық қызметке шығыстардың азайғанына қарамастан, «Қазмырыш» ЖШС инвестициялардың құнсыздануынан болған шығындарға байланысты 22% нашарлады.

Ұзақ мерзімді активтердің құрылымында негізгі құралдар 59,5% астамды құрайды, оларда негізгі үлесті мұнай-газ секторының негізгі құралдары алады және олардың 1-ші жарты жылдықпен салыстырғандағы үлесі Қордың тобында компаниялардың активтер құрылымын, оның ішінде бейіндік емес активтерді оңтайландыру бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесінде, сондай-ақ а. ж. екінші тоқсаннан бастап «Kazyna Capital Management» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» Экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ, «Қазақстан Даму банкі» АҚ, «СҚ-Фармация» ЖШС Қорға тиесілі иелену үлестерінің «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне, ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне берілгеніне байланысты 3,1% төмендеді.

Активтер айналымдылығының, негізгі құралдар және барлау мен бағалау активтері кезеңінің коэффициенттері есепті кезеңде 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда *жақсарды*. Бірақ есепті кезеңде ағымдағы жылғы 12 сәуірден бастап экспорттық кеден бажының бір тонна үшін 40 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін ұлғаюына байланысты «ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» АҚ негізгі құралдарының құнсыздануынан қор қайтарымдылығы 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда нашарлады.

Негізгі құралдардың және барлау және бағалау активтерінің айналымдылығы есепті кезеңде 1-ші жарты жылдықпен салыстырғанда, негізінен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан газ кен орнында жер қойнауын пайдалануға лицензия алу мақсатында «Тегіс Мұнай» ЖШС компаниясын сатып алуынан төмендеді. Компанияның сатып алу есебінде бизнесті сатып алу ретінде емес, активтер тобын сатып алу ретінде көрсетілді (жер қойнауын пайдалануға лицензия).

Есепті кезеңде *таза айналым капиталының және ағымдағы өтімділік коэффициентінің* 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда *төмендеуі* екінші жарты жылдықтан бастап жекелеген еншілес ұйымдардың «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне, ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне сенімгерлікпен басқаруға берілгеніне байланысты болды.

Осылайша, есепті кезең ішінде 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда 335,9 млрд. теңге сомасындағы таза пайданың өзгерісіне **операциялық қызмет тиімділігінің артуы оң әсер етті** және ағымдағы жылғы 12 сәуірден бастап экспорттық кеден бажының бір тонна үшін 40 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін ұлғаюына және «Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына 248,8 млрд. теңге қатысу үлесінің 9,9407% иеленетін «Logic Business» ЖШС, «Logic Invest Capital» ЖШС және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 100% сатып алу жолымен «Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 29,8221% сатып алуына байланысты «Қазмырыш» ЖШС инвестицияларына байланысты **активтердің құнсыздануынан болатын шығындарды тануға теріс әсер етті**. Қордың тобы экспорттық кеден бажы саясатына әсер ете алмайды; «Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сатып алуға келсек, сатып алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылды. Қатысу үлестерін сатып алуды қаржыландыру Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің 2012 жылғы 13 қарашадағы шешіміне (№5

хаттама) сәйкес жүзеге асырылды, онда Қорға «Қазмырыш» ЖШС қатысу үлестерін сатып алуға Ұлттық қордан облигациялық қарыз бөлу туралы шешім қабылданды.

Қор тобының Қазақстандағы кеден саясатын өзгертуге әсер ете алмайтындығын атап айтамыз, соның нәтижесінде осы саясаттың нашарлататын нормалары Қор тобының, атап айтқанда, мұнай-газ секторының қаржылық нәтижелеріне теріс әсер етеді.

Төменде 2013 жылдың бірінші жарты жылдығында *таза пайда* өзгеруінің негізгі факторлары 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырылып келтіріледі.

Факторлар	Өзгерістер, млрд. теңге
ЕДБ-сіз таза пайда (2013 жылғы 1-ші жарты жылдықта 304,4 млрд. теңге; 2012 жылғы 1-ші жарты жылдықта 585,1 млрд. теңге)	-280,7
оның ішінде мыналарға байланысты:	
ЕДБ-сіз қызметтің операциялық тиімділігінің артуына	50,1
негізінен «Қазақтелеком» АҚ «GSM Казахстан» ЖШС бойынша мәміледен (202 млрд. теңге) ЕДБ-сіз тоқтатылған қызметтен келетін пайданың қысқаруына	-205,4
«Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына 248,8 млрд. теңге қатысу үлесінің 9,9407% иеленетін «Logic Business» ЖШС, «Logic Invest Capital» ЖШС және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 100% сатып алу жолымен «Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 29,8221%, 2013 жылғы 12 сәуірден бастап экспорттық кеден бажының бір тонна үшін 40 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін ұлғаюына байланысты 56,3 млрд. теңгеге ҚМГ БӨ активтерін сатып алуына байланысты «Logic Business» ЖШС (27,6 млрд. теңге), «Logic Invest Capital» ЖШС (16,0 млрд. теңге) және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС (16,0 млрд. теңге) инвестицияларының құнсыздануынан шығынның өсуіне.	-115,9
өзгелеріне	-9,5

2. Сегменттер бөлінісінде 2013 жылдың бірінші жарты жылдығы ішіндегі қаржылық көрсеткіштер мен күрделі шығындар.⁴

Атауы	Мұнай-газ	Тау-кен өнеркәсібі	Тасымалдау	Телекоммуникация	Энергетика	Қаржы институттары және даму институттары	Корпоративтік орталық және жобалар
Сатудан алынатын кірістер және пайыздық кірістер	1 418,1	133,6	476,0	104,9	105,1	146,6	131,9
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	990,1	104,5	333,7	74,9	77,5	86,2	67,7
Жалпы кіріс	427,9	29,1	142,3	30,0	27,6	60,4	64,2
Жалпы әкімшілік шығыстар	78,5	14,2	39,5	11,7	8,4	34,2	15,9
Тасымалдау және өткізу жөніндегі шығыстар	146,1	2,6	2,7	2,1	0,1	0,0	0,5
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	2,6	0,8	0,1	0,0	0,6	27,0	0,0
Активтердің құнсыздануынан шығындар	61,9	59,6	0,9	0,3	0,1	51,4	72,2
Банктік қызметтен өзге операциялық кірістер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	-25,7	0,0
Банктік қызметтен өзге операциялық шығыстар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	26,2	0,0
Операциялық қызметтен түсетін пайда (шығын)	144,0	-46,3	99,3	16,0	19,6	1,3	-24,4

⁴ Жалпы кірістер = (Сатудан кірістер және пайыздық кірістер + Мемлекеттік субсидиялар + Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру + Банктік қызметтен өзге де операциялық кірістер + Өзге де операциялық емес кірістер + Қаржылық кірістер + Бағамдық айырмадан кіріс); Жалпы шығыстар = (Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар + Жалпы әкімшілік шығыстар + Тасымалдау және сату бойынша шығыстар + Активтердің құнсыздануынан шығындар + Банктік қызметтен өзге де операциялық шығыстар + Өзге де операциялық емес шығыстар + Қаржылық шығындар + Бағамдық айырмадан залалдар).

Төменде берілген сегменттік талдау еншілес ұйымдардың даму жоспарларының орындалуы туралы есептердің және еншілес ұйымдардың есепті кезең және 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығы ішіндегі аудиттелген қаржылық есептілігінің деректерінің өндірістік көрсеткіштері негізінде жүргізілді.

Төменде келтірілген диаграммаларда Қор деңгейінде шоғырландырылған түзетулерді есепке ала отырып, еншілес ұйымдардың көрсеткіштері ұсынылған.





3.1. «Мұнай-газ» сегменті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – ҚМГ) деген бір компаниямен ұсынылады, ол 2002 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығының негізінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы №248 қаулысымен жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған мемлекеттік мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ЖАҚ ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясының қосылуы нәтижесінде құрылды. Бірігу нәтижесінде аталған компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестерін қоса алғанда, барлық активтер мен міндеттемелер ҚМГ-ға берілді. 2004 жылғы наурызда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

Қор ҚМГ-ның жалғыз акционері болып табылады. ҚМГ құрылымына 7 деңгейдегі 201 компания кіреді, олардың 129 еншілес компаниялар.

ҚМГ қызметінің негізгі бағыттары басқаларды қоспағанда, мұнай-газ саласындағы мемлекеттік қызметке қатысуды, келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүддені білдіруді, көмір сутегілерді барлау, әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, сату, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай кәсіпшілігі инфрақұрылымын жобалау, салу және пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару мен мониторингтеуді қамтиды.

ҚМГ мұнай өндіруді 44 астам мұнай-газ кен орындарында, негізінен Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қызылорда облыстарында жүзеге асырады, 5,3 мың км магистралдық мұнай құбырларына, 2,1 мың км магистралдық су құбырларына және 11 мың км магистралдық газ тасымалдау жүйелеріне, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстарында 3 мұнай өңдеу зауытына және Румынияда бір мұнай өңдеу зауытына және мұнай-химия кешеніне иелік етеді.

2013 жылдың 1-ші жарты жылдығы ішінде Қазақстан Республикасында шамамен 40,4 млн. тонна мұнай және газ конденсаты өндірілді, 7,163 млн. тонна мұнай өңделді. 2012 жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда мұнай өндіру өсімі 1% құрады, ал мұнай өңдеу көлемі өткен кезеңдегі деңгейде сақталды. 2013 жылдың 1-ші жарты жылдығында Қазақстанда мұнай және газ конденсатын өндірудің жалпы көлеміндегі ҚМГ үлесі 26,2%-дан 27,7% дейін ұлғайды, мұнай өңдеу бойынша өзгерген жоқ және 82,4% құрады.

ҚМГ сондай-ақ өз қызметін «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттелетін салаларда да жүзеге асырады. Реттелетін қызметтерге тарифтерді уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі бекітеді.

ҚМГ ұйымдары табиғи монополиялардың мынадай салаларында қызметтер көрсетеді:

- 1) мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін магистралдық құбырлармен тасымалдау қызметтері;
- 2) электр энергиясын беру және (немесе) бөлу қызметтері;
- 3) жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау қызметтері;
- 4) су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйесі қызметтері;
- 5) газды (табиғи, тауарлық) немесе газ конденсатын сақтау, магистралдық және (немесе) бөлу құбырларымен тасымалдау, газ бөлу қондырғыларын және олармен байланысты газ бөлу газ құбырларын пайдалану қызметтері;

6) басқа да қызметтер.

2013 жылдың 1-ші жарты жылдығы ішінде ҚМГ компаниясының мынадай реттелетін қызметтеріне жаңа тарифтер бекітілді:

- суды бөлу желілері бойынша беру тарифтерінің өсуімен «Прииртышск» НПС бөлу желілері бойынша су беру жөніндегі қызметтерге 14,66%, сарқынды суларды бөлу жөніндегі қызметтерге 12,56%;
- тарифтердің орта есеппен 188% өсуімен жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу жөніндегі қызметтерге;
- тарифтердің 269 % өсуімен (128 теңге/Гкал-дан 472,81 теңге/Гкал дейін) жылу энергиясын беру және бөлу жөніндегі қызметтерге (Ақтау газ-мұнай айдау станциясы, ыстық су);
- ҚҚС-сыз 1 тонна үшін 59,7 теңге мөлшерінде жеңілдетілген тәртіппен мұнайды Т.Қасымов атындағы станциядан «Кеңкияқ-Атырау» мұнай құбырына аудару жөніндегі қызметтерге.

2013 жылдың 1-ші жарты жылдығында ҚМГ-да мынадай елеулі оқиғалар болды:

1) ҚМГ мен КонокоФиллипс Петролеум Холдингз Б.В. компаниясының арасында «Н Блок Б.В.» компаниясының 100% акциясын сатып алу жөніндегі мәміле аяқталды;

2) «ҚазТеңізКөлікФлоты» ҰТКК мен Батуми Индастриал Холдинг ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды;

3) Ромпетрол компаниясы мен Румыния Үкіметіне тиесілі Ромпетрол Рафинаре акциялар пакетінің жеке дара басқарушысы ретіндегі Румыния Үкіметі 2010 жылғы қыркүйекте румын мемлекетінің пайдасына Ромпетрол Рафинаре компаниясының облигацияларын айырбастауға қатысты дауды шешу бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды;

4) Ромпетрол компаниясы Зегуджани блогында (Румыния) барлау ұңғымасын бұрғылауға кірісті. Жобаға инвестициялар сомасы жыл аяғына дейін 10 млн. АҚШ долларын құрайды;

5) Швейцарияда тіркелген Ромпетрол - Вектор Энерджи компаниясының трейдингілік бөлімшесі ҚМГ шеңберіндегі барлық мұнай маркетингілік операцияларын біріктіруді аяқтайды және ол «КазМунайГаз Трейдинг АГ» болып қайта аталды. Компания қазақстандық шикі мұнай экспорты бойынша жалғыз ұлттық операторға айналады деп жоспарлануда;

6) ҚМГ 10,5 млрд. АҚШ долларына дейінгі орта мерзімді жаһандық ноталар шығарудың ағымдағы бағдарламасы шеңберінде жалпы көлемі 3 млрд. АҚШ долларындағы еурооблигациялардың 10 жылдық және 30 жылдық шығарылымдарын орналастыру жөніндегі мәмілені табысты аяқтады.

Өндірістік көрсеткіштер. Сегменттің өндірістік көрсеткіштері өзгерістерінің негізгі факторлары:

Атауы	Өлше м бірлігі	1-ші жарты жылдығы			Факторлар
		2013 жылдың	2012 жыл- дың	Ауытқу	
				2013 ж. 2012 жылға, %-бен	

Атауы	Өлшем бірлігі	1-ші жарты жылдығы				Факторлар
		2013 жылдың	2012 жылдың	Ауытқу	2013 ж. 2012 жылға, %-бен	
Мұнай өндіру көлемі	млн. тонна	11,186	10,383	0,803	7,73	803 мың тоннаға ұлғайту: - Қарашығанақ жобасы бойынша мұнай өндіру көлемін шоғырландыру есебінен 507 мың тоннаға; - КТЛ және ЗВП қондырғыларының тұрақты жұмысы есебінен «Теңізшевройл» ЖШС көлемінің өсуі есебінен 221 мың тоннаға; - мұнай өндіруді арттыру жөніндегі жүргізілген ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың, оның ішінде 63 ұңғыманы бұрғылаудан енгізу, 11 ұңғыманы игеру, 7 ұңғыманың әрекетсіздігі есебінен, 840 ұңғымада ШГН оңтайландыру, ПЗС 588 ұңғымаға дейін әсер ету жөніндегі жұмыстарды ұлғайту нәтижесінде «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ және «Қаражамбасмұнай» АҚ өндіру көлемінің тиісінше 72, 25 және 4 мың тонна өсуінен ҚМГ БӨ бойынша 35 мың тоннаға. Бұл ретте Қызылқияда су айдау және электрмен жабдықтау объектілерінің күрделі құрылысында кейінге қалуға байланысты Қызқия кен орны бойынша, сынамалық пайдалануға сәйкес Батыс Қарабұлақ кен орны бойынша өндіру жоспарының қайта қаралуына байланысты Петро Қазақстан Инк. бойынша өндірудің 60 мың тоннаға төмендеуі тіркелді (объектілер 2013 жылдың мамыр-маусымында пайдалануға енгізілді). Сондай-ақ су басуының артуынан «Көлжан» ЖШС және «Торғай-Петролеум» АҚ бойынша, Ақсай кен орнын жайғастырудың кешігуінен 2013 жылға арналған өндіру көлемінің 6 мың тоннаға жоспарлы төмендеуіне сәйкес «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС бойынша өндіру болжамы қайта қаралды; - жаңа ұңғымалар енгізу санын осы кезеңде 14 ұңғымаға ұлғайту есебінен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бойынша 29 мың тоннаға; - өндіруші ұңғымалардың қорын 99-дан 117 ұңғымаға дейін ұлғайтуға байланысты «Қазақойл-Ақтөбе» бойынша 9 мың тоннаға.
Мұнайды магистралдық құбырмен тасымалдау көлемі	млн. тонна	32,682	32,189	0,493	1,53	493 мың тоннаға ұлғаю: Атасу-Алашонкоу 124%, Кеңқияқ-Құмкөл 113% мұнай құбыры бойынша жүк жөнелтушілер тарапынан мұнайды магистралдық құбырлар жүйесіне тапсырудың ұлғаюына байланысты.
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау көлемі	млн. тонна	4,293	6,909	-2,616	-37,86	2,616 млн.тоннаға азаю: Ақтау-Баку бағыты бойынша 0,335 млн.тоннаға: Теңіз мұнайының көлемін Каспий құбыр жолы консорциумының (КТК) Теңіз – Новороссийск мұнай құбыры бойынша айдауға байланысты ТШО Ақтау портынан танкерлік тиеуді толығымен тоқтата тұрды және Ақтау портына дейін темір жол тасымалдарына тарифтердің өсуіне байланысты ТШО мамыр-маусымда Теңіз мұнайын Ақтау – Баку – Батуми/Кулеви бағыты бойынша тиеуді қысқартты; Қара теңіз бағыты бойынша 2,065 млн.тоннаға: KMG Trading AG-ның басқа сыныптағы кемеге көшуі, сондай-ақ Петромидия МӨЗ жөндеуге тоқтауы, бұл рейстер санының қысқаруына әкелді; Ақтау-Махачкала бағыты бойынша 0,216 млн.тоннаға: «Лукойл» ААҚ Ю.Корчагин атындағы Ресей кен орны мұнайы көлемдерін Махачкала-Новороссийск құбыры бойынша айдауға байланысты «Belvion Group Ltd» жүк жөнелтушісі тарапынан мұнайдың номинацияланған көлемін толық жеткізбеу, осыған байланысты қазақстандық мұнайдың Махачкалаға дейін тсымалдау көлемі төмендеді.
Газ тасымалдау көлемі	млрд. текше м	54,754	56,409	-1,655	-2,93	1,655 млрд.текше м төмендеу: Газдың ресейлік және түркмендік көлемінің 4, 384 млрд. текше м азаюынан. Бұл ретте Қытай бағытындағы газ транзиті 1,306 млрд. текше м артты, ал газ құбырларының оңтүстік жүйесі бойынша 0,77 млрд. текше м артты. Газды ішкі тасымалдау көлемдері «ҚазТрансГаз-Аймақ» АҚ, «Азия газ құбыры» ЖШС және «Интергаз Орталық Азия» АҚ есебінен 1,307 млрд. текше м немесе 24% артты. Газды экспортқа тасымалдау 0,39 млрд. текше м артты.
Мұнай өңдеу көлемі	млн. тонн	7,582	7,932	-0,35	-4,41	Ұлғаю: мұнай өңдеуді ұлғайту үшін жылдың басынан бері

Атауы	Өлше м бірлігі	1-ші жарты жылдығы				Факторлар
		2013 жылдың	2012 жыл- дың	Ауытқу	2013 ж. 2012 жылға, %-бен	
						барлық технологиялық қондырғыларды ай сайын барынша толық жүктеуді жоспарлаудың нәтижесінде «АМӨЗ» ЖШС 49 мың тоннаға; • «ПКОП» ЖШС 30 мың тоннаға, бұл 2013 жылдың 1-ші жарты жылдығында мұнай өнімдерін тиеуді жақсартумен байланысты. Азаю: • зауыттың неғұрлым ұзақ мерзімге жоспарлы тоқтауынан, гидрокрекинг реакторында қысымның азаюынан және Еуропа нарықтарындағы қолайсыз жағдайдан Петромидин бойынша 297 мың тоннаға; • ПМХЗ резервуарлары мен жалға алынған мұнай базаларының толықтығынан, МӨЗ бензиніне сұраныстың аздығынан және Ресейден келетін мұнай өнімдері импортының артуынан «ПМХЗ» ЖШС 124 мың тоннаға.
Өндірістің тоқтауына немесе экологиялық зардапқа әкеп соқтырған авариялық жағдайлардың саны	жағдай саны	3	3	0	0	3 жағдай тіркелді: 1) 2013 жылғы 29 қаңтар – «АМӨЗ» ЖШС ЭЛОУ-АТ-2 мұнайды бастапқы өңдеу қондырғысында кейіннен жанумен сорғыдағы жабдықтың герметикасыздануы. Зардап шеккендер тіркелген жоқ. Материалдық залал 1,5 млн.теңгені құрады; 2) 2013 жылғы 2 сәуір – «Павлодар- Шымкент» магистралдық газ құбырының 1316 км-де рұқсатсыз кесу, нәтижесінде топырақ қабатының мұнаймен ластануы болды. Ластану алаңы 0,035 га құрады. Қоршаған ортаға залал 1 млн.теңгені құрады; 3) 2013 жылғы 5 маусым – пайда болған коррозиялық қаяудан «Прорва-Құлсары» мұнай құбырының 95,5 км мұнайдың төгілуі, соның нәтижесінде топырақ қабатының мұнаймен ластануы болды. Ластану алаңы 0,28 га құрады. Қоршаған ортаға залал 9,1 млн.теңгені құрады.
Халықтың орташа саны	мың адам	84,074	84,025	0,049	0,06	Негізінен ҚТГ өндірістік персоналы санының өсуі есебінен 49 бірлікке ұлғаю, бұл ҚМГ БӨ әкімшілік-басқару персоналы санының азаюынан ішінара өтелді.
оның ішінде:						
әкімшілік персонал	мың адам	7,363	8,303	-0,940	-11,32	Азаю негізінен ҚМГ БӨ бойынша табиғи кемуден (еңбек қатынастарын бұзу, зейнеткерлікке шығу және т.б.), штаттық позициялардың қысқаруынан және аутсорсингке ауыстырудан және 2013 жылғы 4 ақпаннан бастап еншілес компаниялардағы бос орындарға қызметкерлер қабылдауға мораторий енгізуден.
өндірістік персонал	мың адам	76,711	75,722	0,989	1,3	Ұлғаю негізінен ҚТГ персоналы санының артуынан, ол Атырау және Қостанай облыстарына қызмет көрсету үшін ҚТГ-Аймақтың кіруімен байланысты.
Брент сұрыбындағы мұнайдың әлемдік бағасы	долл/барр.	107,5	113,3	-5,8	-5,12	
Шикі мұнайды экспортқа сатудың орташа бағасы	долл/барр.	106,4	111,1	-4,7	-4,2	
Шикі мұнайды ішкі аныркқа сатудың орташа бағасы	долл/барр.	37,2	35,2	2,0	5,6	
ҚМГ ПМ бойынша мұнай өнімдерін сатудың орташа бағасы	бір тонна үшін теңге	81 224	93 061	- 11 837	-12,72	
Ромпетрол бойынша сатудың орташа бағасы	бір тонна үшін доллар	969	1 010	-40,32	-3,99	

Құбырлармен мұнай берудің көлемдері Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігімен келісіледі, сондықтан компаниялар тобының қандай да бір құбырлар бойынша мұнай беру мүмкіндігінің шектелуі мүмкін.

ҚР Үкіметі шикі мұнай өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын ҚМГ компанияларынан жыл сайын, мұнай өнімдерін ішкі нарыққа жеткізу теңгерімін ұстау үшін және көктемгі және күзгі егу-жинау науқандары барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін жыл сайынғы негізде өнімдердің бір бөлігін ішкі нарыққа беруді талап етеді.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ БӨ) тәуліктік өндіруді тұрақтандыруға және негізгі активтерде өндірістік қуаттарды жаңғыртуға назар аударады. Өзен және Қарамандыбас кен орындарының негізгі бөлігі жоғары сулылығымен және мұнай өндіру деңгейінің жалпы төмендеуімен сипатталатын әзірлеудің кеш сатысында тұр. Мұнай өндіру бойынша белгіленген жоспарларға қол жеткізу үшін компания пайдалану бұрғылауы, ұңғымаларды күрделі жөндеу (қанша) жөніндегі жұмыстарды және топырақ қабатының гидробөлінісі, забой маңындағы аймақтарға әсер ету және қосымша өндіру көлемін қамтамасыз ететін өндіруші ұңғымаларды әрекетсіздіктен шығару сияқты мұнай өндіруді қарқынды ету жөніндегі іс-шараларды жүргізді.

Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау көлемі деңгейін ұстау үшін «ҚазТеңізКөлікФлот» АҚ (бұдан әрі – ҚТКФ) қосымша көлемдер тарту және мынадай маршруттардың тартымдылығын арттыру бойынша іс-шаралар жүргізуде:

- Ақтау-Махачкала бағыты бойынша айына 50 мың тонна көлеміндегі түркмен мұнайын тасымалдауға ұзақ мерзімді келісімшарт жасасу жөнінде жұмыс жүргізілуде;

- Ақтау-Баку бағыты бойынша КТК мұнай өнімдері жүйесін кеңейткенге дейін «Теңізшевройл» ЖШС тұрақты негізде Ақтау портына одан әрі Баку портына тасымалдау үшін ай сайын жеткізілімдерді 250 мың тонна ұлғайту бойынша жұмыс жүргізуде;

- Қара теңіз бағыты бойынша ҚМГ менеджменті айына рейстер санын ұлғайту туралы шешім қабылдады («Suezmax» түріндегі танкермен бір рейс және Петромидия зауыты бағытында «Aframax» танкерімен үш рейс, Қара теңіздің шегінен тысқары «Aframax» танкерімен 1,5 рейс).

ҚМГ «Интергаз Орталық Азия» АҚ магистралдық тасымалдау көлемін ұлғайту мақсатында Орта Азия – Орталық және Бұхара-Орал магистралдық газ құбырымен газды реверстік көлікті ұйымдастыру жөніндегі жобаны іске асыруды болжайды (газды Қытайға экспортқа қайта бағыттау).

Қазақстанның мұнай өңдейтін «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» және «ПКОП» ЖШС зауыттарына көмір сутегі шикізатын қайта өңдеудің жоспарлы көлемін орындау мақсатында 2013 жылдың аяғына дейін ҚМГ Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігімен бірлесіп мынадай шаралар қабылдады:

- 1) Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің және Көлік және коммуникация министрлігінің Ресей Федерациясынан темір жолмен мұнай өнімдерінің импортын шектеу жөніндегі 2013 жылғы 21 мамырдағы бірлескен бұйрығы 2013 жылдың аяғына дейін қолданылу мерзімімен шығарылды;

- 2) «ҚазМұнайГаз – Өңдеу Маркетинг» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ ӨМ) үшін «Жеңіл дистилляттар мен өнімдерді, керосинді, газойлдер мен басқа да мұнай өнімдерін әкетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 652 қаулысының шеңберінде 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылу мерзімімен 100 мың тонна мөлшеріндегі АИ-80 маркалы бензині экспортына квота бөлінді.

Көмірсутегі шикізатын қайта өңдеу көлемі бойынша жоспарлы көрсеткіштерді орындау үшін Петромидия зауыты бойынша Юралс мұнайы сұрыбының көрсеткіші 32 API (American Petroleum Institute) тығыздығына сәйкес келуі үшін әрбір карго бойынша мұнайдың сапасын қатаң тексеру жолымен қайта өңдеу үшін келіп түсетін мұнайдың сапасын жақсарту, сондай-ақ Петромидия МӨЗ шығуды ұлғайту үшін тамыз-қазанда КТК шикі мұнаймен толықтыру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Бұдан басқа, 2013 жылғы қыркүйек-желтоқсандағы кезеңде барлық қондырғылар күніне 14 мың тонна ең көп қуатпен пайдаланылатын болады.

Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:

Атауы	Өлшем бірлігі	1-ші жарты жылдық			
		2013 ж.	2012 ж.	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
Шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	242	278	-36	-12,86
EBITDA margin	%	20,45	17,79	3	15,00
ROA	%	3,36	4,29	-1	-21,48
ROE	%	6,54	8,23	-2	-20,54

Сегменттің жиынтық кірісі туралы есеп негізгі баптарының таза пайдаға әсерінің ірі факторларын айқындау үшін төменде 2012 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2013 жылғы 1-ші жарты жылдықтағы кірістер мен шығыстардың жалпы көлеміндегі негізгі көрсеткіштер үлестерінің өзгерістеріне талдау келтіріледі.

Атауы	2013 жылдың 1 жарты жылдығы			2012 жылдың 1 жарты жылдығы			Ауытқу	Өзгеріс, %-бен
	Сатудан кіріске %-бен	Операциялық қызметтен шығыстарға %-бен	млрд. теңге	Сатудан кіріске %-бен	Операциялық қызметтен шығыстарға %-бен	млрд. теңге		
Сатудан кірістер және пайыздық кірістер	100	111	1 418	100	114	1 447	- 29	-2,01
Операциялық қызметке арналған шығыстар	90	100	1 274	88	100	1 272	2	0,16
Сатудың өзіндік құны	70	78	990	71	81	1 026	- 36	-3,52
Жалпы кіріс	0	0	0	29	33	421	- 420	-99,90
Жалпы әкімшілік шығыстар	6	6	79	4	5	60	19	30,88
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	10	11	146	13	14	181	- 35	-19,25
Құнсызданған активтерді қалпына келтіру	0.18	0.20	3	0.01	0.01	0.11	2	2285,30
Активтердің құнсыздануынан шығындар	4	5	62	0	0	5	57	1155,93
Операциялық қызметтен кірістер (шығын)	10	11	144	12	14	175	- 31	-17,76
Өзге де операциялық емес кірістер, нетто	0.73	0.81	10	0.27	0.31	4	6	162,65
Қаржылық кірістер	1.22	1.36	17	1.22	1.39	18	- 0	-2,32
Қаржылық шығыстар	6	7	87	5	6	78	9	11,55
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар-дың кірістеріндегі үлес	17	19	246	17	20	252	- 6	-2,54
Табыс салығы бойынша шығыстар	6	6	79	6	7	85	- 6	-7,26
Токтатылған операциялар-дың пайдасы/(шығыны)	0.01	0.01	0.16	0.00	0.00	-	0	
Таза пайда	17	19	242	19	22	278	- 36	-12,86

Төменде жиынтық кіріс, оның ішінде таза пайда туралы есептің негізгі элементтері өзгерістеріне түсініктер келтіріледі.

Атауы	1-ші жарты жылдық, млн. теңге				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс, %-бен	
Сатудан түсетін кірістер	1 418 091	1 447 189	- 29 098	- 2,01	<i>ҚМГ ӨМ және Ромпетролу бойынша меншікті және сатып алынатын мұнай мен мұнай өнімдерінің көлемін 81,1 млрд. теңгеге азайту есебінен азаюға байланысты 29,1 млрд. теңгеге азаю, мыналардың өсуінен:</i> • 20,2 млрд. теңгеге негізінен мұнайды магистралдық құбырмен тасымалдаудан түсетін кірістердің өсуі есебінен; • 11,9 млрд. теңгеге газды сатудан түсетін кірістердің, оның ішінде экспорттың есебінен; • 13,4 млрд. теңгеге «ҚМГ-Қарашығанақ» ЖШС шоғырландыру есебінен; • 6,5 млрд. теңгеге өндіріс көлемінің өсуіне және «Ақтаумұнайсервис» ЖШС (бұдан әрі – АНС) көрсететін қызметтерге тарифтердің артуына байланысты
Сатудың өзіндік құны	990 144	1 026 272	- 36 127	- 3,52	Төмендеу: • 80,4 млрд. теңгеге ҚМГ ӨМ және Ромпетролу бойынша меншікті және сатып алынатын мұнай мен мұнай өнімдерінің көлемін азайту есебінен; • 3,1 млрд. теңгеге негізінен мұнайды теңіз флотымен тасымалдау көлемінің азаюы есебінен; Өсу: • 13,7 млрд. теңгеге ҚМГ БӨ бойынша еңбекке ақы төлеу қорын индексациялау және өндірістік

Атауы	1-ші жарты жылдық, млн. теңге				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс, %-бен	
					шығындардың өсуі есебінен; • 12,2 млрд. теңгеге «ҚМГ-Қарашығанақ» ЖШС шоғырландыру есебінен; • 21,4 млрд. теңгеге «ҚазТрансГаз» АҚ айыппұлдары бойынша резервтер, АНС және өзге факторлар бойынша өндіріс көлемінің өсуі есебінен.
Жалпы әкімшілік шығыстар	78 515	59 989	18 525	30,88	ҚМГ БӨ экологиялық төлемдері бойынша қосымша төлемдер, айыппұлдар мен өсімақылар есебінен 8,2 млрд.теңгеге, еншілес ұйымның акциялар құнының өсімі бойынша ҚР Салық кодексінің түсіндірудегі алшақтықтарға байланысты ҚМГ ҚМ бойынша салықтар бойынша резервтерді есептеудің 7,2 млрд. теңгеге және өзге де факторлар бойынша 3 млрд. теңгеге өсуі
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	146 133	180 960	- 34 827	- 19,25	Сатып алынатын мұнай өнімдері көлемін 30,9 млрд. теңгеге және өзге де себептер бойынша 4 млрд. теңгеге төмендетуге байланысты ҚМГ ПМ көлік шығыстарын азайту
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	2 604	109	2 495	2 285	• Таратуға бұған дейін жоспарланған мұнай базасының жұмысын қалпына келтіруге байланысты 961 млн.теңгеді Ромпетролдың негізгі құралдарының құнсыздануын қалпына келтіру; • Қалыптасқан нарықтық бағаларға және ТМҚ көлемдеріне және өзге де факторларға байланысты ТМҚ қайта бағалау нәтижесінде 1,4 млрд. теңгеге Ромпетролдың ТМҚ құнсыздануын қалпына келтіру
Активтердің құнсыздануынан шығындар	61 864	4 926	56 938	1 156	ҚМГ БӨ активтерінің құнсыздануы есебінен 2013 жылдың 12 сәуірінен бастап тоннасы үшін 40 АҚШ долларынан тоннасы үшін 60 АҚШ долларына дейін экспорттық кедендік бажды жоғарылатумен байланысты 56,3 млрд. теңгеге, сондай-ақ дебиторлық берешектің, ТМҚ, әлеуметтік және бейінді емес объектілердің құнсыздануының 5,6 млрд. теңгеге өсуі
Операциялық қызметтен кірістер (шығын)	144 039	175 151	- 31 112	- 17,76	Факторлар жоғарыда көрсетілген
Өзге операциялық емес кірістер мен шығыстар (нетто)	10 298	3 921	6 377	162,65	Пайданың бағамдық айырмадан өсуі
Қаржылық кірістер	17 281	17 692	- 411	- 2,32	
Қаржылық шығыстар	87 235	78 202	9 033	11,55	6,7 млрд. теңгеге Қарашығанақ жобасындағы қатысу үлесін сатып алу және «ҚМГ-Қарашығанақ» ЖШС шоғырландыру бойынша, ҚМГ БӨ және «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – ҚТО) міндеттемелері дисконттың 2,4 млрд. теңгеге амортизациялау бойынша қарыздарға қызмет көрсету есебінен
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлес	245 673	252 072	- 6 400	- 2,54	«Теңізшевройл» ЖШС бойынша 8 млрд. теңгеге, үлестік кірістің үлесін азайту кезінде, негізінен Маңғыстау Инвестмент Б.В. бойынша 6,5 млрд. теңгеге, ПетроҚазақстан Инк. 7,4 млрд. теңгеге өсу.
Табыс салығы бойынша шығыстар	79 193	85 394	- 6 201	- 7,26	Салық салынатын базаны төмендету
Токтатылған операциялардан шығын	164	-	164		
Таза пайда	242 071	277 788	- 35 716	- 12,86	Негізінен, 2013 жылғы 12 сәуірден бастап экспорттық кеден бажының тоннасы үшін 40 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін жоғарылатумен байланысты ҚМГ БӨ активтерінің құнсыздануына болған 56,3 млрд. теңге шығын теріс ықпалын тигізді.

ҚМГ-да бейінді емес активтер мен объектілерді оңтайландыру жөніндегі іс-шараларға сәйкес шығындарды оңтайландыру мақсатында бейінді емес активтер мен объектілерді қайта құрылымдау

жоспары іске асырылуда, сондай-ақ Қормен бірлесіп шамамен 36 млрд.теңгеге жуық жинақталған нәтижесі бар 2015 жылға дейінгі шығындарды қысқарту бағдарламасы әзірленді.

Кірістер мен шығыстардың жалпы көлеміндегі жиынтық кіріс туралы есептің негізгі баптарының үлестері өзгерістерін талдау таза пайда көлемінің нашарлауы негізінен, 2013 жылғы 12 сәуірден бастап тоннасы үшін 40 АҚШ доллардан тоннасы үшін 60 АҚШ долларға дейін экспорттық кеден бажының жоғарылауына байланысты ҚМГ активтерінің 56,3 млрд.теңгеге құнсыздануынан болғанын дәлелдейді

Есепті кезеңде осы сегмент бойынша күрделі шығындар өндірістік активтер мен өзге негізгі құралдарды 104,1 млрд. теңге сомасында, еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына инвестицияларды 86,5 млрд. теңге сомасында, 137,9 млрд. теңге сомасындағы инвестициялық жобаларды жұмыс жағдайында қолдауға және 70,7 млрд. теңге сомасындағы қатысу үлестерін сатып алуға бағытталды.

Негізінен, қаражат Қашаған, Жемчужина, Н, Жамбыл, Сәтпаев және Ұрықтау кен орындарын барлауға және өндіруге, «АМӨЗ» ЖШС, «ПҚОП» АҚ және «ПМХЗ» АҚ мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуға және қайта жөндеуге, Қазақстан-Қытай және Бейнеу-Шымкент магистралды газ құбырларын, Оңтүстік Қазақстан облысының, Қызылорда қаласының, Алматы қаласының шағын аудандарын газ тарату өңірлік желілерін салуға және жаңғыртуға, Алматы облысының Іле және Талғар аудандарының елдімекендерін газдандыруға, Мақат компрессорлық станциясының № 4 құбыр компрессорлық цехын дамытуға, өзі көтерілетін жылжымалы бұрғылау қондырғысын салуға, сондай-ақ ҚМГ Корпоративтік орталығының басқару деңгейлерін қысқарту мақсатында ҚМГ еншілес компанияларындағы «Ақтаумұнайсервис» ЖШС және «Теңіз-Бұрғылау» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 100%-ын сатып алуға бағытталған (шоғырландырылған деңгейде ықпалын тигізбейді).

3.2 «Тау-кен өнеркәсіп» сегменті «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ, «Қазақстан Инжиниринг» ҰАҚ, «Біріккен химия компаниясы» ЖШС, «Тау-Кен Самұрық» АҚ қамтиды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ (бұдан әрі – ҚАӨ) уранды және оның қосылыстарын, атом энергетика станцияларына арналған ядролық отынды, қос мақсатта қолданылатын арнайы жабдықтар мен технологияларды, материалдардың экспорты және импорты бойынша Ұлттық оператор болып табылады. ҚАӨ қызметінің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- уран өндіру, уран өнімдерін қайта өңдеу және сату;
- тантал мен бериллийден жасалған бұйымдарды өндіру және сату, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер;
- электр энергиясын, жылу энергиясын және суды өндіру және сату;
- өзге өнімдерді өндіру және сату және негізгі өндіріске арналған қызметтерді көрсету.

ҚАӨ-нің жалғыз акционері Қор болып табылады.

ҚАӨ құрылымына 4 деңгейдегі 73 компания, олардың ішінде ҚАӨ жүз пайыздық үлесі бар 48 компания кіреді.

ҚАӨ бейінді емес активтері мен объектілерін қайта құрылымдау жоспары (бұдан әрі – Жоспар) ҚАӨ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 4 шілдедегі шешімімен бекітілген. Жоспар «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ құрылымынан 11 активті (тарату, сату, өтеусіз беру, қайта құрылымдау) шығару жөніндегі іс-шараларды көздеп отыр, олардың ішінде 2013 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша:

- 3-і бойынша – біріктіру нысанында тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданды;
- 1-сі бойынша – қатысушылар құрамынан шығару туралы шешімнің жобасы дайындалды;
- 5-і бойынша – иеліктен айыру туралы шешім қабылданды, директорлар кеңесі мүшелерінің («ҮМЗ» АҚ кәсіпорындар тобы) қарауында тұр;
- 2-і бойынша – иеліктен айыру жөніндегі жұмыс жергілікті атқарушы органдар мамандандырылған коммуналдық кәсіпорын ауданында болмауына байланысты «Шиелі энергосервис» және «Таукент энергосервис» ЖШС су қайтарғыш, жылу және сумен жабдықтау коммуналдық шаруашылығы объектілерін қабылдаудан бас тарту себебі бойынша тоқтатылды.

Сондай-ақ Жоспарға жергілікті атқарушы органдарға кейіннен сату немесе өтеусіз беру үшін «Қазатомөнеркәсіп-Демеу» ЖШС объектілері енгізілген.

Объектілердің 22-сі (Жоспардың 14 ұстанымы) – 6 сатылды, 5-і сауда-саттықтан алынды, өйткені әкімдіктің қолдауы бойынша екі объектіні жергілікті атқарушы органдарға өтеусіз беруді жоспарлап отыр, ал 3 объекті (шаруашылық аулалары) «Қазатомөнеркәсіп-Демеу» ЖШС өзінің қызметін қамтамасыз ету үшін қажет.

Созақ ауданының жергілікті атқарушы органдарына (Оңтүстік Қазақстан облысының Таукент және Қызымемшек қалалық үлгідегі кенттерге) өтеусіз беруге жататын 13 позицияның ішінен (жиынтық

түрінде 27 объекті бойынша) – 16 объекті берілді, 8 объекті бойынша құжаттар жергілікті атқарушы органдардың қарауында тұр, 2 объекті пәтер иелері кооперативтерінің теңгеріміне өтеусіз беруді ұсынады, 5 объектіні («ЖСҚ-мен аэродромға арналған жер учаскесі», «ЖСҚ бар жүзу бассейні», «Дамбы», «Су қоймасы», «Қызыл көл» демалыс аймағының қираған ғимараттары») есептен шығаруды ұсынады.

Қосымша Жоспарға «Астана қаласы мектеп оқушыларының шығармашалық сарайы» объектісі енгізілді.

ҰАК бақылауға алу және ықпалды күшейту мақсатында тәуелді және бірлескен-бақыланатын өндіру ұйымдарындағы үлесті ұлғайту, сондай-ақ компаниялардың қаржылық нәтижелерін жақсарту мақсатында мемлекеттік органдарға бейінді емес активтер мен объектілерді өткізу, тарату, беру бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

ҰАК ұйымдары 23 кен орнында, негізінен, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Ақмола облыстарында уран өндіруді жүзеге асырады.

Есепті кезеңде Қазақстанда уран өндірудің жалпы көлемінде ҰАК үлесі 5 552 тоннадан U 5 888 тонна U-ға дейін ұлғайды. Уран өндіру көлемі бойынша әлемдік нарықта ҰАК қатысу үлесі 19,6%-ды құрайды.

31 бірлескен-бақыланатын және қауымдасқан ұйымның 9-ы – уран өндіру жөніндегі ұйымдар, 2013 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ҰАК ұйымдары тобы бойынша үлестік қатысуынан болатын кірістің 99,0%-ын құрайды. Қалған ұйымдар өндірістік-қосымша кешенге және ядролық-отын циклі кәсіпорындарына жатады, қазіргі уақытта олар РФ аумағында бөлу қуаттарына қолжетімділікті қамтамасыз ету, ҚР аумағында ЖБҚ өндірісін және конверсиялық өндірісті құру бойынша жобалардың инвестиция алды және инвестициялық фазасын жүзеге асырады.

ҰАК ұйымдары табиғи монополия мынадай салаларда қызметтер көрсетеді: электр энергиясы өндірісі, жылу және су.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы №1628 қаулысымен «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС үшін 2013 жылға 1 кВтсағ үшін 10,34 теңге, 2014 жылға – 10,96 теңге за 1 кВтсағ үшін 1,96 теңге мөлшерінде электр энергиясына арналған шекті тарифтер бекітілді.

2013 жылдың 1-жартыжылдығы ішінде **мынадай елеулі оқиғалар** болды:

1) «Семізбай-У» ЖШС-да жылына 1800 мың м³ құрамында ураны бар ерітінділерді ұлғайтылған өткізу қабілетімен Иіркөл кенішінде өнімді ерітінділерді дайындау бойынша қайта құрылымдалған цехты пайдалануға енгізді.

2) Ресей Федерациясымен бірлесіп «ЦОУ» ЖАҚ-тың «УЭХК» ААҚ бөлу қуаттары акциялары пакетін сатып алу бойынша жобаны іске асыру шеңберінде Қазақстан-Ресей жұмыс кездесулерін өткізді. «УЭХК» ААҚ акцияларын сатып алу бойынша мәмілені қаржыландырудың көзі мен схемасы айқындалды және «ЦОУ» ЖАҚ-тың «УЭХК» ААҚ 25 % + 1 акцияларын сатып алу бойынша мәмілені қаржыландыру үшін қарыз қаражатын беру бойынша коммерциялық банктердің ұсыныстары қаралды. Кездесу нәтижелері бойынша Мәміле жөніндегі қаржылық әріптес ретінде «Ресейдің Жинақбанкі» ААҚ белгіленді.

3) ҚР Үкіметі «Сино-Каз» компаниясының пайдасына «Семізбай-У» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 49%-ын сату бойынша мәміле жасауға ҰАК келісімін беру туралы қаулы қабылдады, яғни ҰАК толық көлемде Әлемдік келісім бойынша өз міндеттемелерін орындады.

Іс жүзінде орташа тізімдік саны 22 474 бірлікті, оның ішінде өндірістік персоналдың 20 240 бірлігін құрады.

«Тау-кен Самұрық» ҰТК» АҚ (бұдан әрі - ТКС) тау-кен металлургия саласын одан әрі дамыту мақсатында, ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 10 қаулысына сәйкес құрылды.

ТКС негізгі қызметі қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып басымды қатты пайдалы қазбаларды (ҚПК) шикізат базасын тиімді игеру, өндірістік активтерді біріктіру және оларды тиімді басқару есебінен компания құнының өсуін жүзеге асыру болып табылады.

Бүгінгі таңда ТКС-да инвестициялық ұсыныстарды әзірлеуді, перспективалық объектілердің геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жобалық қаржыландыруды тартуды, техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуді, стратегиялық әріптестерді тартуды, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығын алуды көздейтін инвестициялық даму кезеңінде тұр.

ТКС құрылымына 2 деңгейдегі 7 компания кіреді, олардың 3-і стратегиялық әріптестермен бірлесіп инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында құрылды.

2013 жылғы 1-жартыжылдық ішінде ТКС-да **мынадай елеулі оқиғалар** болды:

1) Құзыретті органмен Қарағанды облысының Алайғыр кен орнында полиметалл рудаларын өндіруге жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалды;

2) Құзыретті органмен Қарағанды облысының Спасск мыс кен орны аймағында мыс, алтын және ілеспе құрамдауыштарды барлауға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалды;

3) Құзыретті органмен Алматы облысындағы Тұяқ-Темірлік кен орнында мыс, қорғасын, баритті барлауға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалды;

4) Директорлар кеңесі 2013 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енетін «Тау-кен Самұрық» АҚ жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді.

Нақты орташа тізімдік саны 92 бірлікті, оның ішінде өндірістік персоналдың 3 бірлігін құрайды.

«Біріккен химия компаниясы» ЖШС (бұдан әрі – БХК) Қазақстан Республикасы Президентінің ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 13 қазандағы кеңейтілген отырысы барысында берген «химия саласының жобаларымен айналысатын арнайы компания құру» бойынша тапсырмасын орындау үшін құрылды.

БХК қазіргі жергілікті және әлемдік нарықта сұранысқа ие болған химия өнімдерін шығару үшін отандық көмірсутегі және минералдық шикізатты тереңдетіп өңдеуге бағытталған инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру жолымен Қазақстан Республикасында химия өнеркәсібін дамытуға жәрдемдеседі.

2013 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жағдай бойынша БХК активтерінің құрылымы 11 компанияны ұсынды.

Бірлескен бақыланатын БХК ұйымдарына мыналар жатады:

1) «KPI Inc.» ЖШС (51% үлесі) негізгі қызметі Атырау облысында қуаты жылына 500 мың тонна полипропилен өндіру кешенін құру жобасын іске асыру болып табылады.

2) KAPIC FZCO (50% үлесі) оның негізгі қызметі мұнай-химия саласындағы және аралас салалардағы, сондай-ақ Таяу Шығыстың барлық елдерінде мұнай-химия саласының полипропилен өнімдерімен және материалдарымен сауда жасау саласындағы инвестицияларды басқару жобасын іске асыру болып табылады.

БХК қауымдасқан компанияларына мыналар жатады:

1) «KLPE» ЖШС (25% үлесі) оның негізгі қызметі Атырау облысында қуаты жылына 800 мың тонна полиэтилен өндіру кешенін құру жобасын іске асыру болып табылады.

2) «БХК Инжиниринг» ЖШС (25% үлесі) оның негізгі қызметі өнеркәсіп, жер қойнауын пайдалану, экология, құрылыс және инфрақұрылым саласындағы сараптамалық, инжинирингілік және жобалық жұмыстар, сондай-ақ Project Management Consultancy (PMC) сияқты консалтингілік қызметтер, техникалық аудит (Due diligence), өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы, ТЭН әзірлеу және өзге қызметтерді көрсету болып табылады.

3) "Самұрық құзырет орталығы" ЖШС (30% үлесі) оның негізгі қызметі химия саласы үшін кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша жобаны іске асыру болып табылады.

2013 жылдың бірінші жартыжылдығында **мынадай елеулі оқиғалар** болды:

1) «Самұрық - Қазына» АҚ Басқармасының 2013 жылғы 13 ақпандағы № 04/13 шешіміне сәйкес «Жамбыл облысындағы химия паркі» арнайы экономикалық аймағын құру» жобасын іске асыру шеңберінде Серіктестік «Тараз химия паркі АЭА ҚК» АҚ құрылды. Бүгінгі таңда осы жобаның ТЭН мемлекеттік сараптамасы алынды.

2) Сондай-ақ ағымдағы кезеңде Серіктестік «Степногор тау-кен-химия комбинаты» ЖШС-дан (бұдан әрі – «СТХК» ЖШС) «СКЗК» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 22%-ын сатып алуды жүзеге асырды. Осылайша, Серіктестіктің «СКЗК» ЖШС-ға қатысу үлесі 78%-ды құрайды.

Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша іс жүзіндегі орташа тізімдік саны 230 бірлікті, оның ішінде өндірістік персоналдың 45 бірлігін құрады.

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ (бұдан әрі – ҚИ) елдің ірі қорғаныс-өнеркәсіп кәсіпорындарында бірыңғай қаржылық, өндірістік және технологиялық саясатты қамтамасыз ететін холдингілік құрылым болып табылады және ҚР Қорғаныс министрлігінің сенімгерлік басқаруында тұр.

ҚИ миссиясы – ішкі қажеттілік пен экспортты қамтамасыз ету үшін қорғаныс, қос және азаматтық мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, өткізу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысуын қамтамасыз ету.

ҚИ құрылымына 3 деңгейдегі 34 компания кіреді. ҚИ мұнай-газ, теміржол, энергетика, қорғаныс-өнеркәсіптік кешендер үшін, сондай-ақ халықтық тұтыну тауарларын шығаруды қоса алғанда, радиоэлектроника және басқа секторлар салаларында өнімдерді шығаруға және қызметтерді көрсетуге мамандануда.

Есепті кезеңде **мынадай елеулі оқиғалар** болды:

1) Отар кентінде ҚР Қарулы күштері күніне әскери парад өткізіліп, онда Компанияның еншілес ұйымдары өндірген арнайы өнім көрсетілді;

2) «Семей инжиниринг» АҚ-ын ҚР Президенті барып көрді, онда ауыр әскери техниканы жаңғырту процесі көрсетілді;

3) «Қазақстан Aselsan инжиниринг» ЖШС Астана қаласы АЭА аумағында зауыт салуды аяқтауда, жабдықтардың шеф-монтаждау және іске қосу-ретке келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Іс жүзінде орташа тізімдік саны 5 374 бірлікті, оның ішінде өндірістік персоналдың 4 861 бірлігін құрады.

Өндірістік көрсеткіштер. Сегменттің өндірістік көрсеткіштері өзгерістерінің негізгі факторлары:

Атауы	Өлшем бірлігі	1-ші жарты жылдық				Факторлар
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу, (+/-)	Өзгеру, %-бен	
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ уран өндіру көлемі	тонна	10 568	9 652	916	9	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес уран өндіру көлемін ұлғайту
«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ азаматтық мақсаттағы өнімдерін сату көлемі	млн. теңге	6 330	7 572	-1 242	-16	Төмендету 2013 жылы азаматтық мақсаттағы өнімдер бойынша шарттық міндеттемелерді орындаудың негізгі үлесі 2013 жылдың 2-жартыжылдығына тура келіп отырғанымен түсіндіріледі. 2013 жылдың қорытындылары бойынша 18,13 млрд. теңге деңгейіндегі мән (2012 жылы: 14,24 млрд. теңге) күтілуде.
«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ арнайы және қос мақсаттағы өнімдерін сату көлемі	млн. теңге	6 450	2 503	3 947	158	«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ тобы кәсіпорындары өніміне мемлекеттік қорғаныс тапсырысы көлемін елеулі түрде ұлғайту
«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ сервистік қызметтер (инжиниринг) көлемі	млн. теңге	1 114	476	638	134	Ауыр әскери техниканы жаңғырту бойынша сервистік қызметтерге арналған мемлекеттік қорғаныс тапсырысы көлемін елеулі түрде ұлғайту
Өндірісті тоқтатуға немесе экологиялық зиян келтіруге әкеп соқтыратын авариялық ахуалдардың саны	бірлік	0	0	0	-	
Орташа тізімдік саны	адам	28 171	26 554	1 617	6	Операциялық қызметті кеңейтуге байланысты өндірістік персонал санының өсуі
Оның ішінде өндірістік персонал	адам	25 149	23 478	1 671	7	

Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:

Атауы	Өлшем бірлігі	1-жартыжылдық			
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу, (+/-)	Өзгеру, %-бен
Шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	-30,43	11,36	-41,79	-368
EBITDA margin	%	21,81	14,12	7,69	54
ROA	%	-3,51	1,67	-5,18	-310
ROE	%	-5,21	2,90	-8,10	-280

Төменде жиынтық кіріс туралы есептің негізгі элементтерінің өзгерістеріне түсініктер келтіріледі.
млрд. теңге

Атауы	1-жартыжылдық				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу, (+/-)	Өзгеріс, %-бен	
Сатудан алынатын кірістер және пайыздық кірістер	133,6	115,0	18,7	16	Негізінен: - Заттай мәндегі уран шала тотығы-тотығын сату көлемдерінің өсуі (14,9 млрд. теңге); 51,62 АҚШ доллары/фунттан 41,6 АҚШ доллар/фунтқа дейін (-3,7 млрд. теңге) спотты баға белгіленімін төмендету; - АҚШ доллары бағамының 148,2-ден 150,9 теңге/АҚШ долларына дейін (+1,5 млрд. теңге) өсуі;

Атауы	1-жартыжылдық				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу, (+/-)	Өзгеріс, %-бен	
					азаматтық мақсаттағы өнімдер көлемдерінің өсуі (+4,3 млрд. теңге)
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	104,5	91,8	12,7	14	Негізінен: - уран шала тотығы-тотығын, тантал өнімдері, электр энергиясы сату көлемдерінің, уран шала тотығы-тотығын сату бағасының өсуі (7,3 млрд. теңге); - азаматтық мақсаттағы өнімдер өндірісі, арнайы өнімдердің және қос мақсаттағы өнімдер көлемдерінің өсуі (+3,5 млрд. теңге); - тозу мен амортизацияның өсуі (+1,6 млрд. теңге)
Жалпы кіріс	29,1	23,2	6,0	26	
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	0,8	0,3	0,5	157	«Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті» ЖМ алдында шығыстарды өтеу бойынша ҚИ резервін, сондай-ақ кредиттік келісім бойынша «Темірбанк» АҚ алдында кепілдік міндеттеме бойынша резервті қалпына келтіру
Жалпы және әкімшілік шығыстар	14,2	11,8	2,3	20	Негізінен: - ҚАӨ құрамына «Оралэнерго» ЖШС және «КЯУ» ЖШС ұйымдарын қосуға, құрылыс жұмыстарының аяқталуына және «AstanaSolar» ЖШС және «KazakhstanSolarSilicon» ЖШС өндірістік қызметінің басталуына байланысты еңбекақы төлеу бойынша шығыстардың өсуі; - ҚР Президентінің тапсырмасына байланысты ҒЗТКЖ-ға арналған шығыстардың өсуі (+1,6 млрд. теңге)
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	2,6	1,8	0,8	46	Негізінен: - жапон әріптестері арқылы «Аппак» ЖШС сату көлемдерінің өсуі нәтижесінде комиссиялық шығыстардың өсуіне (+228 млн. теңге); - уранның шала тотығы-тотығын сату көлемінің (+159 млн. теңге) өсуіне; - КТЖ-ға «Кедентранссервис» АҚ (+86 млн. теңге) жылжымалы құрамын беру нәтижесінде платформаларды пайдалану бойынша қызметтерді төлемінің өсуіне.
Активтердің құнсыздануынан шығындар	59,6	1,1	58,5	5 551	59,6 млрд. теңге мөлшерінде «Қазцинк» ЖШС-дағы инвестициялардың құнсыздануынан болатын шығынды тануға байланысты
Операциялық қызметтен кіріс/(шығын)	-46,3	8,8	-55,2	-625	
Операциялық емес қызмет, нетто	5,2	-0,9	6,2	648	Негізінен: - Өткен жылдары (+0,4 млрд. теңге) ҚИ тапсырған техникаға кепілдікті қызмет көрсету бойынша резервтерді қалпына келтіруден кірістерді алу нәтижесінде «Семізбай-У» ЖШС бойынша бітімгерлік келісімді іске асыру шеңберінде (+5,7 млрд. теңге) міндеттемелерге түзетпе жасау; «Индра» ЖШС ғимаратын беру, оны бағалау 0,2 млрд. теңгеге теңгерімдік құнынан асып отыр
Қаржылық кіріс	2,8	2,2	0,6	28	Негізінен: «Westinghouse Electric Company LLC» (+0,4 млрд. теңге) алынған дивидендтер сомасының өсуіне; - ағымдағы шоттардағы орташа айлық қалдықтарды ұлғайтуға байланысты (+0,2 млрд. теңге)
Қаржылық шығындар	4,4	6,6	-2,2	-33	Негізінен: «Семізбай-У» ЖШС бойынша бітімгерлік келісімді іске асыру, соның нәтижесінде 2013 жылдан бастап қытайлық әріптестердің атына (-2,6 млрд. теңге) дивидендтерді төлеуге арналған резервтерге есептелінбейді;

Атауы	1-жартыжылдық				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу, (+/-)	Өзгеріс, %-бен	
					• Қарыз алу көлемін ұлғайту (+0,4 млрд. теңге)
Бағамдық айырмадан кіріс/(шығын)	-0,6	-1,3	0,7	52	АҚШ доллары бағамының 148,2-ден 150,9 теңге/АҚШ долларына дейін өсуі
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлесі	18,4	11,9	6,5	54	Негізінен: • «Катко» ЖШС кірістері үлесінің 4,7 млрд. теңгеге өсуі; • Үлестік әдіс бойынша ҚАӨ есепке алатын «Бетпак Дала» ЖШС 1,8 млрд. теңгеге төмендету; • 2013 жылдың 1 ақпанынан 2013 жылдың 30 маусымы аралығында (+3,2 млрд. теңге) сатып алу күнінен бастап «Қазцинк» ЖШС таза пайдасындағы 29,8221% үлеске келетін кірістің үлесі.
Салық салғанға дейінгі пайда/(шығын)	-25,1	14,0	-39,1	-279	
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	5,3	2,7	2,7	101	Салық салғанға дейінгі кірістің өсуі нәтижесінде
Таза пайда/(шығын)	-30,4	11,4	-41,8	-368	

Сегменттің жиынтық кірісі туралы есептің негізгі баптары

Атауы	2013 жылдың 1-жартыжылдығы			2012 жылдың 1-жартыжылдығы			Ауытқу	Өзгеріс, %-бен
	Сатудан кірістерге %-бен	Опер. қызметке арналған шығыстарға %-бен	млрд. теңге	Сатудан кірістерге %-бен	Опер. қызметке арналған шығыстарға %-бен	млрд. теңге		
Сатудан алынатын кірістер және пайыздық кірістер	100	110	133,6	100	109	115,0	18,7	16
Операциялық қызметке арналған шығыстар	91	100	121,2	92	100	105,4	15,8	15
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	78	86	104,5	80	87	91,8	12,7	14
Жалпы кіріс	22	24	29,1	20	22	23,2	6,0	26
Жалпы әкімшілік шығыстар	11	12	14,2	10	11	11,8	2,3	20
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	2	2	2,6	2	2	1,8	0,8	46
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	1	1	0,8	0	0	0,3	0,5	157
Активтердің құнсыздануынан шығындар	45	49	59,6	1	1	1,1	58,5	5 551
Операциялық қызметтен кірістер (шығындар)	-35	-38	-46,3	8	8	8,8	-55,2	-625
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлесі	14	15	18,4	10	11	11,9	6,5	54

Атауы	2013 жылдың 1-жартыжылдығы			2012 жылдың 1-жартыжылдығы			Ауытқу	Өзгеріс, %-бен
	Сатудан кірістер ге %- бен	Опер. қызметке арналған шығыс- тарға %- бен	млрд. теңге	Сатудан кірістерге %-бен	Опер.қызмет ке арналған шығыстарға %-бен	млрд. теңге		
Табыс салығы бойынша шығыстар	4	4	5,3	2	3	2,7	2,7	101
Таза пайда	-23	-25	-30,4	10	11	11,4	-41,8	-368

Есепті кезеңнің қаржылық нәтижелерге негізгі әсері 59,6 млрд. теңге мөлшерінде «Қазмырыш» ЖШС-дағы инвестициялардың құнсыздануынан болған шығындарды тануын көрсетті. Бұл ретте есепті кезеңдегі операциялық қызметке арналған жалпы шығыстардағы өзіндік құнның үлесі 2012 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда төмендеді.

2012 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда есепті кезеңде ЖӘШ өсу қарқыны сатудан түскен кірістердің өсу қарқынымен салыстыруға келмейтінін атап көрсетеміз. Тұтастай алғанда, «Қазмырыш» ЖШС-дағы инвестициялардың құнсыздануынан болған шығындардың әсерін есепке алмағанда сегмент бойынша 2012 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда есепті кезеңде операциялық тиімділікті арттыру атап көрсетілуде.

Оның үстіне, уранға спотты баға кесуді 51,62 АҚШ доллары/фунтынан 41,6 АҚШ доллары/фунтына дейін азайтқан кезде ҰАК бірлесіп бақылайтын және қауымдасқан компаниялары ҰАК 2012 жылғы 1-жартыжылдығымен салыстырғанда есепті кезеңде үлестік кірістердің өсуін, сондай-ақ уранға спотты баға кесуді одан әрі азайтуды қамтамасыз ете алды, қазіргі уақытта ҰАК даму жоспарының баламалы нұсқасын әзірлеуде.

2013 жылдың бірінші жартыжылдығында 2012 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғандағы сегмент бойынша таза пайданың өзгеруінің негізгі факторлары:

Факторлар	Өзгерістер, млрд. теңге
Таза кіріс (есепті кезең ішінде -30,4 млрд. теңге; 2012 жылдың ұқсас кезеңінде 11,4 млрд. теңге)	-41,8
оның ішінде	
«Қазмырыш» ЖШС-дағы инвестициялардың құнсыздануынан шығынды тану	-59,6
«Семізбай-У» ЖШС бойынша бітімгерлік келісімді іске асыру, оның нәтижесінде міндеттемелерге түзетпе жасаудан кірістер алынды және 2013 жылдан бастап қытайлық әріптестердің атына дивидендтер төлеуге резервтер есептелінбейді.	+8,3
Еншілес ұйымдардың уранның шала тотығы-тотығын іске асыру көлемдерінің өсуі және «Қазмырыш» ЖШС таза пайдасындағы үлестің 29,8221%-ына келетін кіріс үлесін қосу нәтижесінде қауымдасқан және бірлескен бақыланатын компаниялардың кірістеріндегі үлестің өсуі	+6,5
Азаматтық мақсаттағы өнімдерді, арнайы және қос мақсаттағы өнімдерді заттай мәндегі уранның шала тотығы-тотығын іске асыру көлемдерінің өсуі нәтижесінде жалпы кірістің өсуі	6,0
КТС бойынша шығыстардың өсуі	-2,7

2013 жылдың бірінші жартыжылдығында осы сегмент бойынша **күрделі шығындар** моральдық ескірген және физикалық тозған жабдықтарды жаңа, барынша прогрессивтімен жаңғыртуға және алмастыруға, жұмыс істеп тұрған кеніштерде өндіру көлемдерін ұлғайту үшін уранды жоспарлы өндіруді қамтамасыз етуге, химиялық саланы дамытуға (күкірт қышқылы, полиэтилен, полипропилен, полимерлі өнім, глифосат, көгертікіш қышқыл және натрий цианиді, бутадиең, жартылай бутадиеңді каучук өндіру), перспективалы объектілердің іздеу және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және іске асыру үшін жобалық қаржыландыруды тарту, ауыр және жеңіл машина жасау зауыттарын жаңғыртуға бағытталды.

Осы сегмент бойынша шығыстар 39,1 млрд. теңгені, олардың ішінде инвестициялық жобаларда – 17,6 млрд. теңге, ЕҰ өндірістік және әкімшілік қызмет үдерісіне тікелей қатысатын өндірістік активтер мен өзге негізгі қаражатты жұмыс жағдайында қолдауға – 14,7 млрд. теңгені құрады.

3.3 «Тасымалдау» сегменті «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (бұдан әрі – «ҚТЖ» АҚ), «Эйр Астана» АҚ, «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ, «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ мынаны қамтиды.

«ҚТЖ» АҚ қызметінің негізгі қызметі багаж, жүк багажы, жүктер және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдауда экономика және халықтың қажеттіліктерін үздіксіз және сапалы қамтамасыз ету болып табылады.

«ҚТЖ» АҚ-ның жалғыз акционері Қор болып табылады. ҚТЖ құрылымына 5 деңгейдегі 95 компания кіреді, оның ішінде ҚТЖ-ға жүз пайыздық үлесі бар 82 компания тиесілі.

«ҚТЖ» АҚ бірлесіп бақылайтын ұйымдарға мыналар жатады:

- «Тұлпар-Тальго» ЖШС, қызметінің негізгі түрі теміржол жолаушы вагондарына жобалау, құрастыру, өндіру, экспорттау, сату және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру болып табылады;
- «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС, қызметінің негізгі түрі жүк және жолаушы электровоздарын шығару болып табылады.

«ҚТЖ» АҚ қауымдасқан компанияларына мыналар жатады:

- «Кедентранссервис» АҚ
- «Росказжелдортранс» ЖШҚ
- «КТС-Логистик» ЖАҚ
- «Қазақстанның көлік холдингі» ЖШС

Көлік түрлері бөлінісіндегі жүк айналымы (ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес):

Көлік түрі	2012 жылғы 6 ай		2013 жылғы 6 ай		өзгеріс	
	көлемі, млн. ткм	Тасымалдау нарығындағы үлесі, %	көлемі, млн. ткм	Тасымалдау нарығындағы үлесі, %	Абсолюттік мәнде, млн. ткм	2012 жылға 2013 жылғы нарықтағы үлеспен өзгеруі, %
Теңіз көлігі	1 945,4	0,87%	1 297,7	1%	-647,7	-0,29%
Өзен көлігі	0,70	0,00031%	0,1247	0,0001%	-0,6	-0,00026%
Әуе көлігі	23,2	0,01%	30,0	0,01%	6,74	0,00%
Құбырлы көлік	51 476,3	23,12%	56 849,8	25,36%	5 373,5	2,25%
Өзге құрлықтағы көлік	55 068,4	24,73%	61 331,1	27,36%	6 262,8	2,63%
Теміржол көлігі	114 181,1	51,27%	104 631,1	46,68%	-9 550,0	-4,59%
ҚР аумағында жүк айналымының жиыны	222 695,03	100%	224 139,82	100%	1 444,79	

Көлік түрлерінің бөлінісіндегі жолаушылар айналымы (ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес):

Көліктің түрі	2012 жылғы 6 ай		2013 жылғы 6 ай		өзгеріс	
	көлемі, млн. пкм	Тасымалдау нарығындағы үлесі, %	көлемі, млн. пкм	Тасымалдау нарығындағы үлесі, %	Абсолюттік мәнде, млн. пкм	Нарықта үлесіндегі өзгеріс, %
Теңіз көлігі	-	0,00%	-	0,00%	-	0,00%
Өзен көлігі	0,70	0,00%	0	0,00%	- 0,58	0,00%
Әуе көлігі	4023,80	4,08%	4 315	3,92%	291,55	-0,16%
Құбыр көлігі	0,0	0,00%	-	0,00%	-	0,00%
Өзге құрлықтағы көлік	86 418,1	87,55%	95 565	86,82%	9 147,30	-0,72%
Теміржол көлігі	8 267,8	8,38%	10 188	9,26%	1 920,00	0,88%
<i>оның ішінде "ҚТЖ" ҰК» АҚ</i>	<i>7 429,0</i>	<i>7,53%</i>	<i>7 931</i>	<i>7,21%</i>	<i>502,00</i>	<i>-0,32%</i>
ҚР аумағы бойынша жолаушылар айналымы жиыны	98 710,40	100%	110 069	100,00%	11 358,27	

Есепті кезеңде «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк айналымы бойынша ішкі нарықтағы үлесі өткен жылғы ұқсас кезеңмен 51,41%-дан 46,68%-ға дейін салыстырғанда 9,2%-ға төмендеді, жолаушылар айналымы бойынша өткен жылғы ұқсас кезеңмен 7,53%-дан 7,21%-ға дейін салыстырғанда 4,2%-ға төмендеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк тасымалдарының ішкі нарықтағы үлесін төмендету негізінен мынадай себептер бойынша болды:

- құрылыс жүктері, қара металдар, темір рудасы, химикаттар және соданы қоспағанда, жүктердің барлық түрлері бойынша тасымалдауды төмендетуге байланысты жүк тасымалдау көлемдерін 9,7% азайту;

- өткен жылдың ұқсас кезеңіне қарай ҚР жүк тасымалы нарығының 0,9%-ға жалпы өсуі;

- өткен жылдың ұқсас кезеңіне көліктің басқа да түрлерімен тасымалдың озық өсуі: автокөлік (+11,4%), әуе көлігі (+29,1%) және құбыр көлігі (10,4%).

Өткен жылғы ұқсас кезеңге жолаушылар айналымы көлемдерінің 6,8%-ға өсуі кезінде жолаушылар тасымалы нарығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ үлесін азайту мына себептер бойынша болды:

- өткен жылдың ұқсас кезеңіне қарай ҚР жолаушылар тасымалы нарығының 12%-ға жалпы өсуі;

- өткен жылдың ұқсас кезеңіне көліктің басқа да түрлерімен жолаушылар тасымалының озық өсуі: автокөлік (+10,6%), әуе көлігі (+7,2%).

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ұйымдары табиғи монополияның мынадай салаларында қызметтер көрсетеді:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ: магистралды теміржол желілері, кіреберіс жолдар, электр энергиясын беру және бөлу қызметтері;

- «Теміржолсу» АҚ: су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелері қызметтері;

Бірінші жартыжылдықтың ішінде ҚТЖ компаниясының мынадай реттелетін қызметтеріне жаңа тарифтер бекітілді:

- Магистралды теміржол желісі қызметтеріне және жүктерді тасымалдау бойынша қызметтерге (локомотивтік тартым, жүк және коммерциялық жұмыс) 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізумен және 8,4%-ға орташа жалпы көтерілуімен;

- Бірінші жартыжылдық ішінде кіреберіс жолдары қызметтеріне жаңа тарифтер бекітілген жоқ;

- 2013 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізумен және ҚР ТМРА 2013 жылғы 21 ақпандағы 60-ОД бұйрығымен 20,2 %-ға жалпы жоғарылауымен электр энергиясын беру және бөлу;

- су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелері қызметтері.

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап «Теміржолсу» АҚ серіктестіктері қызметтердің мынадай түрлеріне жаңа тарифтерді бекітті:

1) су беру (сумен жабдықтау) бойынша қызметтер:

- «Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС 2013 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізумен және орташа тарифтің 48%-ға өсуімен (ескі тариф-233,43 теңге; жаңа тариф-346,15 теңге);

- «Теміржолсу-Қарағанды» ЖШС 2013 жылғы 10 тамыздан бастап қолданысқа енгізумен және орташа тарифтің 31%-ға өсуімен (ескі тариф-426,28; жаңа тариф-559,29);

- «Теміржолсу-Арыс» ЖШС 2013 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізумен және орташа тарифтің 14%-ға өсуімен (ескі тариф-123,6 теңге; жаңа тариф-140,5 теңге).

2) ағыстарды бөлу жөніндегі қызметтер (кәріз):

- «Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС 2013 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізумен және орташа тарифтің 26%-ға өсуімен (ескі тариф-297,1 теңге; жаңа тариф-374,17);

- «Теміржолсу-Қарағанды» ЖШС 2013 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізумен және орташа тарифтің 79%-ға өсуімен (ескі тариф-157,13 теңге; жаңа тариф-280,7 теңге);

- «Теміржолсу-Арыс» ЖШС 2013 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізумен және орташа тарифтің 76%-ға өсуімен (ескі тариф-134,54 теңге; жаңа тариф-236,95 теңге).

3) «Теміржолжылу-Қазалы» ЖШС жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау бойынша қызметтер 2013 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізумен және орташа тарифтің 1%-ға өсуімен.

Есепті кезеңде **мыналар негізгі оқиғалар болды:**

1) «Трансмашхолдинг» ЖАҚ пайдасына «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ға тиесілі «Локомотив құрастыру зауыты» акцияларының 50%-ы сатылды.

2) «Локомотив құрастыру зауыты» құрылымында «Астана Дизель Энджинс» ЖШС құрылды.

3) бірлескен кәсіпорын негізінде 2011 жылғы 17 наурыздағы №80-АҚ Ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2013 жылы 30 мамырда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ға тиесілі «Кедентранссервис» АҚ акцияларының 33%-ын беру жолымен Нидерланды юрисдикциясында тіркелген «Logistic System Management B.V.» компаниясы акцияларының 33%-ын сатып алды.

4) ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 5 наурыздағы № 214 қаулысымен ҚР-да көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

5) «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына жолдауында айтылған ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасын орындау үшін ҚР ККМ 2020 жылға дейін Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуді бастады.

б) Жаңа теміржол желілерін салу бойынша жобаларды іске асыру шеңберінде 2013 жылғы 11 мамырда Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев және Түркіменстанның Президенті Г. Берdimухамедов Болашақ станциясы – Серхетяка станциясы өту бойынша елдердің арасына тура теміржол қатынасын ашты.

Есепті кезең ішінде нақты орташа тізімдік саны 149 787 бірлікті, оның ішінде өндірістік персоналдың 138 974 бірлігін құрады.

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – Эйр Астана) негізгі қызметі азаматтық авиацияның әуе кемелерімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдау болып табылады. Қор (51%) және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» (49%) Эйр Астананың акционерлері болып табылады.

Есепті кезеңде Эйр Астананың ішкі бағыттар бойынша жолаушылар авиатасымалы нарығындағы үлесі шамамен 75,4%-ды, халықаралық бағыттар бойынша – 48,3%-ды құрады. Жүк тасымалдарының көлемі есепті кезеңде ішкі бағыттар бойынша 9,2%-ға, халықаралық бағыттар бойынша – 20,8%-ға өсті

Эйр Астана тұрақты ішкі республикалық авиатасымалдары қызметтері нарығында басым жағдайды алып отыр. 2013 жылдың 2 ақпанынан бастап ішкі бағыттар бойынша жолаушыларды тасымалдау бойынша қызметтерге мынадай тарифтер бекітілді:

Бағдар		Тариф, теңгемен	
		Бір жағына қарай	Бару-қайту жолы
Алматы	Астана	23 713	47 426
Алматы	Ақтау	32 609	65 218
Алматы	Атырау	40 803	81 606
Алматы	Ақтөбе	32 250	64 500
Алматы	Қарағанды	29 531	59 062
Алматы	Қызылорда	21 543	43 086
Алматы	Павлодар	32 865	65 730
Алматы	Өскемен	29 438	58 876
Алматы	Шымкент	23 540	47 080
Астана	Ақтөбе	27 793	55 586
Астана	Атырау	33 621	67 242
Астана	Өскемен	22 636	45 272
Астана	Қызылорда	22 757	45 514
Астана	Қостанай	26 493	52 986
Ақтау	Атырау	15 461	30 922

Есепті кезеңде мыналар негізгі оқиғалар болды:

1) Инновациялық қанаттарының ұштары – «шарклеттермен» жарақтандырылған өздерінің Embraer 190 және Airbus A320 ұшақтары жеткізілді.

2) Әуе кемелері флотынан Fokker 50 үлгісінде шығаруды жүзеге асырды және оларды өңірлік турбиналық бұрамалы Embraer 190 ұшағына алмастыру жүргізілді. Авиакомпанияның әуе кемелері паркі батыс өндірісінің 26 бірлігінен тұрады, 2020 жылға қарай 37 әуе кемесіне дейін паркті одан әрі ұлғайту жоспарлануда.

3) Компанияның техникалық қызмет көрсету және авиациялық қауіпсіздік деңгейі жетекші әлемдік авиакомпаниялар деңгейіне сәйкес келеді: Эйр Астана IOSA операторларының тізіліміне енгізілген, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша отынның инспекциялық есептерімен белсенді ынтымақтасатын және айырбастайтын авиакомпаниялар тобы – Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы (IFQP – IATA Fuel Quality Pool) құрамына кіретін авиаотын сапасы бойынша біріктірілген топтың мүшесі болып табылады.

4) Мынадай: Алматы-Хошимин, Алматы-Киев, Алматы-Казань, Астана-Бішкек, Астана-Киев, Астана-Оренбург, Атырау-Мәскеу бағыттары бойынша жаңа рейстер ашылды.

5) Авиакомпания тағы да Skytrax агенттігінің 4 жұлдызды рейтингіне лайық болды, сондай-ақ «Орталық Азия мен Үндістандағы ең үздік авиакомпания» деп аталды.

6) Қазақстан және Түркия арасындағы екі тасымалдаушы қызмет көрсететін бағыттар бойынша Turkish Airlines авиакомпаниясымен кодшерингтік келісім жасасты.

Есепті кезеңде іс жүзінде орташа тізімдік саны 4 001 бірлікті, оның ішінде өндірістік персоналдың 3 146 бірлігін құрайды.

«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ, «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ негізінен әуежай қызметі бойынша қызметтерді, оның ішінде әуе кемелерін қабылдау, шығару және қызмет көрсету, багажды, жүктерді, поштаны өңдеу, оларды қарау және бақылау, иондаушы сәуле көздерімен және радиоактивті заттармен айналысу; ұшуларды метеорологиялық қамтамасыз ету,

ұшулар қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету бойынша, әуе кемелерін, объектілерін және әуежай қызметтерін жанар-жағармай материалдарымен және арнайы сұйықтармен қамтамасыз ету бойынша, олардың сапасын бақылау, сондай-ақ сондай-ақ авиациялық және автомобиль көлігіне арналған жанар-жағармай материалдарын және арнайы сұйықтарды сатып алу, сақтау, өткізу, оның ішінде көтерме-бөлшек сауда бойынша қызметтер көрсетеді.

«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ және «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ іс жүзінде әуе кемелерінің барлық түрлерін қабылдайды және қызмет көрсетеді, 2013 жылдың 1-жартыжылдығы ішінде шамамен 4 000 бірлік әуе кемесіне қызмет көрсетілді, негізінен мынадай бағыттар бойынша:

- Ақтөбе-Алматы, Ақтөбе-Астана, Ақтөбе-Мәскеу, Ақтөбе-Атырау, Ақтөбе-Ақтау, Ақтөбе-Анталия, чартерлік рейстер;

- Атырау-Астана, Атырау-Алматы, Атырау-Ақтау, Атырау-Ақтөбе, Атырау-Орал, Атырау-Қызылорда, Атырау-Шымкент, Атырау-Мәскеу, Атырау-Стамбул, Атырау-Амстердам. Чартерлік рейстер бүкіл әлем бойынша орындалады, алайда мыналар Дубай, Анталия, Баку, Тбилиси негізгі бағыттар болып табылады. Ең көп жолаушылар ағыны Астана, Алматы, Мәскеу, Амстердам және Стамбул қалаларының бағыттарында белгіленіп отыр.

- Павлодар-Астана, Павлодар-Алматы, Павлодар-Мәскеу, Павлодар-Минск, Павлодар-Санкт-Петербург, Павлодар-Анталия.

Әуежайлар табиғи монополияның мынадай салаларында қызметтер көрсетуде:

- әуе кемелерінің ұшу-конуын қамтамасыз ету
- ӘК авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- 3 сағаттан артық ӘК нормативтен артық тұрақты ұсыну
- базалық аэродромда ӘК тұрағын ұсыну
- электр энергиясын беру және бөлу
- әуе кемелерін, жолаушыларды қабылдау, шығару және қызмет көрсету, багажды, жүктерді, поштаны өңдеу, оларды қарау және бақылау, иондаушы сәуле көздерімен және радиоактивті заттармен айналысу;

- ұшуларды метеорологиялық қамтамасыз ету;
- әуежай қызметін қамтамасыз ету мақсатында медициналық және дәрігерлік қызметпен айналысу;

- әуе кемелерін, объектілерді және әуежай қызметтерін жанар-жағармай материалдарымен және арнайы сұйықтармен қамтамасыз ету, олардың сапасын бақылау, сондай-ақ авиациялық және автомобиль көлігіне арналған жанар-жағармай материалдарын және арнайы сұйықтарды сатып алу, сақтау, өткізу, оның ішінде көтерме-бөлшек;

- Заңнамамен тыйым салынбаған және қызметпен технологиялық байланысты қызметтің өзге де түрлері.

Бәсекелес нарықтағы қызметтердің басым болатын түрлері: ӘК ыңғайласпа-шығару, транзиттік нысан бойынша техникалық қызмет көрсету, жолаушыларға қызмет көрсету, жүктерді өңдеу, авиа жанар-жағармаймен қамтамасыз ету, тасымалдау процесіне қатысатын үй-жайларды жалдау, мұнай өнімдерін сақтау.

2013 жылдың 1-жартыжылдығы ішінде қызметтерге арналған тарифтер қайта қаралған жоқ.

Есепті кезеңде әуежайлардың кінәсі бойынша авиациялық және төтенше оқиғалар тіркелген жоқ.

2013 жылғы 1-жартыжылдықтағы мынадай елеулі оқиғаларды атап көрсетеміз:

1) «Атырау» халықаралық әуежайы» АҚ сатып алудың электронды жүйесіне 100% өтуін жүзеге асырды.

2) «Павлодар әуежайы» АҚ САБ ғимаратының жөндеу жұмыстарын аяқтады, бұл аэровокзал алаңын жалға беру үшін босатуға мүмкіндік берді.

Өндірістік көрсеткіштер. Сегменттің өндірістік көрсеткіштері өзгерістерінің негізгі факторлары:

Атауы	Өлшем бірлігі	1-жартыжылдық				Түсініктер
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс %-бен	

Тарифтік жүк айналымы	млн. ткм	104 939	116 229	-11 290	-9,7	Жүктерді тасымалдау көлемдерін 6,3%-ға төмендету, оның ішінде көмір, шикі мұнай, астық, мұнай өнімдері және өзге де жүктер бойынша. Тасымалдауды азайту әлемдік экономиканың нашар өсуімен байланысты, ол өнеркәсіп салаларының өсу қарқындарын баяулатуға теріс әсерін тигізуді жалғастыруда
Жолаушылар айналымы	млн. пкм	7 931	7 429	502	6,8	Өсу Қарағанды станциясына дейін «Павлодар-Астана» қатынасымен № 673/674 поезының бағытын және Орал станциясына дейін «Ақтөбе-Астана» қатынасымен № 57/58 поезының бағытын 2013 жылдың 1 қаңтардың басынан ұзартумен, сондай-ақ поездар ара қатынасының құрамдылығы мен кезеңділігін өзгертумен түсіндіріледі
Тасымалданған жүктер	млн. тонна	134 455	143 570	-9 115	-6,3	Химикаттар және содалар, құрылыс жүктері, түрлі түсті рудалар, химиялық және минералды тыңайтқыштарды қоспағанда, жүктердің барлық түрлері бойынша тасымалдауды азайту
Жүк тиеу	млн. тонна	120 047	127 142	-7 095	-5,6	Түрлі түсті рудаларды, құрылыс жүктерін, химикаттар мен соданы қоспағанда, жүктердің барлық түрлері бойынша жүй тиеуді азайту
Тасымалданған жолаушылар	мың адам	1 698	1 525	173	11,3	Операциялық қызметті кеңейту: авиатасымалдау бойынша жаңа бағыттар ашу
Тартылатын жолаушы километрлері	млн. пкм	5 383	4 480	903	20,2	(Алматы-Хошимин, Астана-Пекин, Алматы-Киев, Алматы-Казань, Астана-Бішкек, Астана-Киев, Астана-Омбы, Астана-Орынбор, Атырау-Мәскеу), жұмыс істеп тұрған бағыттарда жиіліктерді ұлғайту, әуе кемелері паркін жаңарту (Fokker 50 үлгісіндегі ӘК Embraer 190 турбиналы-бұрандалыға ауыстыру)
Орындалған жолаушы километрлері	млн. пкм	3 412	2 955	457	15,5	Авиатасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерге сұранысты ұлғайту есебінен
Тасымалданған жүктер, багаж және пошталар	мың тонна	11 273	9 632	1 641	17,0	Төмендету, негізінен, ҚТЖ әзірлеген «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі бағдарлама шеңберінде санды қысқарту жөніндегі іс-шараларды іске асырумен байланысты болып отыр
Қызметкерлердің орташа саны	адам	153 788	155 306	-1 518	-1,0	

Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:

Атауы	Өлшем бірлігі	1-жартыжылдық			
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу, (+/-)	Өзгеріс, %-бен
Шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	61,9	62,2	-0,3	-0,4
EBITDA margin	%	160	162	-2,5	-1,5
ROA	%	2,8	3,4	-0,6	-17,8
ROE	%	2,8	3,5	-0,7	-20,3

Төменде жиынтық кіріс туралы есептің негізгі элементтері өзгерістеріне түсініктер келтіріледі.

Атауы	1-жарты жылдық, млрд. теңге				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс %-бен	
Сатудан түскен кірістер	463,9	435,1	28,8	6,6	Жүк тасымалдаудан кірістердің 4,3%-ға (14,3 млрд. теңге) өсуі, мыналардың есебінен: • Жүк қозғалысындағы тарифтердің 8,4%-ға өсуі; • Жолаушы қозғалысындағы жолаушылар айналымы көлемдерінің 6,8%-ға және

Атауы	1-жарты жылдық, млрд. теңге				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс %-бен	
					тарифтердің 10% және 12%-ға өсуі; • Қосымша алымдар бойынша ставканың орташа есеппен 14,2%-ға өсуі (жалпы пайдаланудағы жүктерді сақтау, магистралда, станцияларда, кіреберіс жолдарда жүк вагондарының бос тұрып қалуы) • 2012 жылғы сәуірден бастап ішкі бағыттарда отын жинауды жүргізу (3,3 млрд. теңге).
Мемлекеттік субсидиялар	12,0	11,2	0,8	7,3	«Жолаушылар тасымалы» АҚ жүргізуіне № 309/310 жолаушы поезын беру. Астана-Жезқазған бағытында 1 жиілікті қысқарту, сондай-ақ Есеп комитетінің тексерісі нәтижесінде мемлекеттік қазынаны 65 млн. теңге көлемінде қайтару.
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	321,7	300,1	21,2	7,1	Негізінен мыналар бойынша: • ЕТҰ қызметкерлеріне жалақыны жоғарылатуға байланысты еңбекақы төлеуді 3%-ға (2,7 млрд. теңге); • бағаның 18,4%-ға өсуі есебінен (1 квт/сағ үшін 8,1 теңгеден 9,6 теңгеге дейін) электр энергиясын 17,5%-ға (2,6 млрд. теңге); • жаңа объектілерді пайдалануға енгізу есебінен негізгі құралдардың тозуын 20,2%-ға (6,9 млрд. теңге); • өзге шығыстарды 56,9%-ға (2,9 млрд. теңге) негізінен, жүк вагондарының жүксіз жүрісі бойынша (1,8 млрд.теңге), жол техникасын және тараптық ұйымдардан жолаушы вагондарын (0,2 млрд. теңге) жалдау бойынша, өзге туынды емес шығыстар бойынша (0,4 млрд. теңге), медициналық қызметтерге және іссапар шығыстарына (0,4 млрд. теңге) шығындарының өсуі есебінен; 2012 жылғы 1 шілдеден бастап «Қазақавианавигация» РМК 100% төмендететін коэффициенттің күшін жоюына байланысты операциялық қызметті кеңейту, сондай-ақ авионавигацияға арналған шығыстардың өсу (1,1 млрд.теңге) шығындарын ұлғайту.
Жалпы әкімшілік шығыстар	39,5	39,0	0,5	1,3	Негізінен мыналар бойынша: • активтердің құнсыздануы бойынша шығындардың 0,7 млрд. теңгеге және актуарлық есептеулердің 0,9 млрд. теңгеге өсуіне байланысты резервтерді 2,1 есеге (1,4 млрд.теңге); • резидент емеспен КТС фактісі бойынша көрсетілгенге және іс жүзінде көрсетілген есепке жатқызылмаған ҚҚС-ға байланысты салықтарды 8,3%-ға (0,8 млрд. теңге); • ерікті медициналық сақтандыру бойынша шығыстарды ұлғайтуға, айыппұл санкцияларын төлеуге және техникалық аудит бойынша шығыстарды көрсетуге байланысты өндірістік сипаттағы жалпы шығыстарды 34,5%-ға (0,7 млрд. теңге); • ҚР басқа қалаларында өкілдіктерді ашуына байланысты еңбекақы төлеу бойынша (0,2 млрд. теңге) шығындарды ұлғайту.
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	2,7	3,3	-0,7	-20,5	Авиабилеттерді онлайн-брондау және сатып алу сапасын жақсарту нәтижесінде комиссиялық сыйақыларды қысқарту
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	0,1	0,3	-0,2	-71,7	Машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары бойынша негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіру

Атауы	1-жарты жылдық, млрд. тенге				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс %-бен	
Активтердің құнсыздануынан шығындар	0,9	0,3	0,7	227,4	Негізгі құралдар активтерінің құнсыздануынан болған шығындар (негізінен инфрақұрылым бойынша).
Қаржылық кіріс	2,6	1,4	1,1	76,6	Ағымдағы шоттарда тұрған ақша қаражаты қалдықтарына есептелетін сыйақыны ұлғайту есебінен.
Қаржылық шығындар	19,4	13,9	5,5	39,6	Валюталар бағамын ұлғайту, Libor ставкасын өзгерту және еурооблигацияларды шығару жолымен 2012 жылдың 2-жартыжылдығында 300 млн. АҚШ доллары сомасына қосымша қарызды тарту есебінен
Операциялық қызметтен кірістер (шығындар)	99,3	92,0	7,4	8,0	
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлесі	0,2	0,1	0,1	30,1	«ҚТЖ» ҰК» АҚ қауымдасқан компанияларының қаржылық нәтижесін жақсарту есебінен.
Табыс салығы бойынша шығыстар	18,5	18,3	0,2	1,1	
Тоқтатылған операциялардан пайда/(шығын)	2,7	0,0	2,7	-	Алынған топшілік айналымдарды есепке ала отырып, 2013 жылдың 1-жартыжылдығы ішінде «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ (акцияларының 50%-ы) іске асыратын қызмет нәтижелеріне байланысты 5 «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» IFRS ҚЕХС талаптарына сәйкес тоқтатылған қызметтен жылына шығын ретінде бір жол көрсетілген.
Таза пайда	61,9	62,2	-0,3	-0,4	

Сегменттің жиынтық кірісі туралы есептің негізгі баптары

Атауы	2013 жылдың 1-жартыжылдығы			2012 жылдың 1-жартыжылдығы			Ауытқу , млрд. тенгемеге	Өзгеріс, %-бен
	Сатудан түскен кірістерге %	Операциялық қызметке арналған шығыстарға %	млрд. тенге	Сатудан түскен кірістерге %	Операциялық қызметке арналған шығыстарға %	млрд. тенге		
Сатудан түскен кірістер және пайыздық кірістер	100	127	464	100	127	435	29	7,0
Операциялық қызметке арналған шығыстар	78,7	100	365,2	78,8	100	342,9	22,3	6,5
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	69	88	322	68	87	300	22	7,3
Жалпы кіріс	30,6	39	142	28	39	135	7	5,9
Жалпы әкімшілік шығыстар	8,5	10,8	39,5	8,9	11,4	39	0,5	1,3
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	0,6	0,7	2,7	0,8	1,0	3,3	-0,7	-20,5
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	0,02	0,02	0,09	0,07	0,09	0,31	-0,22	-71,7
Активтердің құнсыздануынан шығындар	0,20	0,25	0,94	0,07	0,08	0,29	0,65	227,4
Операциялық қызметтен кірістер (шығын)	21,3	27	99	21,1	26,8	92	7	8,0

Атауы	2013 жылдың 1-жартыжылдығы			2012 жылдың 1-жартыжылдығы			Ауытқу , млрд. теңгеме н	Өзгеріс, %-бен
	Сатудан түскен кірістерге %	Операциялық қызметке арналған шығыстарға %	млрд. теңге	Сатудан түскен кірістерге %	Операциялық қызметке арналған шығыстарға %	млрд. теңге		
Қаржылық кірістер	0,6	0,7	2,6	0,3	0,4	1,4	1,1	76,6
Қаржылық шығыстар	4	5	19,4	3	3	13,9	5,5	39,6
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлесі	0,07	0,09	0,2	0,05	0,06	0,1	0,1	30,1
Табыс салығы бойынша шығыстар	3,99	4,93	18,5	4,27	5,25	18,3	0,2	1,1
Тоқтатылған операциялардан пайда/(шығын)	0,6	0,7	2,7	0,0	0,0	0,0	0	2,7
Таза пайда	13,3	16,9	61,9	14,3	18,1	62,2	-03	-0,5

ҚТЖ 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес магистралды инфрақұрылымға сүйенетін блокқа одан әрі қосылуымен ҚТЖ-дағы коммуналдық қызмет көрсететін «Теміржолсу» АҚ және «Теміржолсужылуменжабдықтау» АҚ активтерін оңтайландыру жөніндегі іс-шараларға сәйкес шығындарды оңтайландыру мақсатында.

ҚТЖ Қормен бірлесіп 2015 жылға дейін шығындарды қысқарту бағдарламасын әзірледі.

2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2013 жылдың бірінші жартыжылдығындағы сегмент бойынша *таза пайданың* өзгеру факторлары:

Факторлар	Өзгерістер, млрд. теңге
Таза кіріс (есепті кезең ішінде 61,9 млрд. теңге; 2012 жылдың ұқсас кезеңі ішінде 62,2 млрд. теңге)	-0,3
Оның ішінде мыналарға байланысты:	
операциялық қызметтің тиімділігін арттыру	7
ағымдағы шоттарда тұрған ақша қаражатының қалдықтарына есептелетін сыйақыны ұлғайту	1,1
валюталар бағамын ұлғайту, Libor ставкасын өзгерту және еурооблигацияларды шығару жолымен 2012 жылдың 2-жартыжылдығында 300 млн. АҚШ доллары сомасында қосымша қарыз тартумен өзге	-7
	-1,4

2013 жылдың бірінші жартыжылдығында осы сегмент бойынша **күрделі шығындар** 155,4 млрд. теңгені, олардың ішінде дамытуға – 120,4 млрд. теңгені, ЕҰ өндірістік және әкімшілік қызметі процесіне тікелей қатысатын өндірістік активтер мен өзге негізгі құралдарды жұмыс жағдайында қолдауға - 25 млрд. теңгені, өзге - 10 млрд. теңгені құрайды.

2013 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде мыналар бойынша күрделі жөндеу жүргізілді:

- 5 331 млн. теңге сомасында жолдың үстіңгі құрылысы, 92 км;
- 2 196 млн. теңге сомасында жүк вагондары, 336 бірлік;
- 831 млн. теңге сомасында жолаушы вагондары, 22 бірлік;
- 1 840 млн. теңге сомасында локомотивтер, 21 бірлік.

Жолдың үстіңгі құрылысына және жылжымалы құрамға жүргізілген күрделі жөндеу мыналарға мүмкіндік береді:

- жолдың жағдайын жақсарту, қайта жіберілген тоннажы бар жол учаскесін жою, пойыздар қозғалысы жылдамдығын арттыру, жолдың жалпы ескіруінің алдын алу, учаскелердің өткізу қабілетін ұлғайту және поездар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- жүк жөнелтушілердің жылжымалы құрам паркінде қажеттілігін және локомотив тартымын қамтамасыз ету, жолаушылар тасымалының сапасын және қолайлылығын арттыруға;
- негізгі құралдардың тозу деңгейін төмендетуге.

Есепті кезеңде:

- 6 548 млн. теңге сомаға жүк вагондарының 467 бірлігі;
- 21 017 млн. теңге сомаға жолаушылар вагондарының 139 бірлігі;
- 29 324 млн. теңге сомаға Эволюшн локомотивтерінің 45 бірлігі.

2013 жылдың бірінші жартыжылдығында мынадай ірі инвестициялық жобалар аяқталды:

- «Шиелі станциясының жұпты қылтасын қайта жөндеу (НОД-10)» (0,6 млрд. теңге);
- «Есептеулер мен есептердің бірыңғай корпоративтік орталығының автоматтандырылған кешені» БҚ әзірлеу және енгізу бойынша қызметтер (өзара есеп айырысудың бірыңғай корпоративтік жүйесі (орталығы) (ЕБКО)» (0,5 млрд.теңге);
- «Екібастұз, Жаңа-Ауыл» станцияларындағы (0,5 млрд. теңге) қозғалыстарда жүктерді және вагондардың тұтастығын бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу».

2013 жылдың бірінші жартыжылдығында компания пойыздың қирауының 2 оқиғасын және қозғалыс қауіпсіздігін бұзу себебі бойынша жылжымалы құрамның шығуының 10 оқиғасын тіркеді.

Компания қозғалыс қауіпсіздігі бұзушылықтарын төмендету бойынша мынадай жұмыстар жүргізді:

- барлық меншік нысанында 5 499 вагонға арналған «бағыттауға тыйым салу» белгісі орнатылды;
- ОТБ-де вагондарға техникалық қызмет көрсетілуін тұрақты бақылау;
- Қозғалыс қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыс және оны жақсарту шаралары туралы дирекциялар, департаменттер және тәуелді акционерлік қоғамдардың басшыларын тыңдау.
- поездар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды, еңбекті қорғаудың жекелеген мәселелерін, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды, көктемгі комиссиялық тексеруге дайындау сапасын, сондай-ақ Жамбыл, Шымкент, Қарағанды жолдарының бөлімшелерінде 2012-2013 жылдары қыстан шығуға бөлімшелер, инфрақұрылым және техниканың дайындығын ұйымдастыруды жоспарлы тексеру;
- теміржол бөлімшелерінің шекараларында орналасқан шаруашылықтарда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырылуын тексеру;
- 1628 тексеріс, оның ішінде 352 түнгі тексеріс жүргізілді;
- 272 станциялық жол, 440 бағыттаушы ауыстырулардың бар шегіністері бар поездар қозғалысы үшін жабылған, жылдамдық жолдың 531 км-де және 183 бағыттаушы ауыстыруларда шектелді.

3.4. «Энергетика» сегменті Қордың мынадай компанияларын қамтиды: **«Самұрық-Энерго» АҚ** (бұдан әрі – Самұрық-Энерго) және **«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ (KEGOC)** (бұдан әрі – KEGOC), олар осы сегменттегі ірі кәсіпорындар болып табылады, **«КОРЭМ» АҚ** (бұдан әрі – КОРЭМ), **«Ш. Шөкин атындағы Энергетика ҚазҒЗИ» АҚ** (бұдан әрі – ҚазҒЗИ) және **«Қарағандыгипрошахт және К» АҚ** (бұдан әрі – Қарағандыгипрошахт).

Самұрық-Энерго қызметінің негізгі түрлері электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және бөлу, энергетикалық көмір өндіру, сондай-ақ энергетика объектілерін қайта жөндеу, кеңейту және салу.

Самұрық-Энерго активтерінің құрылымы 4 деңгейдегі 38 компаниядан тұрады.

«Балқаш жылу электр станциясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Балқаш ЖЭС» АҚ) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Балқаш ЖЭС» АҚ Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үлкен кенті.

2012 жылы ақпанда Балқаш ЖЭС салуға 75%-1 акциясының инвестицияларын тарту мақсатында «Балқаш ЖЭС» АҚ-ны Samsung (Оңтүстік Корея) компаниясына сатты. «Балқаш ЖЭС» АҚ акционерлері мыналар болып табылады:

- «Самұрық-Энерго» АҚ – 25% плюс 1 акция.
- Samsung компаниясы (Оңтүстік Корея) – 75% минус 1 акция.

«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС

«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы.

Екібастұз МАЭС-1 қатысушылары мыналар болып табылады:

- «Самұрық-Энерго» АҚ – жарғылық капиталдағы үлесінің 50%-ы.
- «Ekibastuz Holdings B. V.» ЖШС – жарғылық капиталдағы үлесінің 50%-ы.

Станцияның белгіленген қуаты – 4 000 МВт (500 МВт бойынша 8 блок).

Қазақстанда электр энергиясын өткізу нарықтары: Солтүстік, Орталық, Шығыс, Оңтүстік өңірлер, сондай-ақ Ақтөбе облысы.

Екібастұз МАЭС-1 қазақстандық тұтынушыларға электр энергиясын жеткізулермен бірге станция және «ИТЕР РАО ЕЭС» ААҚ арасында жасалған шарт шеңберінде сағат сайын 300 МВт-ға дейінгі көлемде Ресейдің энергия жүйесіне жеткізілімді жүзеге асырады.

«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ

«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ Жарғысын басшылыққа алады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Солнечный кенті.

«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ акционерлері мыналар болып табылады:

- «ИТЕР РАО ЕЭС» ААҚ (Ресей) – 50% акциясы.
- «Самұрық-Энерго» АҚ – 50% акциясы.

Станцияның белгіленген электр қуаты – 1 000 МВт.

Электр энергиясын өткізу нарықтары: Қазақстанның Солтүстік, Орталық, Шығыс, Оңтүстік өңірлер және Ақтөбе облысы.

«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл МАЭС» АҚ

«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл МАЭС» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ЖМАЭС) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы.

«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл МАЭС» АҚ акционерлері мыналар болып табылады:

- «Самұрық-Энерго» АҚ – 50% акциясы.
- «Таразэнерго-2005» ЖШС – 50% акциясы.

Қызметінің негізгі түрі: электр энергиясын өндіру.

Белгіленген қуаты: 1 230 МВт (3x200 МВт + 3x210 МВт).

Электр энергиясын өткізу нарықтары: Қазақстанның Оңтүстік өңірі.

«Forum Muider B.V.»

«Forum Muider B. V.» компаниясы – Нидерландыда тіркелген және «Богатырь Көмір» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-ын иеленетін холдингілік компания болып табылатын 50/50% иелену үлестерімен тең «РУСАЛ» біріккен компаниясымен бірлескен кәсіпорын.

«Богатырь Көмір» ЖШС

«Богатырь Көмір» ЖШС Қазақстандағы ең ірі көмір өндіруші кәсіпорын болып табылады: компанияның үлесіне елде көмір өндірудің жалпы көлемінің 38%-ға жуығы тура келіп отыр.

«Богатырь Көмір» ЖШС Жалғыз қатысушысы «Forum Muider B. V.» компаниясы болып табылады. Қазіргі уақытта «Богатырь Көмір» ЖШС разрездерінің жобалық қуаты жылына көмірдің 42 млн. тоннасын құрайды («Богатырь» разрезі – 32 млн тонна, «Солтүстік» разрезі – 10 млн тонна).

«Богатырь» разрезінде өндірудің автомобиль-конвейерлік технологиясына өтуімен өндірісті жаңғырту бағдарламасын іске асыруды ескере отырып (2017 жылдың аяғына дейін) «Богатырь» разрезінің өндірістік қуаты 40 млн. тоннаны құрайды. Ұқсас жоба «Солтүстік» разрезінде де іске асырылатын болады.

Төменде Қоғамның электр станцияларының белгіленген және орналастырылатын қуаты және электр беру желілерінің ұзындығы бойынша кесте келтірілген:

ЕТҮ атауы	Белгіленген қуаты, МВт	Орналастырылатын қуаты, МВт
Электр станциялар		
Екібастұз МАЭС-1	4 000	2 757
Екібастұз МАЭС-2	1 000	927
Жамбыл МАЭС	1 230	1 074
АлЭС	1 239	940
Ақтөбе ЖЭО	88	76
Гидроэлектр станциялар		
"Мойнак СЭС" АҚ	300	300
"Шардара СЭС" АҚ	100	75
Беру және бөлу (ЭБЖ ұзындығы, км)		
"АЖК" АҚ	28 943	
"МЭТК" АҚ	6 170	
«ШҚ ЭТК» АҚ	34 797	

«Шардара СЭС» АҚ 2013 жылға арналған инвестициялық міндеттемелерін орындау туралы» ҚР

Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен 2012 жылғы 13 қарашадағы № 248 келісім негізінде, ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы № 392 қаулысына сәйкес «Шардара СЭС» АҚ үшін 1 кВтсағат үшін 3,90 теңге мөлшерде 2013 жылға арналған шекті тариф белгіленді. 2012 жылы іс жүзіндегі орташа тариф 3,50 теңге деңгейінде, 2013 жылғы 1-жартыжылдық ішінде бекітілген шекті – 3,90 теңге/кВтсағ деңгейінде қалыптасты.

ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі және «АлЭС» АҚ арасында жасалған 2012 жылғы 8 қарашадағы № 242 келісімге сәйкес 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап электр энергиясын сату 7,80 теңге/кВтсағ. бекітілген шекті тариф бойынша жүзеге асырылды, тиісінше іс жүзіндегі тариф бекітілген деңгейінде қалыптасты.

ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 234 инвестициялық міндеттемелерді орындау туралы келісіміне сәйкес 2013 жылға «Ақтөбе ЖЭО» АҚ үшін электр энергиясын сатуға арналған тариф 6,70 теңге/кВтсағ. мөлшерінде шекті тариф деңгейінде бекітілді. Тиісінше 2013 жылғы 1-жартыжылдық ішіндегі нақты тариф бекітілген деңгейінде қалыптасты.

ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті 2013 жылғы 4 қаңтардағы №04 бұйрықпен № 140-ОД «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС орташа жіберу тарифін ҚҚС-сыз 13,56 теңге/кВтсағ мөлшерінде келісті (2013 жылғы 3 қаңтардағы №02-13/09 хаты), енгізу 2013 жылдың 10 қаңтарынан бастап жүргізілді (2013 жылғы 4 қаңтардағы №04 бұйрығы). Бұл ретте «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС орташа жіберу тарифі 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап «АлатауЖарықКомпаниясы» АҚ желілері бойынша электр энергиясын тасымалдауға бағаны 9,5%-ға және қуатты реттеу бойынша қызметтерді 7,3%-ға арттыру нәтижесінде 13,46 теңге/кВтсағ мөлшерінде қалыптасты. Жоспарланған 1,3%-ға қарсы жіберу тарифін ұлғайтудан алынған кіріс 495,8 млн. теңгені құрады.

ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Алматы қаласы №140-ОД және Алматы облысы №372-ОД бойынша департаменттерінің 2012 жылғы 23 қарашадағы бірлескен бұйрығымен 2013 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген 2 536,86 теңге/Гкал мөлшерінде жылу энергиясын өндіру бойынша қызметтерге арналған тариф бекітілді. Іс жүзіндегі тариф 2013 жылдың 1-жартыжылдығында бекітілген - 2 536,86 теңге/Гкал деңгейінде қалыптасты.

Ақтөбе облысы бойынша ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі департаменттерінің 2013 жылғы 18 қаңтардағы № 9-ОД бұйрығымен 2013-2015 жылдарға арналған орташа мерзімді кезеңде жылу энергиясына шекті тарифтер, «Трансэнерго» АҚ тұтынушылары үшін 857,94 тг/Гкал мөлшерінде және өнеркәсіптік тұтынушылар үшін – 1 709,43 тг/Гкал болып бекітілді. Орташа жіберудің іс жүзіндегі тарифі 2013 жылдың 1-жартыжылдығында 897,94 теңге/Гкал деңгейінде қалыптасты.

Маңғыстау облысы бойынша ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі департаментінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №155-ОД бұйрығымен «МРЭК» АҚ үшін 3,10 теңге/кВтсағ., оның ішінде халық үшін – 1,90 тг/кВтсағ., «Электржүйелері» ЖШС- 2,39 теңге/кВтсағ мөлшерінде 2013 жылға арналған ЧРМ ретінде электр энергиясын беру және бөлуге арналған тарифтер болып бекітілді. 2013 жылдың 1-жартыжылдың ішіндегі нақты тарифтер көрсетілген топтар бойынша бекітілгендер деңгейінде қалыптасты.

Алматы қаласы №139-ОД және Алматы облысы №371-ОД бойынша ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі департаменттерінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы бірлескен бұйрығымен «Алатау Жарық компаниясы» АҚ үшін 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 4,84 теңге/кВтсағ мөлшерінде электр энергиясын беру және бөлу бойынша қызметтерге тариф бекітілді. 2013 жылдың 1-жартыжылдығы ішіндегі іс жүзіндегі тариф – 4,84 теңге/кВтсағ бекітілген деңгейінде қалыптасты.

ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2012 жылғы 14 тамыздағы № 205-ОД бұйрығына сәйкес 2012 жылғы 1 қазаннан бастап «KEGOC» АҚ қызметтеріне тарифтер енгізілді:

- электр энергиясын беру бойынша - 1,113 теңге/кВтсағ;
- техникалық диспетчерлендіру бойынша - 0,128 теңге/кВтсағ;
- теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша - 0,041 теңге/кВтсағ.

2013 жылдың 1-жартыжылдығы ішінде **мынадай елеулі оқиғалар** өтті:

1) «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2012-2022 жылдарға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясы» бекітілді.

2) «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Жарғысы жаңа редакцияда бекітілді.

3) «Адам ресурстарын басқару: III мың жылдықтың HR-трендтері» атты VIII халықаралық конференция шеңберінде өткен «Сенім-2012» республикалық конкурсының қорытындылары бойынша, «Самұрық-Энерго» АҚ «екі астанадағы» «Ең үздік жұмыс беруші компания» номинациясында (50-ден 250 қызметкерге дейін) құрметті 3 орынды алды.

4) «ШҚ ЭТК» АҚ акцияларының 100%-ы «Самұрық-Энерго» АҚ жарғылық капиталына берілді.

2013 жылдың 1-жартыжылдығы ішінде нақты орташа тізімдік саны 17 351 бірлікті құрайды.

KEGOC Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің (бұдан әрі – ҚР БЭЖ) жүйелі операторы болып табылады. Электр энергиясын беру, электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясы өндірісі/тұтынуды теңгерімделуін ұйымдастыру бойынша және жасалған шарттардың талаптарына сәйкес іргелес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясы ағындарының шартты шамаларын қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетеді, меншік нысанына қарамастан ҚР БЭЖ объектілерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады.

KEGOC құрылымына Атқарушы дирекция, ҚР бүкіл аумағында орналасқан жүйеаралық электр желілерінің 9 филиалы, Ұлттық диспетчерлік орталық, Алматы қаласындағы өкілдік, «Энергоинформ» АҚ (100%) кіреді – қызметінің негізгі түрі ҚР БЭС ақпараттық-телекоммуникациялық кешенін сенімді жұмыс істеуін және тиімді дамуын қамтамасыз ету және «Батыс Транзит» АҚ (20%) – «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» 500 кВ электр берудің өңіраралық желісін салу бойынша қызметтер.

Қоғамның мүліктік кешеніне мыналар:

- жалпы ұзындығы 24 427,737 км-ге 35 – 1150 кВ кернеумен электр беру желілері (бұдан әрі – ЭБЖ);
- трансформаторлардың 35 535,65 МВА белгіленген қуаты 35 – 1150 кВ 76 электр кіші станциясы кіреді.

110 кВ және одан жоғары қазіргі жабдықпен жарактандырылуы ажыратқыштар үшін 48%-ды, айырғыштар үшін 49%-ды, ток трансформаторлары үшін 38 %-ды, кернеу трансформаторлары үшін 49%-ды құрайды.

KEGOC көрсетілетін мынадай қызметтер табиғи монополия саласына жатады:

- электр энергиясын беру бойынша қызметтер;
- электр энергиясын желіге жіберу және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер;
- электр энергиясын өндіру/тұтынуды теңгерімделуін ұйымдастыру бойынша қызметтер.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі 2012 жылғы 1 қазаннан бастап белгілеген Компанияның тарифтері:

- 1,113 теңге/кВтсағ (2011 жылғы қыркүйекте 0,953 теңге/кВтсағаттан 16,8%-ға өсу) мөлшерінде электр энергиясын беру бойынша;
- 0,128 теңге/кВтсағ (2011 жылдың қыркүйегінде 0,118-ден 8,5%-ға өсу) мөлшерінде диспетчерлендіру бойынша;
- 0,041 теңге/кВтсағ (2011 жылдың қыркүйегінде 0,0362-ден 28,1%-ға өсу) мөлшерінде электр энергиясын өндіру-тұтынудың теңгерімделуін ұйымдастыру бойынша.

Есепті кезеңде ағымдағы күзгі-қысқы кезеңнің басталуымен Өзбекстанның энергия жүйесі Қазақстанның БЭС-нан электр қуаты мен электр энергиясының санкцияланбаған іріктеуін жүргізді. Өзбек тарапымен өткен келіссөздердің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасынан Өзбекстан Республикасына 2013 жылдың 1-жартыжылдығына электр энергиясының жоспардан тыс көлемін жеткізуге арналған шартқа қол қойылды. Электр қуатын реттеу бойынша қызметтерді көрсетуге шарт жасау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Өңірлік бөліністе Қазақстан 3 энергетика аймағы қалыптасты:

Солтүстік аймақ Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе облыстарын және республиканың елордасы – Астана қаласын қамтиды.

Солтүстік аймақ Қазақстанның БЭС қалыптастыру орталығы болып табылады, мұнда энергия тудыратын қуаттың біраз бөлігі (78,6 %) шоғырландырылған және Қазақстанның БЭС-ын Ресейдің БЭС-мен байланыстыратын 220-500-1150 кВ дамыған электр желілері бар. Осы аймақтың энергиясы мол, электр станциялары аймағын тудыру есебінен республиканың оңтүстік өңірінің тапшылығын жабу және электр энергиясын Ресейге беру қамтамасыз етіледі.

Оңтүстік аймаққа Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары, Алматы қаласы және Байқоңыр ауданы кіреді.

Өзінің бастапқы отын-энергетика ресурстарының және тиісінше Оңтүстік өңірдің энергия теңгерімін тудыратын қуаттардың қолжетімді және жеткілікті болмауына байланысты тапшылық қалыптасуда. Сонымен, 2013 жылдың 1-жартыжылдығында электр энергиясына қажеттілік болған кезде Оңтүстік аймақ бойынша – 9,4 млрд. кВт сағ, тапшылық – 4,1 млрд. кВт сағатты құрады. Тапшылықты жабу Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзиті бойынша беру есебінен қамтамасыз етіледі. 2013 жылдың 1-жартыжылдығында Өзбекстанның электр энергиясын жоспардан тыс іріктеуі 132 млн. кВт сағ. құрайды.

Батыс аймақ, оның құрамына Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары кіреді, Қазақстанның БЭС-мен Республиканың аумағы бойынша электр байланысы жоқ.

Электр энергиясындағы өңірдің қажеттілігінің бір бөлігі Ресейдің импорты есебінен өтелуде. Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстары 220 кВ кернеумен ұзындығы бір тізбекті (шамамен 1400 км) транзит арасында өзара біріктірілген. Атырау энергия торабының Ресейдің Астрахань энергия торабымен ЛЭП-110 кВ бойынша байланысы бар. Батыс Қазақстан облысының үш ӘЖ 220 кВ бойынша Ортаңғы Волганың (Ресей) ОЭС-пен байланысы бар.

2013 жылдың 1-жартыжылдығы ішіндегі нақты орташа тізімдік саны 4 653 бірлікті құрады.

Төменде 2013 жылдың 1-жартыжылдығы ішіндегі тұтыну көлемдерімен Қоғамның ірі өнеркәсіп тұтынушылары бойынша ақпарат келтірілген:

млн. кВтсағ

ҚР ірі өнеркәсіп тұтынушыларын э/з беру	2013 жылдың 1-жартыжылдығы	2012 жылдың 1-жартыжылдығы	Ауытқу, %- бен
«Теміржолэнерго» ЖШС	1 722,41	1 731,16	- 0,5
«Қазакмыс корпорациясы» ЖШС	258,59	311,25	- 16,9
«Қазхром» ТҰК» АҚ	316,24	342,73	- 7,7
«Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ	320,50	340,80	- 6,0
«ССГПО» АҚ	579,79	610,05	- 5,0
«Қазақстанның алюминийі» АҚ	83,11	80,74	- 2,9
«Қостанай минералдары» АҚ	87,18	100,69	- 13,4
«Богатырь Көмір» ЖШС	179,22	194,76	- 8,0
«АрселорМиттал Теміртау» АҚ	665,24	723,30	- 8,0
«Теміртау электр металлургия комбинаты» АҚ	29,00	63,98	- 54,7
«ҚАЗФОСФАТ» ЖШС	1 029,54	884,50	- 16,4
«Тараз металлургия зауыты» ЖШС	54,47	152,26	- 64,2
«Қазмырыш» ЖШС	1 157,16	1 165,57	- 0,7

ҚазЭГЗИ электр энергетикасы саласындағы ғылыми және қолданбалы зерттеулер және әзірлемелер, электр энергетикасы саласын сұранысқа ие болған және бәсекеге қабілетті ғылыми әзірлемелермен қамтамасыз ету, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін тиімді коммерцияландырумен қамтамасыз ету, отандық және озық шетелдік технологиялар трансфертін енгізу, стратегиялық және жедел басқару бойынша тиімді жүйе құру жөніндегі қызметтерді көрсетеді.

2013 жылдың 1-жартыжылдығы ішіндегі нақты орташа тізімдік саны 56 бірлікті құрады.

КОРЭМ қызметінің негізгі түрлері орталықтандырылған алаңда электр энергиясының сауда-саттықтарын жүргізуге дайындығын қамтамасыз ету болып табылады, ал **Қарағандыгипрошахт** тау-кен өндірістерін жобалауды, қала құрылысы және ғимараттар мен құрылыстарды сәулеттік жобалауды, сондай-ақ көмір және тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындары үшін табиғи қорғалуын жобалау және нормалау.

2013 жылдың 1-жартыжылдығы ішінде нақты орташа тізімдік саны 38 бірлікті құрады.

Өндірістік көрсеткіштер. Сегменттің өндірістік көрсеткіштері өзгерістерінің негізгі факторлары:

Атауы	Өлшем бірлігі	1-ші жарты жылдық				Факторлар
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс %	
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн. кВтс.	14 591,5	7 599,0	6 992,5	92,02	Мыналарға байланысты: • «Т.И. Батуров атындағы Жамбыл МАЭС» АҚ генерациялайтын қуаттылықтарды жүктеуді күшейтуге; • «Мойнак ГЭС» АҚ пайдалануды бастауға; • «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС өндірісінің 2013 жылғы бірінші жарты жылдықтағы көлемін ескере отырып.
Электр энергиясын сату көлемі	млн. кВтс.	4 137,0	2 829,0	1 308,0	46,24	
Электр энергиясын беру көлемі (өңірлік электр желілері)	млн. кВтс.	6 011,0	4 219,0	1 792,0	42,47	Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде қалыптасқан біршама жоғары температура режиміне және «АлЭс» АҚ жылу энергиясы өндірісінің 494 мың Гкалға немесе 16%-ға төмендеуіне байланысты
Жылу энергиясын өндіру көлемі	мың Гкал	3 820,5	4 358,0	- 537,5	- 12,33	
Көмір өндіру көлемі	млн. тонна	19,6	20,8	- 1,2	- 5,77	қоймаларда қорларды толықтыру қажеттілігінің болмауына, сондай-ақ Екібастұз МАЭС-1 және 2 көміріне сұраныстың азаюына байланысты.

Атауы	Өлшем бірлігі	1-ші жарты жылдық				Факторлар
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс %	
Электр энергиясын беру көлемі (ұлттық электр желілері және мемлекетаралық электр ағыны)	млрд. кВтс	21,5	20,8	0,7	3,33	2012 жылғы 1-ші жарты жылдыққа Ресей Федерациясына электр энергиясының экспорты көлемінің 4 есе өсуі есебінен.
Техникалық диспетчерлеу көлемі	млрд. кВтс	42,1	41,8	0,3	0,79	Желіге техникалық диспетчерлеу өткізу және электр энергиясын тұтыну бойынша қызметтер көлемінің өсуі есебінен.
Электр энергиясын теңгерімдеу өндірісін – тұтыну көлемі	млрд. кВтс	76,8	78,4	- 1,6	- 2,02	электр энергиясын өндірісін және тұтынысты ұйымдастыру қызметтері көлемінің азаюы есебінен, электр энергиясы өндірісінің өсуіне байланысты.
SAIDI	жылына мин.	0,19	0,63	- 0,4	- 69,84	ажыраулар тәуекелдерін азайту бойынша жоспарлы іс-шараларды жақсарту нәтижесінде.
SAIFI		0,01	0,01	-	-	

Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:

Атауы	Өлшем бірлігі	1-ші жарты жылдық			
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу(+/-)	Өзгеріс, %-бен
Шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	27,74	20,95	6,80	32,45
EBITDA margin	%	27,30	20,84	6,47	31,04
ROA	%	0,8	0,8	- 0,02	- 2,01
ROE	%	1,4	1,4	- 0,02	- 1,39

Төменде жиынтық кіріс туралы есептің негізгі элементтеріне өзгерістерге түсіндіру келтіріледі.

Атауы	1-ші жарты жылдық, млрд. теңге				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс, %-бен	
Сатудан кіріс, оның ішінде	105,1	72,4	32,7	45,1	Төмендегіні қараңыз
Сатудан болған кірістер және пайыздық кірістер	105,1	72,4	32,7	45,1	Негізінен мыналарға байланысты: • көрсетілетін қызметтерге тарифтердің өсуі (4 350 млн. теңге) (KEGOC); • дистенгерімдерге өтем жасау үшін электр энергиясын сату (988 млн. теңге) (KEGOC); • «ШҚ РЭК» АҚ акцияларының 100 %-дық пакетін сатып алу (14 012 млн. теңге) (Самұрық-Энерго); • Самұрық-Энерго компаниясының қызметтеріне және тауарларына бекітілген тарифтердің өсуі (9 188 млн. теңге).
Мемлекеттік субсидиялар	0,02	0	0,02		ҚР БҒМ-дан грант және базалық қаржыландыру есебінен (ҚазЭҒЗИ)
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	77,5	57,7	19,8	34,3	Негізінен мыналарға байланысты: • инфляция деңгейіне лауазымдық жалақыны арттыру және тоқсандық сыйлық мөлшерін ұлғайту (672 млн. теңге) (KEGOC); • компанияның электр желілік активтеріне қызмет көрсетуге қызмет көрсетулер мен материалдар құнының өсуі, материалдар мен қызметтерді тұтыну шығыстары көлемінің ұлғаюы (3 545 млн. теңге) (KEGOC); • "ШҚ РЭК" АҚ тобының көрсеткіштерін қосу (6 819 млн. теңге); • тарифтердің өсуі есебінен бөгде ұйымдармен болатын шығыстар (1 639 млн. теңге); • инвестициялық бағдарламаларды іске асыруға байланысты амортизациялық аударымдардың өсуі (1 528 млн. теңге)

Атауы	1-ші жарты жылдық, млрд. теңге				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс, %-бен	
					(Самұрық-Энерго); • индекстеу есебінен жалақының өсуі (942 млн. теңге) (Самұрық-Энерго).
Жалпы әкімшілік шығыстар	8,4	7,2	1,1	15,8	Негізінен мыналарға байланысты: • жалақы бойынша шығыстардың өсуі (416 млн. теңге) (Самұрық-Энерго); • Резервтерді құру бойынша шығыстардың өсуі (876 млн. теңге) (Самұрық-Энерго); • төлем көзінен ұсталатын бейрезидентке табыс салығының, мүлік салығының өсуі (225 млн. теңге) (KEGOC).
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	0,1	0,2	0,0	- 21,4	
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	0,6	0,3	0,4	143,0	2013 жылы KEGOC 190 118 мың теңгеге ТМҚ құнсыздануы және 1 891 мың теңгеге өзге де дебиторлық берешек қалпына келтірілді. 2012 жылы 20 759 мың теңге сомаға аяқталмаған құрылыстың құнсыздануы, 167 мың теңгеге өзге де дебиторлық берешек. 43 340 мың теңгеге ТМҚ қалпына келтірілді. "АқтөбеЖЭС" АҚ бойынша есептік кезеңге (1 583 мың теңге) были восстановлены өндірістік материалдар қалпына келтірілді. 2012 жылғы 1-ші жартықта «МРЭК» АҚ ТМҚ құнсыздануы бойынша қор қалпына келтірілді (2 001 мың теңге).
Активтердің құнсыздануынан шығындар	0,1	0,0	0,1	319,8	2013 жылы KEGOC 111 150 мың теңге сомаға аяқтамаған құрылыстың және 4 839 мың теңгеге өзге де дебиторлық берешектің құнсыздануын есептеу жүргізді; 2012 жылы 504 мың теңге сомаға өзге де дебиторлық берешектің құнсыздануы есептелді.
Өзге де операциялық пайда, нетто	-2,0	0,2	-2,3	- 971,9	Негізінен, Самұрық-Энерго-ның Ирландия қор биржасында (ISE) және KACE бес жылдық еуро облигацияларын орналастыру есебінен (75 млрд. теңге).
Операциялық қызметтен болатын кіріс (шығын)	17,6	7,8	9,8	125,2	
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлес	14,5	16,0	-1,5	- 9,6	Негізінен «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-ның жаңа активтерін толық шоғырлануға қосуға (50%) байланысты, ал 2012 жылғы 1-ші жарты жылдықта осы компания үлестік кіріс төледі.
Табыс салығы бойынша шығыстар	4,4	2,9	1,5	52,1	
Токтатылған операциялардан болған пайда / (шығын)	0,05	0,0	0,05		
Таза пайда	27,7	20,9	6,8	32,5	

Сегменттің жиынтық кірісі туралы есептің негізгі баптары

Атауы	2013 жылғы 1-ші жарты жылдық			2012 жылғы 1-ші жарты жылдық			Ауытқу	Өзгеріс, %-бен
	сатудан кірістерге %-бен	Операциялық қызметке шығыстарға %-бен	млрд. теңге	сатудан кірістерге %-бен	Операциялық қызметке шығыстарға %-бен	млрд. теңге		
Сатудан болған кірістер және пайыздық кірістер	100	126	105,1	100	126	72,4	32,7	45

Атауы	2013 жылғы 1-ші жарты жылдық			2012 жылғы 1-ші жарты жылдық			Ауытқу	Өзгеріс, %-бен
	сатудан кірістерге %-бен	Операциялық қызметке шығыстарға %-бен	млрд. теңге	сатудан кірістерге %-бен	Операциялық қызметке шығыстарға %-бен	млрд. теңге		
Операциялық қызметке шығыстар	79	100	83,4	90	100	65,1	18,4	28
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	74	93	77,5	80	89	57,7	19,8	34
Жалпы кіріс	26	33	27,6	20	23	14,8	12,9	87
Жалпы әкімшілік шығыстар	8	10	8,4	10	11	7,2	1,1	16
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	0	0	0,1	0	0	0,2	- 0,0	- 21
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	1	1	0,6	0	0	0,3	0,4	143
Активтердің құнсыздануынан болатын шығындар	0	0	0,1	0	0	0,0	0,1	320
Өзге де операциялық пайда, нетто	- 2	- 2	- 2,0	0	0	0,2	- 2,3	- 972
Операциялық қызметтен болатын кірістер (шығындар)	17	21	17,6	11	12	7,8	9,8	125
Қауымдасқан компаниялардың және бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлес	14	17	14,5	22	25	16,0	- 1,5	- 10
Табыс салығы бойынша шығыстар	4	5	4,4	4	4	2,9	1,5	52
Токтатылған операциялардан пайда / (шығын)	0	0	0,1	-	-	-	0,1	
Таза пайда	26	33	27,7	29	32	20,9	6,8	32

Сегмент компаниялары өткізген шығындарды қысқарту бойынша жұмыстардың нәтижесінде операциялық қызметке жалпы шығыстардың үлесі есептік кезеңде сатудан болған кірістерде 2012 жылғы 1-ші жарты жылдықпен салыстырғанда өзіндік құнды қоса алғанда, 6-тармаққа, сондай-ақ ЖӘШ – 2-тармаққа қысқартылды.

Сегмент бойыншатаза пайдаға өзгерістер факторлары 2013 жылғы бірінші жарты жылдықта 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстығанда:

Факторлар	Өзгеріс, млрд. теңге
Таза кіріс (есептік кезең үшін 27,7 млрд. теңге; 2012 жылғы ұқсас кезең үшін 20,9 млрд. теңге)	6,8
оның ішінде:	
операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға байланысты.	6,8

Сегмент компаниясы келесі жарты жылдықта, негізінен, мынадай іс-шараларды өткізетін болады:

- KEGOC АҚ МЭС филиалдарының кіші станцияларын жаңғырту және 500 және 220 кВ жоғары вольтты желілерін салу;

- ҚР Үкіметімен бірлесіп Өзбекстан тарапынан Қазақстанның БЭЖ-ден электр энергиясы мен қуаттарды рұқсатсыз іріктеуді қысқарту бойынша жұмыс жүргізу;
- жаңа құралдардың тозуын азайту;
- айналым капиталын басқару тиімділігін арттыру.

Осы сегмент бойынша **күрделі шығындар** 2013 жылғы 1-ші жарты жылдықта **46,2 млрд. теңгені**, оның өндірістік активтер мен өзге де негізгі құралдарды жұмыс жағдайында ұстауға – 10,2 млрд. теңгені және дамытуға – 36,0 млрд. теңгені құрады.

3.5 «Телекоммуникация» сегменті: «Қазақтелеком» АҚ мен «Қазпочта» АҚ компанияларын қамтиды.

«Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі – Қазақтелеком), инфокоммуникациялық қызметтердің кең спектрін, оның ішінде тіркелген телефонияны, ұтқыр байланысты, деректер және жоғары жылдамдықты Интернет беруді, операторларға қызметтерді, ақылы теледидар қызметтерін және АТ-сервистерін беретін Қазақстан Республикасының ірі байланыс операторы. Қазақтелекомның құрылымына 3 деңгейдегі 13 компания кіреді, компанияның өңірлерде филиал желілері бар және 51% иелену үлесі бар Қор тобына кіреді.

Бірлесіп бақыланатын ұйымдарға және қауымдасқан компанияларға қатысу туралы және олардың қызметі туралы:

«АЛТЕЛ» АҚ (100%) қызметінің негізгі түрлері CDMA-800 стандартты ұтқыр байланыс және жергілікті байланыс, EVDO, LTE технологиясы бойынша ұтқыр кең жолақты қол жетімділікті (КЖҚ) қызметтерін беру болып табылады.

«ШЫҒЫСТЕЛЕКОМ» ЖШС (100%) қызметінің негізгі түрлері CDMA-450 технологиясы негізінде ауылдық елді мекендерді телефонмен және интернетпен жабдықтау болып табылады («Қазақтелеком» АҚ техникалық ресурс).

«KT Cloud Lab» (100%) қызметінің негізгі түрлері инфокоммуникациялық және VAS-қызметтер (қосылған құнмен болатын қызметтер), байланыс орталықтарының қызметтерін беру болып табылады.

«RadioTell» ЖШС (100%) қызметінің негізгі түрлері деректер беру қызметтерін беру болып табылады («Қазақтелеком» АҚ техникалық ресурс).

«Сигнум» ЖШС, Мәскеу қ. (100%) қызметінің негізгі түрлері деректер беру, Интернетке қол жеткізу қызметтерін, «Телепрезентс» бейне конференцбайланыс қызметтерін («Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп) беру болып табылады (РФ аумағындағы «Қазақтелеком» АҚ-ның техникалық торабы).

«Online.kg» ЖШС, Бішкек қ. (100%) қызметінің негізгі түрлері электр байланысы қызметтері болып табылады.

«MaxCom» ЖШС (100%) қызметінің негізгі түрлері деректер беру қызметтерін беру болып табылады («Қазақтелеком» АҚ техникалық ресурс).

«DIGITAL TV» ЖШС (100%) қызметінің негізгі түрлері телекоммуникациялық қызметтер беру (аналогтық теледидар, деректер, телефония беру) болып табылады.

«НҰРСАТ» АҚ (77,08%) қызметінің негізгі түрлері спутниктік қызметтер; телефон байланысы қызметтерін (дәстүрлі, IP-телефония); Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері болып табылады.

«Info-Net» ЖШС («НҰРСАТ» АҚ 100%) қызметінің негізгі түрлері кең жолақты сымсыз қол жетімділік қызметтері (Интернет, деректер беру) болып табылады.

«НҰРСАТ+» ЖШС («НҰРСАТ» АҚ 100%) қызметінің негізгі түрлері спутниктік байланыс арналарын ұйымдастыру (интернет, телефония, деректер беру) болып табылады.

«НҰРСАТ» ЖШС, Мәскеу қ. («НҰРСАТ» АҚ 100%) қызметінің негізгі түрлері байланыс арналарын беру бойынша қызметтер болып табылады.

КЖҚ абоненттерінің (порттардың) саны есептік кезеңде 1 308 425 портты құрады, өткен жылға қарағанда 22%-ға өсті, ол Megaline Drive, Turbo, Hit, iD Net тарифтік жоспарлары бойынша жеке тұлғалар сегментінде қызметтерді белсенді түрде алға жылжытуға байланысты.

Ұтқыр байланыс абоненттерінің саны («АЛТЕЛ» АҚ) 732 466 бірлікті құрады, ол абоненттердің адалдығының азаюынан өткен жылмен салыстырғанда 43%-ға төмен. Жаңа абоненттерді тарту және бар абоненттерді ұстау үшін ішкі желілік қоңыраулар тегін әрі GSM операторларына төмендетілген тарифі бар «Тәуліктік» және «300-ге желі ішінде» тарифтік жоспарлары әзірленіп, белсенді түрде алға бастырылуда. TM City сатуды ұлғайту үшін абоненттік төлем азайтылды, сондай-ақ ұсыныс акциялық телефондарды сатумен күшейтілді.

2013 жылғы 1-жарты жылдықта ұтқыр КЖҚ абоненттерінің саны 63 219 бірлікті немесе өткен жылға қарағанда 84%-ды құрады, ол EVDO абоненттерінің адалдығының төмендеуіне байланысты. EVDO абоненттік базасын ұстау үшін лимитсіз трафик бере отырып, акциялық ұсыныстар ұзартылды.

Бұдан басқа, LTE абоненттерінің санына GSM желісін коммерциялық қосу біршама ықпал етті, ол өз кезегінде абоненттік сегменттерді қамту толықтығын шектейді. Дауыс қызметінің пайда болуымен қамту мүмкіндігі және смартфондарды пайдаланушылардың мақсатты сегменті пайда болады.

«Табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар туралы» ҚР Заңына сәйкес Мемлекеттік табиғи монополиялар субъектілерінің тізілімінің республикалық бөлімі бекітілді, оған сәйкес табиғи монополиялар саласының қызметтеріне мына қызметтер жатады:

1. Жалпы пайдаланылатын телекоммуникациялар желісіне жергілікті деңгейде байланыс операторларын қосу;

2. Жалпы пайдаланылатын телекоммуникациялар желісіне қалааралық деңгейде IP-телефония (Интернет-телефония) операторларының жабдығын (қол жеткізу тораптары) қосу;

3. IP-телефонияның (Интернет-телефонияның) біріктірілетін операторлары жабдығынан (на) (қол жеткізу тораптары) телефон трафигінің біріктіруші байланыс операторларын өткізу.

4. Телефон кәрізін пайдалануға беру.

2013 жылғы бірінші жарты жылдықта реттелетін қызмет түрлеріне мынадай тарифтер қайта қаралды:

Әмбебап телекоммуникация қызметтері. «Әмбебап телекоммуникация қызметтеріне тарифтерді қайта теңгерімдеу жоспарын және әмбебап телекоммуникация қызметтеріне тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпарат комитетінің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы бұйрығын орындау үшін «Қазақтелеком» АҚ-ның 25.12.2012 жылғы №476 бұйрығымен:

1. Қалалық телефон байланысы (ҚТБ), ауылдық телефон байланысы (АТБ) жеке тұлғаларына арналған телефон қосу қызметтері мезгілді төлем жүйесіне ауыстырылған бір негізгі телефон аппаратына ай сайынғы абоненттік төлемі көтерілді + 20%;

2. ҚТБ, АТБ жеке практикамен айналысатын нотариустарға, адвокаттарға және жеке кәсіпкерлерге арналған телефон қосу қызметтері мезгілді төлем жүйесіне ауыстырылған бір негізгі телефон аппаратына ай сайынғы абоненттік төлемі көтерілді + 6,1%;

3. Интернет желісіне ұжымдық қол жеткізу қызметтеріне тариф 5 %-ға төмендетілді.

Басым және монопольді жағдайдағы нарық субъектілерінің тізіліміне енгізілген қызметтер.

1. 12.02.2013 жылғы № 52 "Қазақтелеком" АҚ-ның бұйрығымен ұтқыр байланыс операторлары желісіне «Қазақтелеком» АҚ желісі арқылы жергілікті деңгейде қосылған тіркелген телефон байланысының қосылған операторлар желісінен телефон трафигін (транзиттік) өткізуге есеп айырысу тарифтері қайта қаралды - тарифтердің төмендеуі орташа 25 %-ды құрады.

2. «Қазақтелеком» АҚ-ның 21.05.2013 жылғы №194 бұйрығымен кейбір халықаралық операторлардың есеп айырысу ставкаларының өзгеруіне байланысты желілері қалаларалық деңгейде және МЦҚ/ТУ деңгейінде «Қазақтелеком» АҚ желісіне қосылған ұтқыр байланыс операторларын халықаралық телефон трафигіне өткізуге «Қазақтелеком» АҚ-ның есеп айырысу тарифтері қайта қаралды.

3. "Қазақтелеком" АҚ-ның 10.12.2012 жылғы № 449 бұйрығымен Megaline Hit Optima және Megaline Light Optima тарифтік жоспары бойынша ай сайынғы төлем 10%-ға азайтылды.

Есептік кезеңде **мынадай маңызды оқиғалар** болды:

1) «Digital TV» ЖШС (100%) және «MaxCom» ЖШС (100%) жарғылық капиталдарында үлес сатып алу бойынша мәмілелерді жабу;

2) 2013 жылғы 1 ақпаннан бастап әмбебап телекоммуникация қызметтеріне тарифтерді қайта теңгерімдеудің кезекті кезеңі өткізілді. Соның салдарынан деректерді беру қызметтеріне тарифтерді азайту есебінен 20%-ға жеке тұлғалардың сегментіне абоненттік төлем ұлғайтылды.

3) Қоғам 2013 жылдың басынан бастап Ақпараттық электрондық сатып алу жүйесінде (бұдан әрі - АЭСЖ) сатып алуды жүзеге асыруға кезең-кезеңмен көшу жүзеге асырды.

Есептік кезеңде нақты онташа есептен шығару саны 29 841 бірлікті құрады.

«Қазпочта» АҚ (бұдан әрі – Қазпочта) Ұлттық почта операторы болып табылады.

Почта саласында Қазпочта хаттарды және сәлемдемелерді, жылдам әрі курьерлік почтаны, почта бойынша ақша аударымдарын жіберу, баспа басылымдарды тарату бойынша қызметтерді көрсетеді. Қаржылық-банктік қызметтер саласында Қазпочта валюта айырбастау операциялары, депозиттер, төлемдерді қабылдау, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, инкассация және ақша мен құндылықтарды тасымалдау, бағалы қағаздар нарығын брокерлік қызметтер, электрондық ақша аударымдары, трансфер-агенттік қызмет және т.б. сынды қызметтерді береді.

Агенттік қызметтер саласында екінші деңгейдегі банктер беретін тұтыну кредиттеріне қызмет көрсету белсенді түрде дамыды.

Қазпочтаның облыстарда, аудандарда және ауылдық елді мекендерде кең филиалдар желісі бар, активтер құрылымы 2 деңгейде 3 компанияны құрайды.

Қазақстан Қазпочта үлесінің өзгерісі 2013 жылы хаттарды жіберу бойынша планируется с 85,01%-дан 84,96%-ға дейін және сәлемдеме 61,05%-дан 63,42%-ға дейін, жылдам және курьерлік почта - 20,1%-дан 21,1%-ға дейін, ақшаны почтамен аудару - 6,1%-дан 6,5%-ға дейін, баспа басылымдарды тарату - 95,94%-дан 96,03%-ға дейін, ал қаржылық-банктік қызметтер көрсету бойынша - 8,8%-дан 7,9%-ға дейін жоспарланып отыр.

2013 жылғы 1-жарты жылдықта компания мынадай заңды тұлғаларға үлестерді иеленеді:

«Электронпост.kz БК» ЖШС «Қазпочта» АҚ-ның - 33,3% үлесімен «Ээсти Электронпост» (Эстония) және «Astermann LLP» (Ұлыбритания) бірлесіп 2006 жылы тіркелген. Қызмет түрлері: цифрлық баспа және айырбастау қызметтерін, сондай-ақ электрондық және төте маркетинг қызметтерін көрсету;

«Kazpost GmbH БК» ЖШС «Қазпочта» АҚ-ның - 50% үлесімен «HPO Service» (Германия) бірлесіп 2008 жылы тіркелген. Қызмет түрлері: шетелде айырбастау орны функциясын (ШАОФ) орындау және дистанциялық сатуды (ДС) дамыту.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Компания Жалпыға қол жетімді почта байланысы қызметтерін көрсету бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілді. Жалпыға қол жетімді почта байланысы қызметтері «Почта туралы» ҚР Заңына сәйкес почта жәшігінде жиналған және (немесе) операциялық терезелер арқылы қабылданған қарапайым хаттарды, почта карточкаларын және бандерольдерді жіберу бойынша почта операторының қызметтерімен қорытындыланады. Жалпыға қол жетімді почта байланысы қызметтеріне тарифтерді ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитетінің (бұдан әрі - Комитет) атынан уәкілетті мемлекеттік орган реттеп, бекітеді.

2013 жылғы бірінші жарты жылдықта Қазпочта 2013 жылға тарифтік сметаның орындалуы бойынша есепті берді, оның сапартама нәтижесінде Комитеттің 2013 жылғы 30 мамырдағы №129 бұйрығына сәйкес (26.06.2013ж. №131 бұйрыққа сәйкес өзгерістермен) 58 теңге мөлшерінде ҚР бойынша қарапайым хатты жіберу қызметтеріне өтем жасайтын тариф 2013 жылғы 1 шілдеден бастап енгізілді.

«Бәсекелестік туралы» ҚР Заңына сәйкес Компания мынадай қызметтер көрсету бөлігінде Қазақстан Республикасының географиялық шекараларында 35% астам басым үлеспен басым (монопольді) жағдайдағы нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілді:

мерзімді баспа басылымдарды (МББ) жеткізу, тарату және жіберу бойынша;

елді мекендердегі кассалық операциялар бойынша;

ҚР географиялық шекарасы шегінде тапсырысты хаттарды жіберу бойынша.

Жоғарыда көрсетілген қызметтерге тарифтер «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Комитетпен келісіледі.

2013 жылдың басында Қоғам МББ жеткізу, тарату және жіберу бойынша қызметтерге тарифтерді сәйкестендіру мақсатында жергілікті және республикалық/шетелдік маңызы бар МББ бойынша шекті тарифтердің қолданыстағы деңгейі шеңберінде 2013 жылғы 2-жарты жылдықта ұлғайтылды.

Сонымен қатар, екінші тоқсанда Қоғам 2014 жылға МББ жеткізу, тарату және жіберу бойынша қызметтерге тарифтерді қайта қарауға өтіні берілді, оның нәтижесінде Комитет уәждемелі қорытынды берді (2013 жылғы 16 шілдедегі № 24-03-14/КСИ-2432-и хат) және тарифтер ұлғайтылды.

2013 жылғы **1-жарты жылдықтағы мынадай маңызды оқиғаларды** атап өтеміз:

1) "Қазпочта" АҚ-ның 2022 жылға дейінгі даму стратегиясын бекіту

2) ішкі шаруашылық қызметті енгізу бойынша "ERP-жүйесі" бағдарламасын енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

3) 2013 жылға белгіленген күрделі қаражат жоспарын іске асыру мақсатында 3 000 млн. теңге мөлшерінде сыртқы қарыз беруді тарту;

4) Халықаралық почта жіберілімдерімен алмасу туралы келісім мен «EmiratesPost» БАӘ почта байланысы операторымен ақша аударымдары туралы келісімге қол қою;

5) «Екіжақты деңгейде мемлекеттік қызметтер беру жөніндегі халыққа қызмет көрсету орталығы» РМҚ-мен Өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы меморандум жасасу;

2013 жылғы 1-жарты жылдықтың соңындағы орташа тізімдік саны 21 980 бірлікті құрады.

Өндірістік көрсеткіштер. Сегменттің өндірістік көрсеткіштер өзгерістерінің негізгі факторлары:

Көрсеткіш	Өлше м бірлігі	1-жарты жылдық				Факторлар
		2013 жылы	2012 жылы	Ауытқу	Өзгеріс, %-бен	
Тіркелген желілер саны	мың желі	4 072	3 996	77	1,9	Тіркелген телефонияға жаңа абоненттердің қосылуына

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	1-жарты жылдық				Факторлар
		2013 жылы	2012 жылы	Ауытқу	Өзгеріс, %-бен	
						байланысты.
Абоненттер саны – Ұтқыр байланыс (Дауысты)	мың бірлік	732	1 280	- 547	- 42,8	Абоненттердің адалдығының азаюына байланысты.
КЖҚ абоненттерінің саны	мың порт	1 308	1 074	234	21,8	Megaline Drive, Turbo, Hit, iD Net тарифтік жоспарлары бойынша жеке тұлғалар сегментінде қызметтерді белсенді жалғастыруға байланысты.
Почта қызметтерінің көлемі	млн. бірлік	185	141	44	31,5	Негізінен мыналарға байланысты: • «Электронпост.kz» ЖШС-ға жіберу және дистанциялық сауда компанияларына жарнама матеиалдарын жіберу көлемінің ұлғаюынан 17%-ға жазбаша хат-хабарлар көлемінің өсуінен. • «AVON» ЖШС, «ИВ Роше Восток» ЖШҰ және «На дом торг» ЖШС-ның корпоративтік клиенттері көлемінің ұлғаюына байланысты 18%-ға сәлемдеме жіберу почтасының көлемінің өсуінен.
Қаржылық қызметтердің көлемі	млрд. теңге	422	410	12	3,0	Негізінен мыналарға байланысты: • «Береке» және «Почтовый» мерзімді депозиттеріне салым шоттарында ақша қалдығының ұлғаюына байланысты 31,8%-ға мерзімді депозиттердің өсуі; • жіберілетін жылдам ақша аударылымдарының өсуіне байланысты 16,9%-ға почталық ақша аударылымдарының өсуі.
Агенттік қызметтердің көлемі	млрд. теңге	19	13	6	48,0	37,%-ға берілген кредиттер көлемінің өсуі негізінен «Хоум Банк Кредит» АҚ кредит беру көлемінің ұлғаюына байланысты

Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:

Атауы	Өлшем бірлігі	1-жарты жылдық			
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
Шоғырланған таза пайда	млрд. теңге	10,79	214,00	- 203,21	- 94,96
EBITDA margin	%	35,37	36,23	- 0,86	- 2,37
ROA	%	0,6	11,5	- 10,95	- 94,92
ROE	%	0,9	18,5	- 17,57	- 94,95

Төменде жиынтық кіріс туралы есептің негізгі элементтерінің өзгерістеріне түсініктер келтіріледі.

Атауы	1-жарты жылдық				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс, %-бен	
Сатудан болатын кірістер	104,9	98,2	6,8	7	
Сатудан болатын кірістен және пайыздық кірістер	102,4	95,5	6,9	7	Негізінен мыналарға байланысты: • «Жеке тұлғалар» және «Жеке кәсіпкерлер» пайдаланушылар санаттарына «Megaline Optima», «Megaline Hit» және «Megaline Turbo» тарифтік жоспарлары бойынша қызметтердің белсенді түрде алға басуына байланысты деректер беру

Атауы	1-жарты жылдық				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс, %-бен	
					желісінің қызметтері көлемінің өсуі (5 913 млн.теңге). • "Электронпост" ЖШС ("Kaspi bank" АҚ) беретін көлемнің өсуіне және дистанциялық сауда (E-commerce) жөніндегі ынтымақтастықтың кеңеюіне байланысты почта қызметтері бойынша сату көлемінің өсуі (954,9 млн. теңге). • әлеуметтік төлемдер бойынша, коммуналдық және өзге де төлемдерді қабылдау бойынша, ақша аударымы бойынша кірістің өсуі, сондай-ақ халыққа қаржылық қызмет көрсету көлемінің өсуі және жаңа клиенттердің ағыны есебінен қаржылық қызметтерден кірістердің өсуі (447,3 млн. теңге).
Мемлекеттік субсидиялар	2,5	2,7	- 0,1		
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	74,9	66,9	8,0	12	Негізінен мыналарға байланысты: • жалақыны индекстеуге байланысты еңбек бойынша шығыстардың өсуі (2 369 млн. теңге); • ҰКЖ-дан НМ енгізуге және инвестициялық бағдарламаларды іске асыруға байланысты амортизациялық аударымдардың өсуі (2 677 млн. теңге); • қызметтер мен тауарларға тарифтер мен бағалардың өсуі, өзге де шығыстар бойынша жоспар артығымен орындалды (1 012 млн. теңге). • Қазпочтаның өзге де шығыстарының өсуі (1 164 млн. теңге) мына баптар бойынша шығыстардың өсуіне байланысты: іссапар шығыстары, коммуналдық қызметтерге шығыстар, почтаны тасымалдау бойынша шығыстар (көлік шығыстары), байланыс қызметтері, сондай-ақ ҚР Заңына (2012 жылғы 21 қаңтар) байланысты күзет қызметін аутсорсингке беру нәтижесінде сервистік қызмет көрсету бойынша.
Жалпы әкімшілік шығыстар	11,7	11,6	0,1	0	Негізінен, мерзімі өткен дебиторлық берешек көлемінің төмендеуіне байланысты күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв қалыптастырудан (41 млн. теңге).
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	2,1	2,0	0,1	4	
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	-	0,004	- 0,004	- 100	
Активтердің құнсыздануынан болатын шығындар	0,3	0,2	0,1	62	Қазақтелеком ТМҚ (197,2 млн. теңге), өзгелей дебиторлық берешекке (11,3 млн. теңге) және өзге ұзақ мерзімді аванстарға (4,2 млн. теңге) құнсыздану жүргізді.
Өзге операциялық пайда, нетто	- 1,3	- 2,4	1,1	- 46	
Операциялық қызметтен болатын кірістер (шығын)	14,7	15,2	- 0,5	- 3	
Табыс салығы бойынша шығыстар	3,9	3,2	0,7	24	
Тоқтатылған операциялардан болатын пайда / (шығын)	-	202,0	- 202,0	- 100	«GSM Қазақстан» ЖШС бойынша мәміле.

Атауы	1-жарты жылдық				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс, %-бен	
Таза пайда	10,8	214,0	- 203,2	- 95	

Сегменттің жиынтық кірісі туралы есептің негізгі баптары

Атауы	2013 жылғы 1-жарты жылдық			2012 жылғы 1-жарты жылдық			Ауытқу	Өзгеріс, %-бен
	сатудан болатын кірістерге %-бен	операциялық қызметтерге шығыстарға %-бен	млрд. теңге	сатудан болатын кірістерге %-бен	операциялық қызметтерге шығыстарға %-бен	млрд. теңге		
Сатудан болған кірістер және пайыздық кірістер	100	120	104,9	100	147	98,2	7	7
Операциялық қызметке шығыстар	84	100	87,7	80	100	78,3	9	12
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	71	85	74,9	68	85	66,9	8	12
Жалпы кіріс	29	34	30,0	32	40	31,3	- 1	- 4
Жалпы әкімшілік шығыстар	11	13	11,7	12	15	11,6	0	0
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	2	2	2,1	2	3	2,0	0	4
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	-	-	-	0	0	0,0	- 0	- 100
Активтердің құнсыздануынан болатын шығындар	0	0	0,3	0	0	0,2	0	62
Өзге де операциялық пайда, нетто	- 1	- 1	- 1,3	- 2	- 3	- 2,4	1	- 46
Операциялық қызметтен болатын кірістер (шығын)	14	17	14,7	15	19	15,2	- 0	- 3
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлес	-	-	-	-	-	-	-	-
Табыс салығы бойынша шығыстар	4	4	3,9	3	4	3,2	1	24
Тоқтатылған операциялардан пайда / (шығын)	-	-	-	206	258	202,0	- 202	- 100
Таза пайда	10	12	10,8	218	273	214,0	- 203	- 95

Қор тобындағы шығындарды қысқарту бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде сатудан болған кірістердегі жалпы әкімшілік шығыстардың үлесі есептік кезеңде 2012 жылғы 1-жарты жылдықпен салыстырғанда 1-тармаққа азайды. 1-жарты жылдықпен салыстырғанда есептік кезеңде таза пайданың өзгерісіне «Қазақтелеком» ААҚ-ның «GSM Қазақстан» ЖШС-ға қатысу үлесі 2012 жылы сату жағымсыз әсер етті.

2013 жылғы бірінші жарты жылдықта 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда сегмент бойынша таза пайданың өзгеріс факторлары:

Факторлар	Өзгеріс, млрд. теңге
Таза кіріс (есептік кезеңде 10,8 млрд. теңге; 2012 жылғы ұқсас кезеңде 214,0 млрд. теңге)	- 203,2
«Қазақтелеком» ААҚ-ның «GSM Қазақстан» ЖШС-ға қатысу үлесін сату нәтижесінде токтатылған қызметтен кіріс	- 201,9
өзгелер	- 1,3

Болашақта сегменткомпаниясы өз жұмысын мыналарға бағыттайды:

1) жоғары жылдамдықты кең жолақты қол жетімділік (КЖҚ) қызметтеріне өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандырулы арттыру және Қазақтелеком беретін телекоммуникациялық сервистерді кеңейту;

2) CDMA-450 сымсыз технологиясының негізінде ауылдық телекоммуникациялар желісін жылдам әрі тиімді дамыту және байланыс қызметтеріне елдің ауылдық жерлердегі тұрғындарының сұранысын қанағаттандыру;

3) шекаралас елдердің жетекші телекоммуникация операторларымен қолданыстағы түйісулерді кеңейту;

4) энергия үнемдейтін технологияларды пайдалана отырып және тоқтау беріктігі және резервілеу деңгейі жоғары мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді және желілік, есептеу жабдығы кешенін беретін Интернет Дата ОРталықтар базасында инновациялық сервистерді дамыту;

5) кешенді әріптестік бағдарламаларды әзірлеу және енгізу арқылы, оның ішінде жетекші АТ-провайдерлердің (Microsoft, IBM, SAP және HP) қатысуымен корпоративтік инфокоммуникациялық қызметтерді дамыту;

6) азық-түлік қоржынын әртараптандыру, клиенттерге жоғары сапалы қызмет көрсету және қазіргі заманғы және инновациялық өнімдерді шығару есебінен «Почта қызметтері» бейінді бизнесін кеңейту;

7) жеке қаржылық қызметтерді сатуға агенттік кірістер алудан өтуді жүзеге асыру арқылы қаржылық қызметтердің толық бизнесін қалыптастыру;

8) компанияның IT-инфрақұрылымын дамыту және сенімділік пен сапа брендин дамыту.

2013 жылғы 1-жарты жылдықта осы сегмент бойынша **күрделі шығыстар** 12,64 млрд. теңгені, оның өндірістік активтер мен өзге де негізгі құралдарды жұмыс жағдайында ұстауға – 3,27 млрд. теңгені және дамытуға – 9,37 млрд. теңгені құрады.

3.6 «Қаржы институттары мен даму институттары» сегменті: АО «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ, «ТемірБанк» АҚ компанияларын қамтиды, олар осы сегментте ірі компаниялар, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ, «Астана-Финанс» АҚ, Sekerbank T.A.S. болып табылады.

«Қазақстанның даму банкі» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Kazyna Capital Management» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ және «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ бойынша сегмент 2013 жылғы үш айға ғана деректерді көрсетеді, өйткені 2013 жылғы сәуірде осы ұйымдардың акциялар пакеті тиісті бейінді министрліктерге сенімгерлік басқаруға берілді. 2013 жылғы мамырда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – Бәйтерек) құрылғаннан кейін акциялар пакеті «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның сенімгерлік басқаруына берілді. «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығына, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі «Kazyna Capital Management» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жүз пайыздық акциялар пакеті 2013 жылғы 27 тамызда кейіннен 2013 жылғы 28 тамызда Бәйтерек жарғылық капиталына төлемге кейіннен бере отырып, республикалық меншікке берілді.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның жүз пайыздық акциялар пакетін беру ағымдағы жылғы қыркүйектің бірінші жартысында жоспарланып отыр. 2013 жылғы 1 қыркүйекте «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның акциялар пакеті Қор мен Бәйтерек арасында жасалған 2013 жылғы 29 мамырдағы шартқа сәйкес Бәйтерекке сенімгерлік басқаруға берілді.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі – Жылжымайтын мүлік қоры) «Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу жөніндегі кейбір шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы қаулысын орындауда, сондай-ақ құрылыс объектілерінде тұрғын

және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу арқылы жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыру және жылжымайтын мүлік пулымен тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы Ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру шеңберінде құрылды.

Жылжымайтын мүлік қорының құрылымына 4 компания кіреді.

Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруда мемлекетке жәрдемдесу;
- тұрғын үй құрылысына инвестиция беру;
- қызмет тиімділігін арттыру.

Есептік кезеңде мынадай **маңызды оқиғалар** болды:

1) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 18.03.2013ж. №08/13 хаттамасына сәйкес Жылжымайтын мүлік қорына мынадай жаңа қызмет бағыттары анықталды:

- «жасыл» технологиялар қолданатын тұрғын үй құрылысының девелопменті;
- индустриалдық аймақтар мен бизнес парктердің девелопменті;
- Қазақстан Республикасында және шетелде инфрақұрылымдық жобаларды салуға инвестиция беру.

2) Қызметтің жаңа бағыттарын іске асыру үшін 2013 жылғы 2-тоқсанда жаңа еншілес ұйым «СҚ Девелопмент» ЖШС құрылды;

3) ҚР Үкіметінің 31.05.2013ж. № 560 қаулысымен Жылжымайтын мүлік қорының бағдарламаларды іске асырудың кейбір параметрлері мен тетіктері бөлігінде «Қол жетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;

4) «Қол жетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасының шеңберінде жеке құрылыс салушылардың инвестициялық өтініштері бойынша құрылыс ұйымдастыру тетігі бойынша 4 инвестициялау шарты жасалды (Алматы облысында «Асыл Арман» ТК (2-кезек); Астана қаласында «Шығыс» ТК; Алматы қаласында «Қазіргі заманғы тұрғын үй кешені» ТК; Тараз қаласында «Маяковский көшесіндегі үй, 42» ТК);

5) ЖАО жер учаскелерінде жобаларды іске асыру тетігі бойынша 1 жобаны іске асыру басталды (Астана қаласында 26 және 27 көшелердің арасындағы 36 көше ауданында көп пәтерлі тұрғын үй).

6) Дағдарысқа қарсы бағдарлама шеңберінде 1 объект пайдалануға енгізілді (Алматы қаласында «Эталон» ТК).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары шеңберінде Қор 2009 жылы «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ акцияларының бақылау пакеттерін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен «Қазкоммерцбанк» АҚ-ның (бұдан әрі - ЕДБ) біршама үлесін сатып алды. Осы шаралар банктерге қосымша өтемділік беруге және олардың төлем қабілетін қамтамасыз етуге бағытталды.

ЕДБ-де мынадай маңызды оқиғаларды атап өтеміз:

1) ағымдағы жылдың басынан бастап екінші деңгейдегі банктермен (бұдан әрі – ЕДБ) мен әлеуетті инвесторлармен екінші деңгейдегі банктер капиталынан Қордың шығуы және жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - ЖЗҚ) акцияларын сатып алу бойынша жұмысқа бастамашылық жасалды;

2) Альянс Банк башылығымен Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес пұрсаттық нормативтерге келтіру бойынша қажетті шараларды жүзеге асыруды көздейтін Іс-шаралар жоспары әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының шешімімен мақұлданды.

Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:

Атауы	Өлшем бірлігі	1-жарты жылдық			
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу, (+/-)	Өзгеріс, %-бен
Шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	9,177	-625	641,6	
Ni margin	%	6,2	-427,9		
ROA	%	0,07	-4,1		
ROE	%	0,34	-28,7		

Төменде жиынтын кіріс туралы есептің негізгі элементтеріне өзгерістерге түсініктер келтірілген.

Атауы	1-ші жарты жылдық, млрд. теңге				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс %-бен	
Сатудан болатын кірістер және пайыздық кірістер	146,6	146,1	0,5	0,3	
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	86,1	126,4	-40,3	-31,9	Негізінен «БТА Банк» АҚ 40 млрд. теңгеге пайыздық шығыстарды азайту есебіне, оның ішінде 27,4 млрд. теңге мөлшерінде борыштық бағалы қағаздар бойынша, 10,2 млрд. теңге мөлшерінде клиенттердің қаражаты бойынша, 3,5 млрд. теңге мөлшерінде ҚР Үкіметі мен Ұлттық Банктің қарыздары бойынша, негізгі борышты ішінара өтеу және берешекті қайта құрылымдау және РЕПО ставкаларын кеміту салдарынан.
Жалпы әкімшілік шығыстар	34,18	37,4	-3,2	-8,7	Негізінен «БТА Банк» АҚ 5,1 млрд. теңгеге ЖӘШ азайту есебінен, оның ішінде 3,8 млрд. теңге мөлшерінде заң және консультациялық қызметтерге шығыстарды және 0,84 млрд. теңге мөлшерінде персоналға шығыстарды азайту есебінен.
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	27	68	-41	-60,3	Негізінен «Альянс Банк» АҚ-ның кредиттерді қайта құрылымдау және оларды құнсыздандыру талаптарын қайта қарау салдарынан клиенттерге берілген қарыздар бойынша 42,7 млрд. теңгеге активтердің құнсыздануын қалпына келтіруді төмендету есебінен.
Активтердің құнсыздануынан шығындар	51,4	59,2	-7,8	-13,2	«Альянс Банк» АҚ 38,2 млрд. теңгеге активтерді құнсыздандырудан шығындарды азайту және «БТА Банк» АҚ 14,9 млрд. теңгеге оларды ұлғайту есебінен, талап-арыз жұмыстарының мерзімін ұзарту, сондай-ақ мүлік нарығындағы қолайсыз талаптар нәтижесінде.
Банктік қызметтен өзге де операциялық шығыстар (шығын)	26,1	-640,3	-614,2	-95,9	Негізінен «БТА Банк» АҚ бойынша 614 млрд. теңге сомаға өзге де шығыстарды азайту есебінен (2012 жылғы 1-жарты жылдықта БТА Банк қалпына келтіруге облигациялар ұстаушылардың сенімді меншіктенушісі ретінде BNY Mellon Corporate Trustee Services Limited қалпына келтіруге облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы хабарлама алғаннан кейін 628,5 млрд. теңге мөлшерінде қалпына келтіруге облигациялар (борыштарды бірінші қайта құрылымдау шеңберінде банк шығарған) бойынша шығыстарды таныды).
Операциялық қызметтен болатын кіріс (шығын)	1,3	-622,1	623,4		2012 жылғы 1-жарты жылдықта 628 млрд. теңге сомаға «БТА Банк» АҚ бойынша номинал құны бойынша қалпына келтіруге облигацияларды танудан шығыстар берілді.
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлес	1,14	4,25	-3,11	-73,2	Негізінен акцияларды үшінші тұлғаларға беруге тыйым сала отырып, алдын ала қамақ қоюға байланысты 1,3 млрд. теңгеге «Шекербанк» АҚ-дағы кірістер үлесін азайту есебінен.
Табыс салығы бойынша шығыстар	6,4	-1,01	7,41		«БТА Банк» АҚ бойынша 8,1 млрд. теңге сомаға мерзімі өткен табыс салығының ықпалы, уақытша айырмалардың пайда болу және оларға түзетпе жасау салдары.
Тоқтатылған операциялардан болған пайда / (шығын)	-2,29	-1,69	-0,6	35,5	Бәйтерек компаниясына берілетін шығындардың өсуінің ықпалы.
Таза пайда	9,17	-625	634,3		Негізінен «БТА Банк» АҚ бойынша 614 млрд. теңге сомаға банктік қызметінен өзге де операциялық шығындарды азайту ықпал етті

Атауы	1-ші жарты жылдық, млрд. теңге				Түсініктер
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс %-бен	
					(2012 жылғы 1-жарты жылдықта БТА Банк қалпына келтіруге облигациялар ұстаушылардың сенімді меншіктенушісі ретінде BNY Mellon Corporate Trustee Services Limited қалпына келтіруге облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы хабарлама алғаннан кейін 628,5 млрд. теңге мөлшерінде қалпына келтіруге облигациялар (борыштарды бірінші қайта құрылымдау шеңберінде банк шығарған) бойынша шығыстарды таныды).

Сегменттің жиынтық кірісі туралы есептің негізгі баптары:

Атауы	2013 жылғы 1-жарты жылдық			2012 жылғы 1-жарты жылдық			Ауытқу	Өзгеріс, %-бен
	сатудан болатын кірістерге %-бен	операциялық қызметтерге шығыстарға %-бен	млрд. теңге	сатудан болатын кірістерге %-бен	операциялық қызметтерге шығыстарға %-бен	млрд. теңге		
Сатудан болатын кірістер және пайыздық кірістер	100	85,7	146,6	100	18,3	146,1	0,5	0,3
Операциялық қызметке шығыстар	116,5	100	170,9	544	100	795,4	-624,5	-78,5
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	58,7	50,3	86,1	86,5	15,8	126,4	40,3	-31,9
Жалпы кіріс	41,2	35,3	60,4	13,4	2,4	19,7	40,7	206
Жалпы әкімшілік шығыстар	23,3	20	34,18	25,5	4,7	37,4	-3,2	-8,7
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	18,4	15,8	27	46,5	8,5	68	-41	-60,3
Активтердің құнсыздануына болатын шығын	30	25,8	44,1	40,5	7,4	59,2	-15,1	-25,5
Өзге де операциялық кірістер, нетто	17,4	14,9	25,6	18,6	3,4	27,2	-1,6	-5,8
Операциялық қызметтен болатын кірістер (шығын)	0,88	0,76	1,3	-425	-78	-622	623,4	
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлес	0,77	0,66	1,14	2,9	0,53	4,25	-3,11	-73,2
Табыс салығы бойынша шығыстар	4,36	3,74	6,4	-0,69	-0,13	-1,01	7,41	
Токтатылған операциялардан болатын пайда / (шығын)	-1,5	-1,3	-2,29	-1,15	-0,21	-1,69	-0,6	35,5
Таза пайда	6,25	5,3	9,17	-427	-78,5	-625	634,3	

Өндірістік көрсеткіштер. Сегменттің өндірістік көрсеткіштері өзгерістерінің негізгі факторлары:

Атауы	Өлшем бірлігі	1-ші жарты жылдық				Факторлар
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс, %-бен	
Несие қоржынының	млрд. теңге	500,2	473,8	26,4	5,6	Өсу Банктің қолданыстағы

Атауы	Өлшем бірлігі	1-ші жарты жылдық				Факторлар
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу	Өзгеріс, %-бен	
көлемі, млрд. теңге						жобаларын қаржыландыру есебінен
Жобалар бойынша қаражатты игеру, млрд. теңге	млрд. теңге	30,2	121,1	-90,9	- 75,1	Төмендеу жобалар қатары бойынша, сондай-ақ лизингілік жобалар бойынша орындалмаған жоспарға байланысты.
Несие қоржынға қалыптастырылған провизиялар деңгейі, %	%	27	27,4	-0,4	- 1,5	Ауытқу несие қоржынының шамалы жақсартуына байланысты.
Тұрғын үй құрылыс бағдарламасының шеңберіндегі жылжымайтын мүлік пулы	мың шаршы м	322,1	0	322,1		«Қол жетімді баспана-2020» бағдарламасы 2012 жылғы шілдеде бекітілді.
Дағдарысқа қарсы бағдарлама шеңберінде сатылған жылжымайтын мүлік	%	83,0	82,1	0,9	1,1	"Caspian palace" ТК және "Бөгенбай батыр" ТК-дегі тұрғын үй-жайларды, "Батыс" ТК мен "Ақжайық" ТК-дегі коммерциялық үй-жайларды сату.
Құрылыс салушылардың қазақстандық қамтуы	%	70	74	4	-5,4	Кейбір объектілер бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары түрлерінің және кезеңдерінің өзгеруіне байланысты.
«Даму» қорының бағдарламасы есебінен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражаттың жалпы сомасы	млрд. теңге	834	745	89	11,9	Осы көрсеткіштің 2012 жылғы 1-жарты жылдықпен салыстырғанда 11,9%-ға ұлғаюы ДКБ -2020 бағдарламасы бойынша қарыз алушылардың ұлғаюына байланысты.
Қор бағдарламаларымен қамтылған СЧП жобалардың саны	бірлік	19 716	14 151	5 565	39,3	Ұлғаю ДКБ -2020 бағдарламасы бойынша қарыз алушылар үшін қол жетімді жағдайдармен қамтамасыз етуге байланысты

«Қаржы институттары мен даму институттары» сегменті бойынша 2012 жылғы 1-жарты жылдықпен салыстырғанда 634,3 млрд. теңгеге есептік кезеңде таза пайданы ұлғайтуға, негізінен, 614 млрд. теңге сомаға «БТА Банк» АҚ бойынша банктік қызметтен өзге де операциялық шығындарды азайту ықпал етті (2012 жылғы 1-жарты жылдықта 628 млрд. теңге мөлшерінде номинал құн бойынша қалпына келтіруге облигацияларды танудан шығыстар берілді).

2013 жылғы 1-жарты жылдықта 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда сегмент бойынша **таза пайданың** өзгеру факторлары:

Факторлар	Өзгеріс, млрд. теңге
Таза кіріс (есептік кезеңде 9,177 млрд. теңге; 2012 жылғы ұқсас кезеңде шығын 625,151 млрд. теңге)	634,3
«БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ және «Темірбанк» АҚ бойынша - 614,2 млрд. теңге сомаға банктік қызметінен өзге де операциялық шығындардың азаюы қалпына келтіруге облигация ұстаушылардың сенімді меншіктенушісі ретінде BNY Mellon Corporate Trustee Services Limited-тен қалпына келтіруге облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы хабарлама алғаннан кейін 628,572 миллион теңге сомаға БТА Банктің номинал құны бойынша қалпына келтіруге облигациялар бойынша 2012 жылғы 1-жарты жылдықта шығыстарды тануға байланысты.	614,2
«Даму» КДҚ» АҚ мен «БТА Банк» АҚ-ның сатудың өзіндік құнын және пайыдық шығыстарды 40,2 млрд. теңгеге төмендетуі негізгі борышты ішінара өтеу және берешекті қайта құрылымдау және РЕПО ставкасын азайту салдарынан	40,2
«БТА Банк» АҚ бойынша бағамдық айырмалардан болатын шығынды - 6,7 млрд. теңгеге азайту	6,7
клиенттерге берілген қарыздар бойынша ҚДБ, «БТА Банк» АҚ және «Альянс Банк» АҚ бойынша активтердің құнсыздануын қалпына келтіруді төмендету кредиттерді қайта құрылымдау және	-33,1

Факторлар	Өзгеріс, млрд. теңге
оларды құнсыздандыру талаптарын қайта қарау салдарынан.	
Өзгелер	6,3

«Қаржы институттары мен даму институттары» сегменті бойынша **күрделі шығындар** (инвестицияларды дамытуға жалпы шығыстар) есептік кезеңде **886,5 млн. теңгені** құрады.

3.7. «Корпоративтік орталық және жобалар» сегменті «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор), сондай-ақ **«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС, «Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС қамтиды.**

Есептік кезеңде мынадай **маңызды оқиғалар** болды:

1) Қор Қытай Мемлекеттік Даму Банкіне 288 млн. АҚШ доллары сомасында қарызды өтеді (өтеу күні 43,5 млрд. теңгеге баламалы), төленген сыйақы сомасы 7 млн. АҚШ доллары (өтеу күні 1,1 млрд. теңгеге баламалы);

2) «2012 жылғы Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыру бойынша міндеттері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен 2013 жылғы 23 қаңтардағы №01-7.1 хаттамаға сәйкес 2013 жылғы сәуірде «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрылды, оның 100% акцияларын иеленуші Үкімет болып табылады.

Осы хаттаманы іске асыруға «Kazyna Capital Management» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Қорға тиесілі иелену үлестері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға, «СҚ-Фармация» ЖШС Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің иелігіне берілді;

3) Қор бір облигацияға номинал құны 1.000 теңгеге 50 жыл облигациялардың айналым мерзімімен және жылдық 0,01% мөлшеріндегі купондық сыйақымен жалпы сомасы 255.000 миллион теңге болатын 255.000.000 купондық облигацияларды орналастырды;

4) Қор «Қазмырыш» ЖШС-ға 9,9407% қатысу үлесін иеленетін «Logic Business» ЖШС, «Logic Invest Capital» ЖШС және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС жарғылық капиталына 100% қатысу үлесін сатып алу арқылы 248,8 млрд. теңге сомасында «Қазмырыш» ЖШС-ның жарғылық капиталына 29,8221% қатысу үлесін сатып алды;

5) Қор Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 27 мамырдағы сырттай отырысының №92 шешіміне сәйкес 2013 жылғы 6 маусымда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне республикалық меншікке «Kazakhmys PLC» 58 876 793 дана жай акцияларын тегін беру жүзеге асырылды. Беру күнгі қаржылық активтердің әділ құны 44,1 млрд. теңгені құрады.

Қордың корпоративтік орталығының іс жүзіндегі орташа тізімдік саны 2013 жылғы 1-жарты жылдықта 155,5 бірлікті құрады.

«Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС (бұдан әрі – СҚ Финанс) банктік секторында Қордың мемлекеттік бағдарламалар функциясын іске асыру үшін Қордың жүз пайыз қатысуымен құрылды.

СҚ Финанстың негізгі мақсаты – қаржы ұйымдарында Қордың қаржылық активтерін тиімді басқаруға қол жеткізу, шығу стратегиясын әзірлеу және оған пайдалы талаптарды қамтамасыз ете отырып, Қордың активтерін сатуға дайындау. Мемлекет Басшысының тапсырмасына және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 наурыздағы №206 қаулысына сәйкес «БТА Банк», «Альянс Банк» және «Темірбанк» акционерлік қоғамдарының акцияларын Қор 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейін сатуы қажет, осыған байланысты СҚ Финанстың 2013 жылға арналған міндеттеріне «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ және «Темірбанк» АҚ капиталынан шығу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру кіреді.

СҚ Финанс негізгі қызмет түрлері – Қорға тікелей немесе жанама тиесілі қаржы ұйымдарына қатысу үлестерін және акцияларды басқару және сатуға дайындау жөніндегі консультациялық қызметтерді көрсету.

Іс жүзіндегі орташа тізімдік саны 2013 жылғы 1-жарты жылдықта 24 бірлікті құрады.

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС (бұдан әрі – СҚ Инвест). Серіктестіктің негізгі қызмет түрі мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыру арқылы Қордың инвестициялық қызметіне қатысу болып табылады:

- заңды тұлғалардың капиталы мен активтеріне, оның ішінде меншік қаражат және Қор қаражаты есебінен инвестиция беру;

- активтерді басқару бойынша қызметтер көрсету және инвестициялық – консультациялық қызметтер көрсету;
- жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру, оның ішінде қаржыландыру көздерін бағалау және синдицирленген жобалау қаржыландыруы;
- корпоративтік, салалық, инвестициялық, экономикалық және маркетингтік мәселелер бойынша зерттеулер жүргізу;
- инвестициялық қызметті ақпараттық және талдамалы сүйемелдеу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер;
- шикізатты терең өңдеуді қамтамасыз етуге бағытталған жобалар бойынша жеке сектордың бастамаларын қолдау, озық технологиялар мен жабдықтарды пайдалану, сондай-ақ өнім өндірісі мен қызметтер көлемінің өсу және олардың сапасын арттыру;
- жұмыс істеп тұрған инвестициялық қорлармен кооперация және жоба қатысушыларының тәуекелдерін бөлу мақсатында даму институттарының белсенділігін ынталандыру.

СК Инвесттің жалғыз акционері Қор болып табылады.

Серіктестік 2013 жылғы 1-жарты жылдық ішіндегі қызметі шеңберінде 17 жаңа инвестициялық жобаларды қарады және 2013 жылғы 1-жарты жылдықтағы жағдай бойынша Серіктестіктің жобалар қоржынында әртүрлі өнеркәсіп салаларынан, оның ішінде құрылыс, металлургия, химия, мұнай-газ, энергетика және өзге де салалардан жалпы құны \$1,5 млрд. болатын 31 жоба бар.

Есептік кезеңде мынадай **маңызды оқиғалар** болды:

1) «Светодиодтар негізінде жарық беретін приборлар өндірісін ұйымдастыру» инвестициялық жобасына («Led Systems» ЖШС-мен бірлесіп), өзінің қатысуы бойынша заң жағынан міндеттейтін құжаттарға қол қойды, ЖШС-мен бірлесіп Серіктестіктің қатысу үлесі – 1,0 млн. АҚШ доллары;

2) «Біріккен химия компаниясы» ЖШС-мен (бұдан әрі «Қатысушы») құрылтай шарт жасалды. Шарттың талаптары бойынша Серіктестік мен Қатысушы «Хим-плюс» ЖШС құрды. «Хим-плюс» ЖШС-ның жарғылық капиталы Қатысушылардың салымдарын біріктіру арқылы пайда болады. Серіктестік пен Қатысушы салымдарының мөлшері ақша түрінде тиісінше 19,8 млн. теңгені және 19 750,2 млн. теңгені құрайды, салым үлесі тиісінше 0,1%-ды және 99,9%-ды құрайды.

Құрылтай шартына сәйкес жарғылық капитал шарттарға қол қойғаннан кейін бір жыл ішінде төленуі қажет. 2013 жылғы 30 маусымда Серіктестік өзінің үлесін жарғылық капиталға енгізді және осы инвестицияны сату үшін қолда бар инвестиция ретінде көрсетті.

Іс жүзіндегі орташа тізімдік саны 59 бірлікті құрады.

«Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС (бұдан әрі – СҚ Келісімшарт). СҚ Келісімшарттың негізгі қызмет түрлері қазақстандық қамту мониторингі, Қор тобы компанияларының ашық сатып алу рәсімдерін енгізу және Қор мүдделерінде таза кіріс тарту, электрондық сатып алу жүйесін (БЭСЖ) құру және оны Қор тобына енгізу болып табылады.

Жалғыз акционері Қор болып табылады.

Есептік кезеңде СҚ Келісімшарттың теңгеріміндегі талшықты-оптикалық байланыс желісі жабдығын «Қазақтелеком» АҚ-ға беру туралы «Қазақтелеком» АҚ мен «Шығыстелеком» ЖШС-мен шарттар жасалды.

Іс жүзіндегі орташа тізімдік саны 2013 жылғы 1-жарты жылдықта 62 бірлікті құрады.

«Самұрық-Қазына Фармация» ЖШС (бұдан әрі – СҚ-Фармация) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету және тең құқықты әріптестік жағдайларында жеке және мемлекеттік секторлардың күш-жігерін біріктіру арқылы ҚР-да фармацевтік саланы дамытуға жәрдемдесу мақсатында ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 11 ақпандағы № 134 қаулысымен құрылды.

2013 жылғы сәуірде «СҚ-Фармация» ЖШС-ға қатысу үлесі ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің сенімді басқаруына берілді.

Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:

Атауы	Өлшем бірлігі	1-жарты жылдық			
		2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу, (+/-)	Өзгеріс, %-бен
Шоғырландырылған таза пайда	млн. теңге	- 8 928	168 103	-177 031	-105
EBITDA margin	%	36,4	59,4	-23	-38,7
ROA	%	-0,17	3,9	-4,07	-104,4
ROE	%	-0,24	6,3	-6,54	-103,8

Сегменттің жиынтық кірісі туралы есептің негізгі баптары

Атауы	2013 жылғы 1-жарты жылдық			2012 жылғы 1-жарты жылдық			Ауытқу	Өзгеріс, %-бен
	сатудан болатын кірістерге %-бен	операциялық қызметтерге шығыстарға %-бен	млн. теңге	сатудан болатын кірістерге %-бен	операциялық қызметтерге шығыстарға %-бен	млн. теңге		
Сатудан болған кірістер және пайыздық кірістер	100	84	131 871	100	218	246 698	-114 827	-47
Операциялық қызметке шығыстар	119	100	156 250	46	100	113 244	43 006	38
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	51	43	67 665	37	81	91 324	-23 659	-26
Жалпы кіріс	49	41	64 206	63	137	155 374	-91 168	-59
Жалпы әкімшілік шығыстар	12	10	15 876	3	7	7 752	8 124	105
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	0,4	0,3	522	0,4	0,9	1 099	-577	-53
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру			0	0,4	0,9	1 057	-1 057	-100
Активтердің құнсыздануынан болатын шығындар	55	46	72 187	5,3	11,5	13 070	59 117	452
Операциялық қызметтен болатын кірістер (шығын)			-24 379			134 511	-158 890	-118
Табыс салығы бойынша шығыстар	2,2	1,9	2 921	1,8	3,8	4 338	-1 417	-33
Токтатылған операциялардан пайда / (шығын)			-3 479			0	-3 479	
Таза пайда			-8 928			168 103	-177 031	-105

2013 жылғы бірінші жарты жылдықта 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда сегмент бойынша *таза пайданың* өзгеріс факторлары:

Факторлар	Өзгеріс, млрд. теңге
Таза шығын (2013 жылғы 1-жарты жылдықта -8,9 млрд. теңге; таза кіріс 2012 жылғы 1-жарты жылдықта 168,1 млрд. теңге)	-177,3
оның ішінде мыналарға байланысты:	
еншілес компаниялардан дивидендтердің азаюы 2012 жылғы 1-жарты жылдықта алу, оның ішінде «Қазактелеком» АҚ-дан 103,4 млрд. теңге сомаға «GSM Қазақстан» ЖШС-ға қатысу үлесін сатудан мәміле қорытындылары бойынша, сондай-ақ 15%-дан 30%-ға 2011 жылғы еншілес компаниялардың қызмет қорытындылары бойынша дивиденд есептеу нормативінің өзгерісі салдарынан.	-96,0
жалпы сомасы 55,3 млрд. теңгеге «Logic Business» ЖШС-да, «Logic Invest Capital» ЖШС-да және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС-да, тиісінше 14,8 млрд. теңге және 1,5 млрд. теңге, мөлшерінде «БТА Банк» АҚ-да, «Альянс Банк» АҚ-да инвестициялардың құнсыздануынан шығын.	-59,6
қаржылық кірістердің кемуі, негізінен қаржы инструменттеріне уақытша бос ақша орналастырудан, Қытай Мемлекеттік Даму Банкі (ҚМДБ) қаражаты есебінен берілген қарыздар бойынша комиссиялар мен кепілдіктер беруден кірістер есебінен	-16,0
«СҚ-Фармация» ЖШС-ға қатысу үлесін ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне беру.	-1,5
өзгелер	-4,2

III. Өтімділік

1. Ақша қаражатының қозғалысын талдау

млрд. теңге

Атауы	1-жарты жылдық		
	2013 жыл	2012 жыл	Ауытқу
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі	114	177	-63
Инвестициялық қызметке ақша қаражатын таза жұмасы	-935	-101	-834
Қаржы қызметіне ақша қаражатының таза түсімі / (жұмсалуды)	732	-122	854
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы / (азаяуы)	-89	-43	-46
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	1 466	1 647	-181
Кезең аяғындағы ақша қаражаты және оның баламалары	1 377	1 604	-227

Төменде 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда есептік кезеңдегі ақша қаражатының өзгеріс факторлары келтірілген.

Факторлар	Өзгеріс, млрд. теңге
Операциялық қызметтен ақша ағыны мыналардың нәтижесінде ұлғайды: - операциялық қызметті арттыру (25 млрд. теңге) - амортизацияға ақшалай емес шығыстардың (23 млрд. теңге), қаржылық шығыстардың (13 млрд. теңге), құнсызданудан шығынның өсуі (142 млрд. теңге, атап айтқанда «Logic Business» ЖШС-ға, «Logic Invest Capital» ЖШС-ға, «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС-ға, «БТА Банк» АҚ-ға, «Альянс Банк» АҚ инвестициялар, НҚ және МЕА, клиенттерге қарыздарды құнсыздандыру); - Үкімет қарыздарынан айналым капиталындағы өзгерістер (-128 млрд. теңге), сауда кредиторлық берешекті өтеу (-33 млрд. теңге), клиенттердің қаражаты бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі (-50 млрд. теңге); сауда дебиторлық берешекті өтеу (+92 млрд. теңге), өзге де міндеттемелердегі (-39 млрд. теңге) және активтердегі өзгерістер (-67 млрд. теңге); - төленген табыс салығы көлемінің ұлғаюы (-41 млрд. теңге).	-63
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағыны мыналардың нәтижесінде кеміді: 249 млрд. теңге сомаға «Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына 29,8221% қатысу үлесін сатып алу (өзгеріс -242 млрд. теңге); - қауымдасқан компанияларды сатудан түсімдердің кемуі «Қазақтелеком» ААҚ-ның «GSM Қазақстан» ЖШС-ға 49% қатысу үлесін 2012 жылғы 1-жарты жылдықты сатуынан (-226 млрд. теңге); 22 млрд. теңге сомаға қаржы активтерін сатудан түсімдердің кемуі (өзгеріс -41 млрд. теңге); - шыққан еншілес ұйымдардан ақша қаражатының кемуі (-171 млрд. теңге) «Kazyna Capital Management» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сактандыру корпорациясы» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ, «СҚ-Фармация» ЖШС-ның Қорға тиесілі иелену үлестерін «Бәтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне, ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне беруге байланысты; - бірлесіп бақыланатын және қауымдасқан компаниялардан алынатын түсімдердің азаюы (-140 млрд. теңге); - өзге де төлемдер (-14 млрд. теңге).	-834
Қаржылық қызметтен ақша ағыны мыналардың нәтижесінде ұлғайды: - қарыздар бойынша түсімдер (+609 млрд. теңге), атап айтқанда Ақбастау-Қосмұрын, Жомарт жобаларын іске асыру үшін 200 млн. АҚШ доллары (30,3 млрд. теңгеге баламалы) мөлшерінде Қытай Мемлекеттік Даму Банкінің крежит желісі шеңберінде; бұрын тартылған қарыздарды қайта қаржыландыру мақсатында 3 млрд. АҚШ долл. (454 млрд. теңгеге баламалы) сомасына Лондон Қор Биржасында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ атынан Топтың облигациялардың шығарудың орта мерзімді жаһандық ноттарын шығарудың ағымдағы бағдарламасы шеңберінде; «Қазмырыш» ЖШС жарғылық капиталына 29,8221% қатысу үлесін сатып алу үшін 255 млрд. теңге сомаға Ұлттық қордың қаражаты есебінен; - еншілес ұйымдардың миноритарлық акционерлерінің жарғылық капиталға жарналары (+26 млрд. теңге); - Акционерге және еншілес ұйымдардың миноритарлық акционерлеріне дивидендтер бойынша (+271 млрд. теңге), Акционермен операциялар бойынша (+21 млрд. теңге), еншілес ұйымдардың акцияларын өтеуге (+18 млрд. теңге) төлемдердің; жарғылық капиталға жарналардың (-2 млрд. теңге) 2012 жылы 1-жарты жылдықта кемінен; - Қарыздарды өтеу (-87 млрд. теңге), атап айтқанда Қордың Қытай Мемлекеттік Даму Банкіне 228 млн. АҚШ долл. (43,5 млрд. теңге баламалы) қарызы; - өзге де сатып алулар (-2 млрд. теңге).	854

2. Қаржылық тұрақтылықты талдау

2013 жылғы 1-жарты жылдықта Қытай Мемлекеттік Даму Банкінің кредит желісі шеңберінде Қор 200 миллион АҚШ доллары (2013 жылғы 30 маусымдағы бағам бойынша 30.330 миллион теңгеге баламалы) мөлшерінде қарыз алды. Қарыз «Kazakhmys Finance PLC» қарызын беруге арналды.

2013 жылғы 14 қаңтарда Қор Қытай Мемлекеттік Даму Банкіне 288 миллион АҚШ доллары (өтеу күні 43.462 миллион теңгеге баламалы) сомасында қарызды өтеді, төленген сыйақы сомасы 7 миллион АҚШ долларын (өтеу күні 1.056 миллион теңгеге баламалы) құрады.

2013 жылғы 30 сәуірде ҚМГ ҰК еншілес ұйымы тұлғасында Топ 10,5 миллиард АҚШ долларына дейінгі орта мерзімлі жаһандық ноттарлы шығарудың ағымдағы бағдарламасы шеңберінде бұрын тартылған қарыздарды (шығару күнгі бағам бойынша 453.720 миллион теңгеге баламалы) қайта қаржыландыру мақсатында жалпы сомасы 3 миллиард АҚШ долларына Лондон Қор Биржасына облигациялар орналастырды. 2013 жылы шығарылған облигациялар бойынша купонды төлеу 2013 жылғы 30 қазаннан бастап жарты жылдық негізінде жүргізілетін болады.

Топ еншілес ұйымының міндеттемелерін талдау кезеңінде ҚМГ ҰК 21.561 миллион теңгеге, негізінен 28.592 млн. теңге сомасына «Қарашығанақ» жобасы бойынша әріптестер (Agip Karachaganak B.V., BG Karachaganak Limited, Chevron International Petroleum, LUKOIL Overseas Karachaganak B.V.) алдындағы борышты өтеу нәтижесінде кеміді.

2012 жылғы 26 қарашада Топтың еншілес ұйымы «Локомотив» АҚ 196 бірлік локомотив сатып алуға АҚШ Экспорт-Импорт банкімен 425 миллион АҚШ доллары (жасау күні 64.064 миллион теңгеге баламалы) сомасына кредит келісімін жасасты. Кредит келісімінің талаптарына сәйкес қаражатты игеру тоғыз траншта көзделді, оның үшеуі 2013 жылғы қаңтарда 37 миллион АҚШ доллары (алған күні 5.675 миллион теңге баламалы) сомасына банктің комиссиясын ұстай отырып, жалпы сомасы 360 миллион АҚШ долларына (алған күні 54.639 миллион теңгеге баламалы) алынды.

1-кесте. Топтың шоғырландырылған борышының құрылымы және серпіні

млрд. теңгемен	2013 жылғы 1-жарты жылдық	2012 жыл	өзгеріс	%-бен
Қарыздар	4 311	4 197	114	2,7%
ҚР Үкіметінің қарыздары	778	771	7	0,9%
Жобаға қатысу үлесін сатып алуға берешек	348	340	9	2,5%
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме	48	44	4	9,7%
Клиенттердің қаражаты	740	743	-2	-0,3%
Туынды қаржылық инструменттер	0	8	-8	-95,4%
Өзгелер	0	47	-47	-100,0%
Борыштың жиыны	6 225	6 148	77	1,3%
Минус: ақша қаражаты және оның баламалары	(1 377)	(1 466)	-89	-6,0%
Таза борыштың жиыны	4 848	4 683	166	3,5%

2013 жылғы 1-жарты жылдықта борыш деңгейі болмашы ұлғайған кезде қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің біршама жақсартуы байқалады. Мәселен, Топ борышының EBITDA-ға қатынасы 2012 жылы 3,2-ден 2013 жылғы 1-жарты жылдықта 2,6-ға дейін азайды, капиталға борыштың қатынасы өзгеріссіз қалды.

2-кесте. Топтың ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштері

	2013 жылғы 1-жарты жылдық	2012 жыл
Борыш / EBITDA ⁵	2,6	3,2
Таза борыш / EBITDA	2,0	2,4
Борыш / Капитал	0,8	0,8
Таза борыш / Капитал	0,7	0,6

Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда Топтың шоғырландырылған борышы 710 млрд. теңгеге азайды және 2013 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 4 639 млрд. теңгені құрады. 2013 жылғы

⁵ EBITDA – есептік күні өткен 12 (он екі) айға салықтар, амортизация (материалдық және материалдық емес активтер) және пайыздық сыйақы бойынша шығыстарға дейінгі таза кіріс.

бірінші жарты жылдықтың қорытындылары бойынша екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, меншік капиталдың мәні 7 290 млрд. теңгені құрады.

3-кесте. Топтың (ЕДБ қоспағанда) негізгі қаржылық көрсеткіштері

<i>млрд. теңгемен</i>	2013 жылғы 1-жарты жылдық	2012	өзгеріс	в %
Борыш	4 639	5 349	-710	-13%
Таза борыш	3 321	3 973	-652	-16%
Топтың капиталы	7 290	6 993	297	4%

Топтың екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштері 2013 жылғы бірінші жарты жылдықтағы оң нәтижелерді де көрсетеді.

4-кесте. Топтың (ЕДБ қоспағанда) ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштері

	2013 жылғы 1-жарты жылдық	2012
Борыш / EBITDA	3,0	3,5
Таза борыш / EBITDA	2,1	2,6
Борыш / Капитал	0,6	0,8
Таза борыш / Капитал	0,5	0,6